10	егер "Елдің коды (csdo:UnifiedCountryCode)" деректемесі "Өтініш беруші (ctcdо:IMApplicantDetails)" деректемесінің құрамындағы "RU" мәнін қамтыса, онда "Есепке қою себебінің коды (csdo:TaxRegistrationReasonCode)" деректемесі толтырылуы мүмкін
11	егер "Өтініш беруші (ctcdо:IMApplicantDetails)" деректемесінің құрамындағы "Елдің коды (csdo:UnifiedCountryCode)" деректемесі "RU" мәнін қамтыса, онда "Есепке қою себебінің коды (csdo:TaxRegistrationReasonCode)" деректемесі толтырылмауға тиіс
12	"Пайдаланылған таңбалау кодтарының тізбесі (ctcdо:UsedIdentificationMeansListDetails)" деректемесінің құрамындағы "Қаптама агрегациясының түрі (csdo:AggregationKindCode)" деректемесі мына мәндердің 1-ін қамтуға тиіс: 0 – сәйкестендіру құралы тауарға, дара немесе тұтынушы қаптамасына қондыруға арналған; 1 – сәйкестендіру құралы топтық қаптамаға қондыруға арналған
13	егер "Тауардың ЕАЭО СЭҚ ТН бойынша коды (csdo:CommodityCode)" деректемесі "2402"-ден өзгеше мәнді қамтыса, онда "Қаптама агрегациясының түрі (csdo:AggregationKindCode)" деректемесі мына мәнді қамтуға тиіс 0 – сәйкестендіру құралы тауарға, дара немесе тұтынушы қаптамасына қондыруға арналған
14	"Сәйкестендіру құралы туралы мәліметтер (ctcdо:IdentificationMeansDetails)" деректемесінің құрамындағы "Таңбаланған тауардың мәртебесі (ctcdо:MarkedGoodsStatusDetails)", "Өңдеу нәтижесі (ctcdо:ResultDetails)", "Ақырғы күн (csdo:EndDate)", "Өнім сериясының нөмірі (csdo:ProductSeriesId)" деректемелері толтырылмауға тиіс
15	егер "Тауардың ЕАЭО СЭҚ ТН бойынша коды (csdo:CommodityCode)" деректемесі "6401", "6402", "6403", "6404", "6405" мәндерінің бірін қамтыса, онда "Сәйкестендіру құралы (ctcdо:IdentificationMeansItemDetails)" деректемесінің

	құрамындағы "Сәйкестендіру құралы түрінің коды ( ctsdo:IdentificationMeansKindCode)" деректемесі " 301" мәнін қамтуға тиіс
16	"Сәйкестендіру құралы ( ctsdo: IdentificationMeansItemDetails)" деректемесінің құрамындағы "Сәйкестендіру құралдарының бірыңғай тізбесі бойынша тіркеу нөмірі ( ctsdo: IdentificationMeansRegistryIdDetails)" деректемесі толтырылмауға тиіс
17	егер "Тауардың ЕАЭО СЭҚ ТН бойынша коды ( ctsdo :CommodityCode)" деректемесі "6401", "6402", "6403 ", "6404", "6405" мәндерінің бірін қамтыса, онда " Сәйкестендіру құралы ( ctsdo: IdentificationMeansItemDetails)" деректемесінің құрамында "Сәйкестендіру құралы деректерінің элементі ( ctsdo:IdentificationMeansDataUnitDetails)" деректемесінің 2 данасы қалыптастырылуға тиіс
18	егер "Тауардың ЕАЭО СЭҚ ТН бойынша коды ( ctsdo :CommodityCode)" деректемесі "6401", "6402", "6403 ", "6404", "6405" мәндерінің бірін қамтыса, онда " Сәйкестендіру құралы деректерінің элементі ( ctsdo: IdentificationMeansDataUnitDetails)" деректемесінің бірінші данасында "Қолдану сәйкестендіргіші ( ctsdo :APIId)" деректемесі "01" мәнін қамтуға тиіс, " Сәйкестендіру құралының деректері элементінің символдық мәні ( ctsdo: IdentificationMeansUnitCharacterValueId)" деректемесі сауда бірлігінің жаһандық сәйкестендіру нөмірінің (GTIN) мәнін қамтуға тиіс
19	егер "Тауардың ЕАЭО СЭҚ ТН бойынша коды ( ctsdo :CommodityCode)" деректемесі "6401", "6402", "6403 ", "6404", "6405" мәндерінің бірін қамтыса, онда " Сәйкестендіру құралы деректерінің элементі ( ctsdo: IdentificationMeansDataUnitDetails)" деректемесінің бірінші данасында "Қолдану сәйкестендіргіші ( ctsdo :APIId)" деректемесі "21" мәнін қамтуға тиіс, " Сәйкестендіру құралының деректері элементінің символдық мәні ( ctsdo: IdentificationMeansUnitCharacterValueId)" деректемесі қаптаманың дара сериялық нөмірінің мәнін (SN) қамтуға тиіс

51. "Таңбалау кодтарын пайдалану туралы ақпаратты өңдеу нәтижесі туралы хабарлама" (P.LS.03.MSG.034) хабарында берілетін "Өңдеу нәтижесі туралы хабарлама" (R.006) электрондық құжаттарының (мәліметтерінің) деректемелерін толтыруға қойылатын талаптар 40-кестеде келтірілген.

40-кесте

**"Таңбалау кодтарын пайдалану туралы ақпаратты өңдеу нәтижесі туралы хабарлама" (P.LS .03.MSG.034) хабарында берілетін "Өңдеу нәтижесі туралы хабарлама" (R.006) электрондық құжаттарының (мәліметтерінің) деректемелерін толтыруға қойылатын талаптар**

Талап коды	Талап тұжырымдамасы
1	"Электрондық құжаттың (мәліметтердің) тақырыбы (csdo:EDocHeader)" деректемесінің құрамындағы "Бастапқы электрондық құжаттың (мәліметтердің) сәйкестендіргіші (csdo:EDocRefId)" деректемесі толтырылуға тиіс және "Таңбалау кодтарын пайдалану туралы ақпарат беру" (P.LS.03.TRN.020) транзакциясының бір данасы шеңберінде "Таңбалау кодтарын пайдалану туралы ақпаратта" (P.LS.03.MSG.034) берілетін "Таңбалау кодтарын пайдалану туралы мәліметтерде" ((R.CT.LS.03.019) көрсетілген "Электрондық құжаттың (мәліметтердің) сәйкестендіргіші (csdo:EDocId)" деректемесінің мәнін қамтуға тиіс
2	егер таңбалау кодтарының пайдаланылуы туралы мәліметтер сәтті өңделсе, онда "Өңдеу нәтижесінің коды(csdo:ProcessingResultV2Code)" деректемесі "6" – мәліметтер өңделді мәнін қамтуға тиіс. Бұл ретте "Сипаттамасы (csdo:DescriptionText)" деректемесі толтырылмауға тиіс
3	егер таңбалау кодтарының пайдаланылуы туралы мәліметтер өңделмесе, онда "Өңдеу нәтижесінің коды(csdo:ProcessingResultV2Code)" деректемесі "7" – мәліметтер өңделмейді мәнін қамтуға тиіс. Бұл ретте "Сипаттамасы (csdo:DescriptionText)" деректемесі толтырылуға тиіс

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2019 жылғы 26 қарашадағы  
№ 205 шешімімен  
БЕКІТІЛГЕН

**Сәйкестендіру құралдарымен таңбалауға жататын және "Табиғи теріден жасалған киім заттары, киімнің керек-жарақтары және өзге де бұйымдар" тауар позициясында сыныпталатын тауарлардан ерекшеленетін тауарлар туралы мәліметтермен алмасуға қатысты бөлігінде "Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында өндірілген немесе оған әкелінген, сәйкестендіру құралдарымен таңбалауға жататын тауарлар, оның ішінде олардың Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағындағы трансшекаралық айналымы кезінде осындай тауарлар туралы мәліметтермен алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссияның арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл РЕГЛАМЕНТІ**

## **I. Жалпы ережелер**

1. Осы Регламент Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) құқығына кіретін мына актілерге сәйкес әзірленді:

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт;

2018 жылғы 2 ақпандағы Еуразиялық экономикалық одақта тауарларды сәйкестендіру құралдарымен таңбалау туралы келісім (бұдан әрі – Келісім);

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің "Аяқ киім тауарларын сәйкестендіру құралдарымен таңбалауды енгізу туралы" 2019 жылғы 8 тамыздағы № 72 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Жалпы процестерді сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы" 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестер тізбесі және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 19 тамыздағы № 132 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үндестіру және сипаттау әдістемесі туралы" 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының өзара және Еуразиялық экономикалық комиссиямен трансшекаралық өзара іс-қимыл жасауы кезінде электрондық құжаттармен алмасуы туралы ережені бекіту туралы" 2015 жылғы 28 қыркүйектегі № 125 шешімі.

## **II. Қолданылу саласы**

2. Осы Регламент жалпы процеске қатысушылардың "Сәйкестендіру құралдарымен таңбалауға жататын және "Табиғи теріден жасалған киім заттары, киімнің керек-жарақтары және өзге де бұйымдар" тауар позициясында сыныпталатын тауарлардан ерекшеленетін тауарлар туралы мәліметтермен алмасуға қатысты бөлігінде "Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында өндірілген немесе оған әкелінген, сәйкестендіру құралдарымен таңбалауға жататын тауарлар, оның ішінде олардың Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағындағы трансшекаралық айналымы кезінде осындай тауарлар туралы мәліметтермен алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесінің (бұдан әрі – жалпы процесс) транзакцияларын орындау тәртібі мен шарттарын, сондай-ақ оларды орындау кезіндегі өз рөлін бірдей түсінуін қамтамасыз ету мақсатында әзірленген.

Осы Регламент сәйкестендіру құралдарымен таңбалауға жататын және "Табиғи теріден жасалған киім заттары, киімнің керек-жарақтары және өзге де бұйымдар" тауар позициясында сыныпталатын тауарлар туралы мәліметтермен алмасуға байланысты ақпараттық өзара іс-қимыл кезінде қолданылмайды.

3. Осы Регламент жалпы процеске қатысушылардың арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылды іске асыруға тікелей бағытталған жалпы процестің операцияларын орындаудың тәртібі мен шарттарына қойылатын талаптарды айқындайды.

4. Осы Регламентті жалпы процеске қатысушылар жалпы процесс шеңберіндегі рәсімдер мен операциялардың орындалу тәртібін бақылау кезінде, сондай-ақ осы жалпы процесті іске асыруды қамтамасыз ететін тауарларды таңбалаудың ақпараттық жүйесінің ұлттық компоненттерін жобалау, әзірлеу және пысықтау кезінде қолданады.

### **III. Негізгі ұғымдар**

5. Осы Регламенттің мақсаттары үшін төмендегілерді білдіретін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

"электрондық құжаттың (мәліметтердің) деректемесі" – белгілі бір тұрғыда бөлінбейтін болып есептелетін электрондық құжаттың (мәліметтердің) деректерінің бірлігі;

"жалпы процесс ақпараттық объектісінің жай-күйі" – жалпы процестің рәсімдерін орындаудың белгілі бір кезеңінде жалпы процесс операцияларын орындау кезінде өзгертін жалпы процестің ақпараттық объектісін сипаттайтын қасиет;

Осы Регламентте пайдаланылатын "бастамашы", "бастамашылық операция", "қабылдаушы операция", "респондент", "жалпы процесс хабары" және "жалпы процестің транзакцияс" деген ұғымдар Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үндестіру және сипаттау әдістемесінде айқындалған мәндерде қолданылады.

Осы Регламентте пайдаланылатын өзге де ұғымдар Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 26 қарашадағы № 205 шешімімен бекітілген "Сәйкестендіру құралдарымен таңбалауға жататын және "Табиғи теріден жасалған киім заттары, киімнің керек-жарақтары және өзге де бұйымдар" тауар позициясында сыныпталатын тауарлардан ерекшеленетін тауарлар туралы мәліметтермен алмасуға қатысты бөлігінде "Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында өндірілген немесе оған әкелінген, сәйкестендіру құралдарымен таңбалауға жататын тауарлар, оның ішінде олардың Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағындағы трансшекаралық айналымы кезінде осындай тауарлар туралы мәліметтермен алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл қағидаларының" (бұдан әрі – Ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары) 4-тармағында айқындалған мәндерде қолданылады.

### **IV. Жалпы процесс шеңберіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл туралы негізгі мәліметтер**

## 1. Ақпараттық өзара іс-қимылға қатысушылар

6. Жалпы процесс шеңберіндегі ақпараттық өзара іс-қимылға қатысушылар рөлдерінің тізбесі 1-кестеде келтірілген.

1-кесте

### Ақпараттық өзара іс-қимылға қатысушылар рөлдерінің тізбесі

Рөлдің атауы	Рөлдің сипаттамасы	Рөлді орындайтын қатысушы
1	2	3
Ақпарат алушы	Келісімнің орындалуына мониторингті және бақылауды жүзеге асыру мақсатында таңбаланған тауарлар мен олардың сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтер сұратуды, алуды және өңдеуді жүзеге асырады; мәліметтерді мүдделі тұлғаларға одан әрі беру мақсатында таңбаланған тауар және сәйкестендіру құралы туралы осындай мәліметтерді сұратуды, алуды және өңдеуді жүзеге асырады	Еуразиялық экономикалық комиссия (P.ACT.001)
Ақпаратты жөнелтуші	Еуразиялық экономикалық комиссияның сұрау салуы бойынша таңбаланған тауарлар мен оларды сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтер қалыптастыруды және беруді жүзеге асырады	Одаққа мүше мемлекеттің мәмілеттерді беретін уәкілетті органы (P.LS.03.ACT.005)


## 2. Ақпараттық өзара іс-қимылдың құрылымы

7. Жалпы процесс шеңберіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл жалпы процестің рәсімдеріне сәйкес Одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссияның (бұдан әрі тиісінше – мүше мемлекеттің уәкілетті органы, Комиссия) арасында жүзеге асырылады:

Келісімнің орындалуын мониторингтеу және бақылау мақсатында таңбаланған тауарлар мен олардың сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтерді Комиссияның алуы кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл;

таңбаланған тауарлар мен олардың сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтерді мүдделі тұлғаға беру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл.

Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссияның арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылдың құрылымы 1-суретте көрсетілген.



1-сурет. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссияның арасындағы өзара іс-қимылдың құрылымы

8. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссияның арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл жалпы процесс шеңберінде іске асырылады. Жалпы процестің құрылымы Ақпараттық өзара іс-қимыл қағидаларында айқындалған.

9. Ақпараттық өзара іс-қимыл жалпы процестің транзакцияларын орындау тәртібін айқындайды, олардың әрқайсысы жалпы процеске қатысушылардың арасындағы жалпы процестің ақпараттық объектісінің жай-күйін үндестіру мақсатында хабарлармен алмасуды білдіреді. Әрбір ақпараттық өзара іс-қимыл үшін операциялардың және осындай операцияларға сәйкес келетін жалпы процесс транзакцияларының арасындағы өзара байланыстар айқындалған.

10. Бастамашы жалпы процестің транзакцияларын орындау кезінде өзі жүзеге асыратын операцияның (бастамашылық операцияның) шеңберінде респондентке сұрау салу-хабарын жібереді, респондент оған жауап ретінде өзі жүзеге асыратын операцияның (қабылдаушы операцияның) шеңберінде жалпы процесс транзакциясының шаблонна қарай жауап-хабар жіберуі немесе жібермеуі мүмкін. Хабардың құрамындағы деректердің құрылымы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 26 қарашадағы № 205 шешімімен бекітілген "Сәйкестендіру құралдарымен таңбалауға жататын және "Табиғи теріден жасалған киім заттары, киімнің керек-жарақтары және өзге де бұйымдар" тауар позициясында сыныпталатын тауарлардан ерекшеленетін тауарлар туралы мәліметтермен алмасуға қатысты бөлігінде "Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында өндірілген немесе оған әкелінген, сәйкестендіру құралдарымен таңбалауға жататын тауарлар, оның ішінде олардың Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағындағы трансшекаралық айналымы кезінде осындай тауарлар туралы мәліметтермен алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың




интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына" сәйкес келуге тиіс.

11. Жалпы процестің транзакциялары осы Регламентте айқындалғандай, жалпы процесс транзакцияларының берілген параметрлеріне сәйкес орындалады.

## V. Рәсімдер топтарының шеңберіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл

### 1. Келісімнің орындалуын мониторингтеу және бақылау мақсатында таңбаланған тауарлар мен олардың сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтерді Комиссияның алуы кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл

12. Келісімнің орындалуын мониторингтеу және бақылау мақсатында таңбаланған тауарлар мен олардың сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтерді Комиссияның алуы кезінде жалпы процесс транзакцияларын орындау схемасы 2-суретте көрсетілген. 2-кестеде жалпы процестің әрбір рәсімі үшін операциялардың, жалпы процестің ақпараттық объектілерінің аралық және нәтижелік жай-күйінің және жалпы процесс транзакцияларының арасындағы байланыс келтірілген.



2-сурет. Келісімнің орындалуын мониторингтеу және бақылау мақсатында таңбаланған тауарлар мен олардың сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтерді Комиссияның алуы кезінде жалпы процесс транзакцияларын орындау схемасы

2-кесте


**Келісімнің орындалуын мониторингтеу және бақылау мақсатында таңбаланған тауарлар мен олардың сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтерді Комиссияның алуы кезіндегі жалпы процесс транзакцияларының тізбесі**

				Жалпы процесс ақпараттық
--	--	--	--	--------------------------

Р/с №	Бастамашы орындайтын операция	Жалпы процесс ақпараттық объектісінің аралық жай-күйі	Респондент орындайтын операция	объектісінің нәтижелік жай-күйі	Жалпы процесс транзакциясы
1	2	3	4	5	6
1	Келісімнің орындалуын мониторингтеу және бақылау мақсатында таңбаланған тауарлар мен олардың сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтерді Комиссияның алуы (P.LS.03.PRC.020)				
1.1	Таңбаланған тауарлар мен олардың сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтер сұрату (P.LS.03.OPR.067); сұрау салу бойынша таңбаланған тауарлар мен олардың сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтер алу (P.LS.03.OPR.069)	таңбаланған тауарлардың айналымы туралы мәліметтер (P.LS.03.BEN.003); мәліметтер сұратылды	сұрау салуды өңдеу және таңбаланған тауарлар мен олардың сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтер беру (P.LS.03.OPR.068)	таңбаланған тауарлардың айналымы туралы мәліметтер (P.LS.03.BEN.003); мәліметтер берілді; таңбаланған тауарлардың айналымы туралы мәліметтер (P.LS.03.BEN.003); мәліметтер жоқ	таңбаланған тауарлар мен олардың сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтер алу (P.LS.03.TRN.021)

## 2. Таңбаланған тауарлар мен сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтерді мүдделі тұлғаға беру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл

13. Таңбаланған тауарлар мен сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтерді мүдделі тұлғаға беру кезінде жалпы процесс транзакцияларын орындау схемасы 3-суретте көрсетілген. 3-кестеде жалпы процестің әрбір рәсімі үшін операциялардың, жалпы процестің ақпараттық объектілерінің аралық және нәтижелік жай-күйінің және жалпы процесс транзакцияларының арасындағы байланыс келтірілген.



3-сурет. Таңбаланған тауарлар мен сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтерді мүдделі тұлғаға беру кезінде жалпы процесс транзакцияларын орындау схемасы  
3-кесте

**Мүдделі тұлғаға таңбаланған тауар мен сәйкестендіру құралы туралы мәліметтер беру кезіндегі жалпы процесс транзакцияларының тізбесі**

P/c №	Бастамашы орындайтын операция	Жалпы процесс ақпараттық объектісінің аралық жай-күйі	Респондент орындайтын операция	Жалпы процесс ақпараттық объектісінің нәтижелік жай-күйі	Жалпы процесс транзакциясы
1	2	3	4	5	6
1	Тауарларды таңбалаудың ақпараттық жүйесі интеграциялық компонентінің ақпараттық сервистері арқылы таңбаланған тауар мен сәйкестендіру құралы туралы мәліметтер беру (P.LS.03.PRC.021)				
1.1	Мүдделі тұлғаға беру үшін ақпараттық сервистер арқылы таңбаланған тауар мен сәйкестендіру құралы туралы мәліметтер сұрату (P.LS.03.OPR.071); ақпараттық сервистер арқылы мүдделі тұлғаға беру үшін	таңбаланған тауар туралы мәліметтер (P.LS.03.BEN.004); мәліметтер сұратылды	Комиссияның сұрау салуы бойынша таңбаланған тауар мен сәйкестендіру құралы туралы мәліметтер беру (P.LS.03.OPR.072)	таңбаланған тауар туралы мәліметтер (P.LS.03.BEN.004); сұрау салуға жауап алынды	сұрау салу бойынша таңбаланған тауар мен сәйкестендіру құралы туралы мәліметтер беру

таңбаланған тауар мен сәйкестендіру құралы туралы мәліметтерді өңдеу және беру (P.LS.03.OPR.073)			(P.LS.03.TRN.022)
--	--	--	-------------------

## VI. Жалпы процесс хабарларының сипаттамасы

15. Жалпы процесті іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл шеңберінде берілетін жалпы процесс хабарларының тізбесі 4-кестеде келтірілген. Хабар құрамындағы деректердің құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс. Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасындағы тиісті құрылымға сілтеме 4-кестенің 3-бағанының мәні бойынша белгіленеді.

4-кесте

### Жалпы процесс хабарларының тізбесі


Кодтық белгіленуі	Атауы	Электрондық құжаттың (мәліметтердің) құрылымы
1	2	3
P.LS.03.MSG.035	Келісімнің орындалуын мониторингтеу және бақылау мақсатында таңбаланған тауарлар мен олардың сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтерді сұрату	Комиссияның таңбаланған тауар туралы мәліметтерді сұратуы (R.CT.LS.03.003)
P.LS.03.MSG.036	таңбаланған тауарлар мен сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтер	таңбаланған тауардың, сәйкестендіру құралдарының айналымы туралы Комиссияға берілетін мәліметтер (R.CT.LS.03.013)
P.LS.03.MSG.037	таңбаланған тауарлар мен сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтерге сұрау салуды өңдеу нәтижелері туралы хабарлама	өңдеу нәтижесі туралы хабарлама (R.006)
P.LS.03.MSG.038	тауарларды таңбалау жүйесінің ұлттық компонентінде таңбаланған тауар мен оның сәйкестендіру құралы туралы мәліметтерді сұрату	сәйкестендіру құралдарының тізбесі (R.CT.LS.03.010)

P.LS.03.MSG.039	таңбаланған тауар мен оның сәйкестендіру құралы туралы мәліметтерге сұрау салуды өңдеу нәтижелері туралы хабарлама	сәйкестендіру құралдарымен таңбаланған тауарлар туралы мәліметтер (R.CT.LS.03.011); аяқ киім тауарларының тәптіштелген сипаттамасы (R.CT.LS.03.015)
-----------------	--	---

## VII. Жалпы процесс транзакцияларының сипаттамасы

### 1. "Таңбаланған тауарлар мен олардың сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтер алу" жалпы процесінің (P.LS.03.TRN.021) транзакциясы

16. "Таңбаланған тауарлар мен олардың сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтер алу" жалпы процесінің (P.LS.03.TRN.021) транзакциясы респонденттің бастамашыға тиісті мәліметтерді беруі үшін орындалады. Жалпы процестің көрсетілген транзакциясын орындау схемасы 4-суретте көрсетілген. Жалпы процесс транзакциясының параметрлері 5-кестеде келтірілген.



4-сурет. "Таңбаланған тауарлар мен олардың сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтер алу" (P.LS.03.TRN.021) жалпы процесінің транзакциясын орындау схемасы 5-кесте


"Таңбаланған тауарлар мен олардың сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтер алу" (P.LS.03.TRN.021) жалпы процесі транзакциясының сипаттамасы

<b>Р/с №</b>	<b>Міндетті элемент</b>	<b>Сипаттамасы</b>
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.LS.03.TRN.021
2	Жалпы процесс транзакциясының атауы	таңбаланған тауарлар мен олардың сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтер алу
3	Жалпы процесс транзакциясының шаблону	сұрау салу/жауап
4	Бастамашылық рөл	бастамашы
5	Бастамашылық операция	таңбаланған тауарлар мен олардың сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтер сұрату
6	Ден қоюшылық рөл	респондент
7	Қабылдаушы операция	сұрау салуды өңдеу және таңбаланған тауарлар мен олардың сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтер беру
8	Жалпы процесс транзакциясының орындалу нәтижесі	таңбаланған тауарлардың айналымы туралы мәліметтер (P.LS.03.BEN.003): мәліметтер берілді таңбаланған тауарлардың айналымы туралы мәліметтер (P.LS.03.BEN.003): мәліметтер жоқ
9	Жалпы процесс транзакциясының параметрлері:	
	алынғанын растау уақыты	10 мин
	өңдеуге қабылданғанын растау уақыты	10 мин
	жауап күту уақыты	30 мин
	авторлау белгісі	иә
	қайталаулар саны	3 рет
10	Жалпы процесс транзакциясының хабары:	
	бастамашылық хабар	Келісімнің орындалуын мониторингтеу және бақылау мақсатында таңбаланған тауарлар мен олардың сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтерді сұрату (P.LS.03.MSG.035)
	жауап хабар	таңбаланған тауарлар мен сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтер (P.LS.03.MSG.036) таңбаланған тауарлар мен сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтерге сұрау салуды өңдеу нәтижелері туралы хабарлама (P.LS.03.MSG.037)

11	Жалпы процесс транзакциясы хабарларының параметрлері:	
	ЭЦҚ белгісі	жоқ
	кате ЭЦҚ бар электрондық құжатты беру	–

## 2. "Сұрау салу бойынша таңбаланған тауар мен сәйкестендіру құралы туралы мәліметтер беру" (P.LS.03.TRN.022) жалпы процесінің транзакциясы

16. "Сұрау салу бойынша таңбаланған тауар мен сәйкестендіру құралы туралы мәліметтер беру" (P.LS.03.TRN.022) жалпы процесінің транзакциясы тауарларды таңбалаудың ақпараттық жүйесі интеграциялық компонентінің ақпараттық сервистері арқылы мүдделі тұлғадан таңбаланған тауар мен сәйкестендіру құралы туралы мәліметтерге сұрау салу алу кезінде бастамашының респонденттен тиісті мәліметтер алуы үшін орындалады. Жалпы процесінің көрсетілген транзакциясын орындау схемасы 5-суретте ұсынылған. Жалпы процесс транзакциясының параметрлері 6-кестеде келтірілген.



5-сурет. "Сұрау салу бойынша таңбаланған тауар мен сәйкестендіру құралы туралы мәліметтер беру" (P.LS.03.TRN.022) жалпы процесінің транзакциясын орындау схемасы

6-кесте

"Сұрау салу бойынша таңбаланған тауар мен сәйкестендіру құралы туралы мәліметтер беру" (P.LS.03.TRN.022) жалпы процесі транзакциясының сипаттамасы

Р/с №	Міндетті элемент	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.LS.03.TRN.022
2	Жалпы процесс транзакциясының атауы	сұрау салу бойынша таңбаланған тауар мен сәйкестендіру құралы туралы мәліметтер беру
3	Жалпы процесс транзакциясының шаблону	сұрау салу/жауап
4	Бастамашылық рөл	бастамашы
5	Бастамашылық операция	ақпараттық сервистер арқылы мүдделі тұлғаға беру үшін таңбаланған тауар мен сәйкестендіру құралы туралы мәліметтер сұрату
6	Ден қоюшылық рөл	респондент
7	Қабылдаушы операция	Комиссияның сұрау салуы бойынша таңбаланған тауар мен оның сәйкестендіру құралы туралы мәліметтер беру
8	Жалпы процесс транзакциясының орындалу нәтижесі	таңбаланған тауар туралы мәліметтер (P.LS.03.BEN.004): сұрау салуға жауап алынды
9	Жалпы процесс транзакциясының параметрлері:	
	алынғанын растау уақыты	1 мин
	өңдеуге қабылданғанын растау уақыты	1 мин
	жауап күту уақыты	5 мин
	авторлау белгісі	иә
	қайталаулар саны	1 рет
10	Жалпы процесс транзакциясының хабары:	
	бастамашылық хабар	тауарларды таңбалау жүйесінің ұлттық компонентінен таңбаланған тауар мен оның сәйкестендіру құралы туралы мәліметтер сұрату (P.LS.03.MSG.038)
	жауап хабар	таңбаланған тауар мен оның сәйкестендіру құралы туралы мәліметтерге сұрау салуды өңдеу нәтижелері туралы хабарлама (P.LS.03.MSG.039)
11	Жалпы процесс транзакциясы хабарларының параметрлері:	
	ЭЦҚ белгісі	жоқ



## VIII. Тосын жағдайларда әрекет ету тәртібі

17. Жалпы процесс шеңберіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл кезінде деректерді өңдеуді әдеттегі режимде жүргізу мүмкіндігі болмайтын тосын жағдайлар болуы ықтимал. Тосын жағдайлар техникалық іркілістер, күту уақытының өтіп кетуі және өзге де жағдайларда туындайды. Жалпы процеске қатысушының тосын жағдайдың туындауы себептері туралы түсініктер және оны шешу бойынша ұсынымдар алуы үшін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің қолдау қызметіне тиісті сұрау салу жіберу мүмкіндігі көзделген. Тосын жағдайды шешу жөніндегі жалпы ұсынымдар 7-кестеде келтірілген.

18. Мүше мемлекеттің уәкілетті органы қате туралы хабарлама алынған хабарға оның Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына және осы Регламенттің IX бөлімінде көрсетілген электрондық құжаттар мен мәліметтерді толтыруға қойылатын талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізеді. Егер көрсетілген талаптарға сәйкессіздік анықталған жағдайда мүше мемлекеттің уәкілетті органы анықталған қатені жою үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды. Егер сәйкессіздіктер анықталмаған жағдайда, мүше мемлекеттің уәкілетті органы осы тосын жағдайды сипаттай отырып, сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің қолдау қызметіне хабар жібереді.

7-кесте

### Тосын жағдайлардағы әрекеттер

Тосын жағдайдың коды	Тосын жағдайдың сипаттамасы	Тосын жағдайдың себептері	Тосын жағдай туындаған кездегі әрекеттердің сипаттамасы
1	2	3	4
P.EXC.002	жалпы процестің екі жақты транзакциясының бастамашысы келісілген қайталаулар саны өткеннен кейін жауап-хабар алмады	көлік жүйесіндегі техникалық іркілістер немесе бағдарламалық қамтамасыз етудің жүйелік қатесі	хабар қалыптастырылған ұлттық сегменттің техникалық қолдау қызметіне сұрау салу жіберу қажет
			жалпы процесс транзакциясының бастамашысы пайдаланымдағы анықтамалықтар мен сыныптағыштарды үндестіруі немесе электрондық

P.EXC.004	жалпы процесс транзакциясының бастамашысы қате туралы хабарлама алды	анықтамалықтар және сыныптағыштар үндестірілмеді немесе электрондық құжаттардың (мәліметтердің) XML-схемалары жаңартылмады	құжаттардың (мәліметтердің) XML-схемаларын жаңартуы қажет. Егер (анықтамалықтар мен сыныптағыштар үндестірілсе, электрондық құжаттардың (мәліметтердің) XML-схемалары жаңартылса, қабылдайтын қатысушының қолдау қызметіне сұрау салу жіберу қажет
-----------	--	--	--

## IX. Электрондық құжаттар мен мәліметтерді толтыруға қойылатын талаптар

19. "Келісімнің орындалуын мониторингтеу және бақылау мақсатында таңбаланған тауарлар мен олардың сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтерді сұрату" (P.LS.03.MSG.035) хабарында берілетін "Комиссияның таңбаланған тауар туралы мәліметтерді сұратуы" (R.CT.LS.03.003) электрондық құжаттарының (мәліметтерінің) деректемелерін толтыруға қойылатын талаптар 8-кестеде келтірілген.

8-кесте

**"Келісімнің орындалуын мониторингтеу және бақылау мақсатында таңбаланған тауарлар мен олардың сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтерді сұрату" (P.LS.03.MSG.035) хабарында берілетін "Комиссияның таңбаланған тауар туралы мәліметтерді сұратуы" (R.CT.LS.03.003) электрондық құжаттарының (мәліметтерінің) деректемелерін толтыруға қойылатын талаптар**

Талап коды	Талап тұжырымдамасы
1	"Есепті ай (ctsdo:ReportYearMonth)" деректемесі толтырылуға және мәліметтер берілетін есепті ай (айлар) туралы мәліметтерді қамтуға тиіс
2	"Тауардың ЕАЭО СЭҚ ТН бойынша коды (csdo:CommodityCode)" деректемесі толтырылуға және ол (олар) бойынша мәліметтер беру талап етілетін кемінде 4 белгі деңгейінде ЕАЭО СЭҚ ТН кодының (кодтарының) мәнін қамтуға тиіс
3	"Есепті кезеңнің бастапқы күні (ctsdo:FirstDayReportPeriodDate)", "Есепті кезеңнің ақырғы күні (ctsdo>LastDayReportPeriodDate)", "Салық төлеушінің сәйкестендіргіші (csdo:TaxpayerId)", "Global Location Number сәйкестендіргіші (ctsdo:GLNId)", "Тауарды айналысқа шығару тәсілі (ctsdo:ReleaseMethodCode)" деректемелері толтырылмайды

20. "Таңбаланған тауарлар мен сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтер" (P.LS.03.MSG.036) хабарында берілетін "Сәйкестендіру құралдарымен таңбаланған тауарлардың айналымы туралы мәліметтер" (R.CT.LS.03.013) электрондық құжаттарының (мәліметтерінің) деректемелерін толтыруға қойылатын талаптар 9-кестеде келтірілген.

9-кесте

**"Таңбаланған тауарлар мен сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтер" (P.LS.03.MSG.036) хабарында берілетін "Сәйкестендіру құралдарымен таңбаланған тауарлардың айналымы туралы мәліметтер" (R.CT.LS.03.013) электрондық құжаттарының (мәліметтерінің) деректемелерін толтыруға қойылатын талаптар**

Талап коды	Талап тұжырымдамасы
1	"Электрондық құжаттың (мәліметтердің) тақырыбы (csdo:EDocHeader)" деректемесінің құрамындағы "Бастапқы электрондық құжаттың (мәліметтердің) сәйкестендіргіші (csdo:EDocRefId)" деректемесі толтырылуға және "Таңбаланған тауарлар мен олардың сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтер алу" (P.LS.03.TRN.021) (бұдан әрі – тауарлардың айналымы туралы мәліметтер сұрату) транзакциясының бір данасы шеңберінде "Келісімнің орындалуын мониторингтеу және бақылау мақсатында таңбаланған тауарлар мен олардың сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтерді сұрату" (P.LS.03.MSG.035) хабарында берілетін "Комиссияның таңбаланған тауар туралы мәліметтерге сұрау салуында" (R.CT.LS.03.003) көрсетілген "Электрондық құжаттың (мәліметтердің) сәйкестендіргіші (csdo:EDocId)" деректемесінің мәнін қамтуға тиіс
2	"Елдің коды (csdo:UnifiedCountryCode)" деректемесі құжаттың түбірлік деңгейінде әлем елдерінің сыныптауышына сәйкес ақпараттық жүйесінде хабар қалыптастырылған мүше мемлекеттің кодтық белгіленімін қамтуға тиіс
3	"Елдің коды (csdo:UnifiedCountryCode)" деректемесінің "анықтамалықтың (сыныптауыштың) сәйкестендіргіші (codeListId атрибуты)" атрибуты құжаттың түбірлік деңгейінде "2021" мәнін қамтуға тиіс
4	тауарлардың бірнеше кодтары бойынша мәліметтер берілген жағдайда әрбір тауар бойынша мәліметтер "Таңбаланған тауарлардың айналымы туралы мәліметтер (ctcdo:TurnoverStatisticDetails)" деректемесінің жекелеген даналарында беріледі
	бірнеше күнтізбелік айдың ішінде бір тауар үшін мәліметтер берілетін жағдайда әрбір ай бойынша мәліметтер "Таңбаланған тауарлардың айналымы

5	<p>туралы мәліметтер (ctcdо:TurnoverStatisticDetails)" деректемесінің құрамындағы "Тауардың айналымы туралы мәліметтер (ctcdо:IdentificationMeansMonitoringDetails)" деректемесінің жекелеген даналарында беріледі</p>
6	<p>күнтізбелік айдың басындағы жағдай бойынша мүше мемлекеттегі айналымдағы тауарлардың сәйкестендіру құралдарының жалпы саны туралы, сондай-ақ мүше мемлекетте айналымнан шығарылған тауарлардың сәйкестендіру құралдарының жалпы саны туралы мәліметтер берілуге тиіс. Тауарлардың сәйкестендіру құралдарының көрсетілген жалпы саны туралы мәліметтер, егер оларды тіркеу мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген жағдайда ұсынылады</p>
7	<p>күнтізбелік айдың ішінде есепті айда олармен мынадай операциялар жасалған тауарлардың сәйкестендіру құралдарының саны туралы мәліметтер берілуге тиіс:</p> <p>мүше мемлекетте тауарды айналымға енгізу;</p> <p>траншекаралық сауда шеңберінде сатып алынған тауарды мүше мемлекеттің айналымына енгізу;</p> <p>тауарды мүше мемлекеттегі айналымнан шығару ( егер таңбаланған тауардың айналымнан шығарылуын тіркеу мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген жағдайда);</p> <p>траншекаралық сауда шеңберінде сатылған тауарды мүше мемлекеттегі айналымнан шығару</p>
8	<p>мәліметтер Одақ аумағында өндірілген тауарлар үшін және Одақтың аумағына үшінші елдерден әкелінген тауарлар үшін бөлік ұсынылуға тиіс</p>
9	<p>мынадай операциялар үшін:</p> <p>траншекаралық сауда шеңберінде сатып алынған тауарды мүше мемлекеттің айналымына енгізу;</p> <p>траншекаралық сауда шеңберінде сатылған тауарды мүше мемлекеттегі айналымнан шығару;</p> <p>мәліметтер траншекаралық сауда жүзеге асырылатын мүше мемлекеттердің бөлінісінде ұсынылуға тиіс</p>
10	<p>тауар айналымы туралы мәліметтер беру кезінде көліктік немесе топтық қаптамаларға қондырылған сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтер ескерілмеуге тиіс</p>
11	<p>"Таңбаланған тауарлардың айналымы туралы мәліметтер (ctcdо:TurnoverStatisticDetails)" деректемесінің құрамындағы "Тауардың ЕАЭО СЭК ТН бойынша коды (csdo:CommodityCode)" деректемесі тауарлардың айналымы туралы мәліметтерге сұрау салудағы "Тауардың ЕАЭО СЭК ТН бойынша коды (csdo:CommodityCode)"</p>

	деректемесінде көрсетілген мәліметтерге сәйкес тауардың ЕАЭО СЭҚ ТН бойынша кодын қамтуға тиіс
12	"Тауар айналымы туралы мәліметтер (ctcdo: IdentificationMeansMonitoringDetails) деректемесінің құрамындағы "Есепті ай (ctcdo:ReportYearMonth)" деректемесі YYYY-ММ форматында мәліметтер берілетін жылдың айы туралы мәліметтерді қамтуға тиіс
13	"Таңбаланған тауармен операция туралы мәліметтер (ctcdo: IdentifiedGoods StatisticDetails)" деректемесінің құрамындағы "Операцияның коды (ctcdo:IdentificatedGoods OperationCode)" деректемесі мына мәндердің 1-ін қамтуға тиіс: "10" – "тауарды мүше мемлекеттегі айналымға енгізу"; "20" – "тауарды мүше мемлекеттегі айналымнан шығару"; "30" – "трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған тауарды мүше мемлекеттің айналымына енгізу"; "40" – "трансшекаралық сауда шеңберінде сатылған тауарды мүше мемлекеттегі айналымнан шығару"
14	мәртебесі "31" – "тауар трансшекаралық сауда шеңберінде сатылды (сатуға арналды" мәртебесіне сәйкес келетін тауарлар сатушы тіркелген мүше мемлекеттің ішкі айналымындағы тауарлар ретінде ескерілуге тиіс
15	"Таңбаланған тауармен операция туралы мәліметтер (ctcdo: IdentifiedGoods StatisticDetails)" деректемесінің құрамындағы "Таңбаланған тауар бірліктерінің саны (ctcdo:IdentificatedGoodsQuantity)" деректемесі есепті айда "Операцияның коды (ctcdo:IdentificatedGoods OperationCode)" деректемесінде коды көрсетілген операция жасалған тауар бірліктерінің санын қамтуға тиіс. Бұл ретте, егер есепті кезең ішінде тауарлармен осындай операция жүргізілмесе, не көрсетілген операция бойынша мәліметтерді тіркеу мүше мемлекеттің заңнамасында көзделмесе, онда "Таңбаланған тауар бірліктерінің саны (ctcdo:IdentificatedGoodsQuantity)" деректемесі "0" мәнін қамтуға тиіс
16	"Таңбаланған тауармен операция туралы мәліметтер (ctcdo: IdentifiedGoods StatisticDetails)" деректемесінің құрамындағы "Тауарды айналысқа шығару тәсілі (ctcdo:ReleaseMethodCode)" деректемесі мынадай мәндердің бірін қамтуға тиіс: "1" – "Одақтың кедендік аумағына әкелу"; "2" – "мүше мемлекеттің аумағында өндіру"
	егер "Таңбаланған тауармен операция туралы мәліметтер (ctcdo: IdentifiedGoods StatisticDetails)" деректемесінің құрамындағы "Операцияның коды

17

(ctsdo:IdentificatedGoods OperationCode)" деректемесі мына мәндердің бірін қамтыса:  
 "30" – трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған тауарды мүше мемлекеттің айналымына енгізу";  
 "40" – "трансшекаралық сауда шеңберінде сатылған тауарды мүше мемлекеттегі айналымнан шығару", онда "Сәйкестендіру құралы туралы статистикалық мәліметтер (ctsdo:IdentificationMeansStatisticDetails)" деректемесінің құрамындағы "Елдің коды (csdo:UnifiedCountryCode)" деректемесі толтырылуға тиіс және тауарлармен операция жасау кезінде контагент болуы мүмкін мүше мемлекеттердің кодтық мәнін қамтуға тиіс

21. "ЕАЭО СЭҚ ТН "6401", "6402", "6403", "6404", "6405" позицияларында сыныпталатын тауарлар үшін "Тауарларды таңбалау жүйесінің ұлттық компонентінен таңбаланған тауар мен оның сәйкестендіру құралы туралы мәліметтер сұрату" (P.LS.03.MSG.038) хабарында берілетін "Сәйкестендіру құралдарының тізбесі" (R.CT.LS.03.010) электрондық құжаттарының (мәліметтерінің) деректемелерін толтыруға қойылатын талаптар 10-кестеде келтірілген.

10-кесте

**"ЕАЭО СЭҚ ТН "6401", "6402", "6403", "6404", "6405" позицияларында сыныпталатын тауарлар үшін "Тауарларды таңбалау жүйесінің ұлттық компонентінен таңбаланған тауар мен оның сәйкестендіру құралы туралы мәліметтер сұрату" (P.LS.03.MSG.038) хабарында берілетін "Сәйкестендіру құралдарының тізбесі" (R.CT.LS.03.010) электрондық құжаттарының (мәліметтерінің) деректемелерін толтыруға қойылатын талаптар**

Талап коды	Талап тұжырымдамасы
1	"Елдің коды (csdo:UnifiedCountryCode)" деректемесі толтырылмауға тиіс
2	"Тауардың ЕАЭО СЭҚ ТН бойынша коды (csdo:CommodityCode)" деректемесі 4 белгі деңгейінде таңбаланған тауарлардың кодтық белгіленімін қамтуға және "6401", "6402", "6403", "6404", "6405" мәндерінің бірін қамтуға тиіс
3	"Трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған тауарға қондырылған сәйкестендіру құралдары (ctsdo:TransborderIdentificationMeansDetails)" деректемесінің бір данасы толтырылуға тиіс
4	"Трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған тауарға қондырылған сәйкестендіру құралдары (ctsdo:TransborderIdentificationMeansDetails)" деректемесінің құрамындағы "Тауарды сатушы (ctsdo:SellerDetails)" деректемесі толтырылуға тиіс
	"Трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған тауарға қондырылған сәйкестендіру құралдары (ctsdo:TransborderIdentificationMeansDetails)"

5	деректемесінің құрамындағы "Топтық немесе көліктік қаптаманың сәйкестендіру құралы туралы мәліметтер (ctcdo:GroupIdentificationMeansDetails)" деректемесі толтырылмауға тиіс
6	"Траншекаралық сауда шеңберінде сатып алынған тауарға қондырылған сәйкестендіру құралдары (ctcdo:TransborderIdentificationMeansDetails)" деректемесінің құрамында "Сәйкестендіру құралы туралы мәліметтер (ctcdo:IdentificationMeansDetails)" деректемесінің бір данасы толтырылуға тиіс
7	"Сәйкестендіру құралы туралы мәліметтер (ctcdo:IdentificationMeansDetails)" деректемелерінің құрамындағы "Таңбаланған тауар мәртебесі (ctcdo:MarkedGoodsStatusDetails)", "Мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы мәліметтер (ctcdo:ResultDetails)", "Ақырғы күн (csdo:EndDate)" және "Өнім сериясының нөмірі (ctsdo:ProductSeriesId)" деректемелері толтырылмауға тиіс
8	"Сәйкестендіру құралы туралы мәліметтер (ctcdo:IdentificationMeansDetails)" деректемесінің құрамына кіретін "Сәйкестендіру құралы (ctcdo:IdentificationMeansItemDetails)" деректемесінің құрамындағы "Сәйкестендіру құралы түрінің коды (ctcdo:IdentificationMeansKindCode)" деректемесі "301" мәнін қамтуға тиіс
9	"Сәйкестендіру құралы туралы мәліметтер (ctcdo:IdentificationMeansDetails)" деректемесінің құрамына кіретін "Сәйкестендіру құралы (ctcdo:IdentificationMeansItemDetails)" деректемесінің құрамында "Сәйкестендіру құралы деректерінің элементі (ctcdo:IdentificationMeansDataUnitDetails)" деректемесінің 2 данасы қалыптастырылуға тиіс
10	Сәйкестендіру құралы туралы мәліметтер (ctcdo:IdentificationMeansDetails)" деректемесінің құрамына кіретін "Сәйкестендіру құралы (ctcdo:IdentificationMeansItemDetails)" деректемесінің құрамындағы "Сәйкестендіру құралы деректерінің элементі (ctcdo:IdentificationMeansDataUnitDetails)" деректемесінің бірінші данасында "Қолдану сәйкестендіргіші (ctsdo:AIId)" деректемесі "01" мәнін қамтуға тиіс, "Сәйкестендіру құралының деректері элементінің символдық мәні (ctsdo:IdentificationMeansUnitCharacterValueId)" деректемесі сауда бірлігінің жаһандық сәйкестендіру нөмірінің (GTIN) мәнін қамтуға тиіс
11	"Сәйкестендіру құралы туралы мәліметтер (ctcdo:IdentificationMeansDetails)" деректемесінің құрамына кіретін "Сәйкестендіру құралы (ctcdo:IdentificationMeansItemDetails)" деректемесінің құрамындағы "Сәйкестендіру құралы деректерінің элементі (ctcdo:IdentificationMeansDataUnitDetails)" деректемесінің бірінші данасында "Қолдану

сәйкестендіргіші (ctsdo:AIId)" деректемесі "21" мәнін қамтуға тиіс, "Сәйкестендіру құралының деректері элементінің символдық мәні (ctsdo:IdentificationMeansUnitCharacterValueId)" деректемесі қаптаманың дара сериялық нөмірінің мәнін (SN) қамтуға тиіс

22. "ЕАЭО СЭҚ ТН "6401", "6402", "6403", "6404", "6405" позицияларында сыныпталатын тауарлар үшін "Таңбаланған тауар мен оның сәйкестендіру құралы туралы мәліметтерге сұрау салуды өңдеу нәтижелері туралы хабарлама" (P.LS.03.MSG.039) хабарында берілетін "Сәйкестендіру құралдарымен таңбаланған тауарлар туралы мәліметтер" (R.CT.LS.03.011) электрондық құжаттарының (мәліметтерінің) деректемелерін толтыруға қойылатын талаптар 10-кестеде келтірілген.

10-кесте

**"ЕАЭО СЭҚ ТН "6401", "6402", "6403", "6404", "6405" позицияларында сыныпталатын тауарлар үшін "Таңбаланған тауар мен оның сәйкестендіру құралы туралы мәліметтерге сұрау салуды өңдеу нәтижелері туралы хабарлама" (P.LS.03.MSG.039) хабарында берілетін "Сәйкестендіру құралдарымен таңбаланған тауарлар туралы мәліметтер" (R.CT.LS.03.011) электрондық құжаттарының (мәліметтерінің) деректемелерін толтыруға қойылатын талаптар**

Талап коды	Талап тұжырымдамасы
1	"Электрондық құжаттың (мәліметтердің) тақырыбы (csdo:EDocHeader)" деректемесінің құрамындағы "Бастапқы электрондық құжаттың (мәліметтердің) сәйкестендіргіші (csdo:EDocRefId)" деректемесі толтырылуға және "Сұрау салу бойынша таңбаланған тауар мен сәйкестендіру құралы туралы мәліметтер беру" (P.LS.03.TRN.022) транзакциясының (бұдан әрі – тауар туралы мәліметтер сұрату) бір данасы шеңберінде "Тауарларды таңбалау жүйесінің ұлттық компонентінен таңбаланған тауар мен оның сәйкестендіру құралы туралы мәліметтер сұрату" (P.LS.03.MSG.038) хабарында берілетін "Сәйкестендіру құралдарының тізбесінде" (R.CT.LS.03.010) көрсетілген "Электрондық құжаттың (мәліметтердің) тақырыбы (csdo:EDocHeader)" деректемесінің мәнін қамтуға тиіс
2	"Елдің коды (csdo:UnifiedCountryCode)" деректемесі құжаттың түбірлік деңгейінде әлем елдерінің сыныптауышына сәйкес ақпараттық жүйесінде хабар қалыптастырылған мүше мемлекеттің кодтық белгіленімін қамтуға тиіс
3	"Елдің коды (csdo:UnifiedCountryCode)" деректемесінің "анықтамалықтың (сыныптауыштың) сәйкестендіргіші (codeListId атрибуты)" атрибуты



	құжаттың түбірлік деңгейінде "2021" мәнін қамтуға тиіс
4	"Тауардың ЕАЭО СЭҚ ТН бойынша коды (csdo:CommodityCode)" деректемесі "Сәйкестендіру құралдарымен таңбаланған тауарлар туралы мәліметтер" (R.CT.LS.03.011) электрондық құжатының (мәліметтерінің) түбірлік деңгейінде тауардың ЕАЭО СЭҚ ТН бойынша кодының кемінде 4 белгі деңгейіндегі мәнін қамтуға тиіс
5	"Сәйкестендіру құралдарымен таңбаланған тауарлар туралы мәліметтер" (R.CT.LS.03.011) электрондық құжатында (мәліметтерінде) мынадай деректемелер үшін бір-бір данадан қалыптастырылуға тиіс: "Таңбаланған тауарлармен трансшекаралық мәміле туралы мәліметтер (ctcdo:TransborderTransactionDetails)", "Таңбаланған тауар туралы мәліметтер (ctcdo:MarkedGoodsDetails)", "Сәйкестендіру құралдарының тізбесі (ctcdo:IdentificationMeansListDetails)", "Сәйкестендіру құралы туралы мәліметтер (ctcdo:IdentificationMeansDetails)"
6	"Сәйкестендіру құралдарының тізбесі (ctcdo:IdentificationMeansListDetails)" деректемесінің құрамындағы "Жоғары деңгейлі қаптамадағы сәйкестендіру құралы (ctcdo:ParentIdentificationMeansDetails)" деректемесі толтырылмайды
7	"Сәйкестендіру құралы туралы мәліметтер (ctcdo:IdentificationMeansDetails)" деректемесінің құрамындағы "Сәйкестендіру құралы (ctcdo:IdentificationMeansItemDetails)" деректемесі тауар туралы мәліметтер сұрау салуының "Сәйкестендіру құралы (ctcdo:IdentificationMeansItemDetails)" деректемесінде көрсетілген сәйкестендіру құралы туралы мәліметтерге сәйкес келуге тиіс
8	егер тауар туралы мәліметтерге сұрау салуды өңдеу нәтижелері бойынша сәйкестендіру құралы туралы мәліметтер шеңберінде сұрау салу өңделетін тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінен табылғаны анықталса, онда "Сәйкестендіру құралы туралы мәліметтер (ctcdo:IdentificationMeansDetails)" деректемесінің құрамында "Таңбаланған тауар мәртебесі (ctcdo:MarkedGoodsStatusDetails)" және "Мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы мәліметтер(ctcdo:ResultDetails)" деректемелері толтырылуға тиіс, бұл ретте олардың құрамында: "Таңбаланған тауар мәртебесінің коды (ctsdo:MarkedGoodsStatusCode)" деректемесі тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің шеңберінде қолданылатын тауарлар мәртебесінің тізбесіне

	<p>сәйкес тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компоненті шеңберінде белгіленген тауар мәртебесінің мәнін қамтуға тиіс,</p> <p>"Мәртебе белгілеу себебінің коды (ctsdо:MarkedGoodsStatusReasonCode)" деректемесі толтырылмауға тиіс;</p> <p>"Мәліметтерді өңдеу нәтижесінің коды (ctsdо:ResultProcessingCode)" деректемесі "600" – "мәліметтер өңделді" мәнін қамтуға тиіс</p>
9	<p>егер тауар туралы мәліметтерге сұрау салуды өңдеу нәтижелері бойынша сәйкестендіру құралы туралы мәліметтер шеңберінде сұрау салу өңделетін тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінен табылмағаны анықталса, онда "Сәйкестендіру құралы туралы мәліметтер (ctcdо:IdentificationMeansDetails)" деректемесінің құрамындағы "Таңбаланған тауар мәртебесі (ctcdо:MarkedGoodsStatusDetails)" деректемесі толтырылмайды, "Мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы мәліметтер (ctcdо:ResultDetails)" деректемесі толтырылуға тиіс, бұл ретте "Мәліметтерді өңдеу нәтижесінің коды (ctsdо:ResultProcessingCode)" деректемесі өзінің құрамында "100" – "Сәйкестендіру құралы туралы мәліметтер тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде жоқ" мәнін қамтуға тиіс</p>
10	<p>егер "Мәліметтерді өңдеу нәтижесінің коды (ctsdо:ResultProcessingCode)" деректемесі "600" – "мәліметтер өңделді" мәнін қамтыса, онда "Таңбаланған тауарлармен трансшекаралық мәміле туралы мәліметтер (ctcdо:TransborderTransactionDetails)" деректемесінің құрамында "Тауарды сатушы (ctcdо:SellerDetails)" деректемесі толтырылуға тиіс</p>
11	<p>егер "Тауарды сатушы (ctcdо:SellerDetails)" деректемесі толтырылса, онда ол таңбаланатын тауар туралы ақпаратты білдіретін шаруашылық жүргізуші субъект туралы мәліметтерді қамтуға тиіс</p>
12	<p>егер "Тауарды сатушы (ctcdо:SellerDetails)" деректемесі толтырылса, онда "Тауарды сатушы (ctcdо:SellerDetails)" деректемесінің құрамындағы "Елдің коды (csdo:UnifiedCountryCode)" деректемесі толтырылуға тиіс</p>
13	<p>егер "Тауарды сатушы (ctcdо:SellerDetails)" деректемесі толтырылса, онда "Тауарды сатушы (ctcdо:SellerDetails)" деректемесінің құрамына кіретін "Елдің коды (csdo:UnifiedCountryCode)" деректемесінің "анықтамалықтың (сыныптауыштың) сәйкестендіргіші (codeListId атрибуты)" атрибуты "2021" мәнін қамтуға тиіс</p>
	<p>егер "Тауарды сатушы (ctcdо:SellerDetails)" деректемесі толтырылса, онда "Тауарды сатушы (</p>

14	ctcdo:SellerDetails)" деректемесінің құрамындағы "Субъектінің атауы (csdo:SubjectName)" деректемесі толтырылуға тиіс
15	егер "Тауарды сатушы (ctcdo:SellerDetails)" деректемесі толтырылса, онда "Тауарды сатушы (ctcdo:SellerDetails)" деректемесінің құрамындағы "Субъектінің қысқаша атауы (csdo:SubjectBriefName)" деректемесі толтырылуға тиіс
16	егер "Тауарды сатушы (ctcdo:SellerDetails)" деректемесі толтырылса, онда "Тауарды сатушы (ctcdo:SellerDetails)" деректемесінің құрамындағы "Салық төлеушінің сәйкестендіргіші (csdo:TaxpayerId)" деректемесі толтырылуға тиіс
17	егер "Тауарды сатушы (ctcdo:SellerDetails)" деректемесі толтырылса және "Тауарды сатушы (ctcdo:SellerDetails)" деректемесінің құрамындағы "Елдің коды (csdo:UnifiedCountryCode)" деректемесі "RU" мәнін қамтыса, онда "Есепке қою себебінің коды (csdo:TaxRegistrationReasonCode)" деректемесі толтырылуы мүмкін
18	егер "Тауарды сатушы (ctcdo:SellerDetails)" деректемесі толтырылса және "Тауарды сатушы (ctcdo:SellerDetails)" деректемесінің құрамындағы "Елдің коды (csdo:UnifiedCountryCode)" деректемесі "RU" мәнін қамтымаса, онда "Есепке қою себебінің коды (csdo:TaxRegistrationReasonCode)" деректемесі толтырылмайды
19	егер "Тауарды сатушы (ctcdo:SellerDetails)" деректемесінің құрамындағы "Елдің коды (csdo:UnifiedCountryCode)" деректемесі толтырылса, онда көрсетілген "Елдің коды (csdo:UnifiedCountryCode)" деректемесі әлем елдерінің сыныптауышына сәйкес таңбаланатын тауар туралы ақпарат беретін шаруашылық жүргізуші субъект тіркелген мүше мемлекеттің кодтық белгіленімін қамтуға тиіс
20	"Ел туралы мәліметтер (ctcdo:CountryDetails)" деректемесінің құрамына кіретін Елдің коды (csdo:UnifiedCountryCode)" деректемесінің анықтамалықтың (сыныптауыштың) сәйкестендіргіші (codeListId атрибуты)" атрибуты "2021" мәнін қамтуға тиіс
21	егер "Мәліметтерді өңдеу нәтижесінің коды (csdo:ResultProcessingCode)" деректемесі "600" – "мәліметтер өңделді" мәнін қамтыса, онда "Таңбаланған тауар туралы мәліметтер (ctcdo:MarkedGoodsDetails)" деректемесінің құрамындағы "Өндіруші (ctcdo:ManufacturerDetails)", "Тауардың ЕАЭО бойынша коды (csdo:CommodityCode)", "Global Trade Item Number сәйкестендіргіші(ctsdo:GTINId)",

	"Ел туралы мәліметтер (ctcdо:CountryDetails)", "Еркін толтырылған (ctcdо:CountryDetails)" деректемелері толтырылуға тиіс
22	егер "Өндіруші (ctcdо:ManufacturerDetails)" деректемесі толтырылса, онда "Өндіруші (ctcdо:ManufacturerDetails)" деректемесінің құрамында мынадай деректемелер толтырылуға тиіс: "Елдің коды (csdo:UnifiedCountryCode)"; "Субъектінің атауы (csdo:SubjectName)"; "Субъектінің қысқаша атауы (csdo:SubjectBriefName)"
23	"Өндіруші (ctcdо:ManufacturerDetails)" деректемесінің құрамына кіретін "Елдің коды (csdo:UnifiedCountryCode)" деректемесінің "анықтамалықтың (сыныптауыштың) сәйкестендіргіші (codeListId атрибуты)" атрибуты "2021" мәнін қамтуға тиіс
24	егер "Өндіруші (ctcdо:ManufacturerDetails)" деректемесінің құрамындағы "Елдің коды (csdo:UnifiedCountryCode)" деректемесі "AM", "BY", "KG", "KZ", "RU" мәндерінің 1-ін қамтыса, онда "Өндіруші (ctcdо:ManufacturerDetails)" деректемесінің құрамындағы "Салық төлеушінің сәйкестендіргіші (csdo:TaxpayerId)" деректемесі толтырылуға тиіс
25	егер "Өндіруші (ctcdо:ManufacturerDetails)" деректемесінің құрамындағы "Елдің коды (csdo:UnifiedCountryCode)" деректемесі "AM", "BY", "KG", "KZ", "RU" мәндерін қамтымаса, онда "Өндіруші (ctcdо:ManufacturerDetails)" деректемесінің құрамындағы "Салық төлеушінің сәйкестендіргіші (csdo:TaxpayerId)" деректемесі толтырылмайды
26	егер "Өндіруші (ctcdо:ManufacturerDetails)" деректемесінің құрамындағы "Елдің коды (csdo:UnifiedCountryCode)" деректемесі "RU" мәнін қамтыса, онда "Өндіруші (ctcdо:ManufacturerDetails)" деректемесінің құрамындағы Есепке қою себебінің коды (csdo:TaxRegistrationReasonCode)" деректемесі толтырылуы мүмкін
27	егер "Өндіруші (ctcdо:ManufacturerDetails)" деректемесінің құрамындағы "Елдің коды (csdo:UnifiedCountryCode)" деректемесі "RU" мәнін қамтымаса, онда "Өндіруші (ctcdо:ManufacturerDetails)" деректемесінің құрамындағы Есепке қою себебінің коды (csdo:TaxRegistrationReasonCode)" деректемесі толтырылмайды
28	егер "Еркін толтырылған (ctcdо:CountryDetails)" деректемесі толтырылса, онда "Еркін толтырылған (ctcdо:CountryDetails)" деректемесі "Аяқ киім тауарларының тәптіштелген сипаттамасы" (R.CT.LS

	.03.015) электрондық құжатының (мәліметтерінің) бір данасын қамтуға тиіс
29	"Сәйкестендіру құралы туралы мәліметтер (ctsdо:Identification\Means\Details)" деректемесінің құрамындағы "Ақырғы күн (ctsdо:End\Date)" және "Өнім сериясының нөмірі (ctsdо:Product\Series\Id)" деректемелері толтырылмауға тиіс

23. "Таңбаланған тауар мен оның сәйкестендіру құралы туралы мәліметтерге сұрау салуды өңдеу нәтижелері туралы хабарлама" (P.LS.03.MSG.039) хабарында берілетін "Аяқ киім тауарларының тәптіштелген сипаттамасы" (R.CT.LS.03.015) электрондық құжатының (мәліметтерінің) деректемелерін толтыруға қойылатын талаптар 11-кестеде келтірілген.

11-кесте

**"Таңбаланған тауар мен оның сәйкестендіру құралы туралы мәліметтерге сұрау салуды өңдеу нәтижелері туралы хабарлама" (P.LS.03.MSG.039) хабарында берілетін "Аяқ киім тауарларының тәптіштелген сипаттамасы" (R.CT.LS.03.015) электрондық құжатының (мәліметтерінің) деректемелерін толтыруға қойылатын талаптар**

Талап коды	Талап тұжырымдамасы
1	"Тауар түрлері (ctsdо:GoodsVarietyText)" деректемесі толтырылуға тиіс
2	"Өлшем бірлігінің коды (ctsdо:MeasurementUnitCode)" деректемесі өлшем бірліктерінің сыныптауышында көрсетілген мәндерге сәйкес өлшем бірлігінің кодтық белгіленімін қамтуға тиіс
3	"Өлшем бірлігінің коды (ctsdо:MeasurementUnitCode)" деректемесінің "анықтамалықтың (сыныптауыштын) сәйкестендіргіші (codeListId атрибуты)" атрибуты "2016" мәнін қамтуға тиіс
4	егер "Аяқ киім мөлшері (ctsdо:FootwearSizeCode)" деректемесі толтырылса, онда "мөлшерді айқындау жүйесінің коды (sizeSystemCode атрибуты)" атрибуты мына мәндердің бірін қамтуға тиіс: MDP – аяқ киімнің стандарттық метрлік мөлшерлерінің халықаралық жүйесі (Mondopoint); EUR – Еуропалық жүйе (штихмас, Paris point) UK – Ұлыбританияда қолданылатын дюймдік жүйе; US – АҚШ-та қолданылатын дюймдік жүйе

"Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының  
2019 жылғы 26 қарашадағы  
№ 205 шешімімен  
БЕКІТІЛГЕН

**Сәйкестендіру құралдарымен таңбалауға жататын және "Табиғи теріден жасалған киім заттары, киімнің керек-жарақтары және өзге де бұйымдар" тауар позициясында сыныпталатын тауарлардан ерекшеленетін тауарлар туралы мәліметтермен алмасуға**

қатысты бөлігінде "Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында өндірілген немесе оған әкелінген, сәйкестендіру құралдарымен таңбалауға жататын тауарлар, оның ішінде олардың Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағындағы трансшекаралық айналымы кезінде осындай тауарлар туралы мәліметтермен алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл ҚАҒИДАЛАРЫ

## **I. Жалпы ережелер**

1. Осы Қағидалар Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) құқығына кіретін мына актілерге сәйкес әзірленді:

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт;

2018 жылғы 2 ақпандағы Еуразиялық экономикалық одақта тауарларды сәйкестендіру құралдарымен таңбалау туралы келісім (бұдан әрі – Келісім);

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің "Аяқ киім тауарларын сәйкестендіру құралдарымен таңбалауды енгізу туралы" 2019 жылғы 8 тамыздағы № 72 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Жалпы процестерді сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы" 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестер тізбесі және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 19 тамыздағы № 132 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үндестіру және сипаттау әдістемесі туралы" 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімі.

## **II. Қолданылу саласы**

2. Осы Қағидалар "Сәйкестендіру құралдарымен таңбалауға жататын және "Табиғи теріден жасалған киім заттары, киімнің керек-жарақтары және өзге де бұйымдар" тауар позициясында сыныпталатын тауарлардан ерекшеленетін тауарлар туралы мәліметтермен алмасуға қатысты бөлігінде "Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында өндірілген немесе оған әкелінген, сәйкестендіру құралдарымен таңбалауға жататын тауарлар, оның ішінде олардың Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағындағы трансшекаралық айналымы кезінде осындай тауарлар туралы мәліметтермен алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесіне (бұдан әрі – жалпы процесс) қатысушылардың арасында, осы жалпы процестің шеңберінде орындалатын рәсімдерді қоса алғанда, ақпараттық өзара іс-қимылдың тәртібі мен шарттарын айқындау мақсатында әзірленді.

3. Осы Қағидаларды жалпы процеске қатысушылар жалпы процесс шеңберіндегі рәсімдер мен операциялардың орындалу тәртібін бақылау кезінде, сондай-ақ осы жалпы процесті іске асыруды қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелердің компоненттерін жобалау, әзірлеу және пысықтау кезінде қолданады.

Осы Қағидалар сәйкестендіру құралдарымен таңбалауға жататын және "Табиғи теріден жасалған киім заттары, киімнің керек-жарақтары және өзге де бұйымдар" тауар позициясында сыныпталатын тауарлар туралы мәліметтермен алмасуға байланысты ақпараттық өзара іс-қимыл кезінде қолданылмайды.

### **III. Негізгі ұғымдар**

4. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін төмендегілерді білдіретін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

"авторлау" – жалпы процестің белгілі бір қатысушысына белгілі бір әрекеттерді орындау құқығын беру;

"импорттаушы" – трансшекаралық сауда шеңберінде сәйкестендіру құралдарымен таңбаланған тауарларды сатып алуды жүзеге асыратын заңды тұлға немесе дара кәсіпкер;

"таңбалау коды" – сәйкестендіру құралдарын қалыптастыру үшін пайдаланылатын символдардың бірегей дәйектілігі;

"экспорттаушы" – трансшекаралық сауда шеңберінде сәйкестендіру құралдарымен таңбаланған тауарларды өткізуді (сатуды) жүзеге асыратын заңды тұлға немесе дара кәсіпкер.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын "бақылау (сәйкестендіру) белгісі", "мүше мемлекеттің құзыретті (уәкілетті) органдары", бақылау (сәйкестендіру) белгілерімен таңбалау", "таңбаланған тауарлар", "тауарлар айналымы", "сәйкестендіру құралы", "трансшекаралық сауда" және "эмитенттер" деген ұғымдар Келісімде айқындалған мәндерде қолданылады.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын "жалпы процесс рәсімдерінің тобы", "жалпы процестің ақпараттық объектісі", "орындаушы", "жалпы процесс операциясы", "жалпы процесс рәсімі" және "жалпы процестің қатысушысы" деген ұғымдар Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үндестіру және сипаттау әдістемесінде айқындалған мәндерде қолданылады.

### **IV. Жалпы процесс туралы негізгі мәліметтер**

5. Жалпы процестің толық атауы: "Сәйкестендіру құралдарымен таңбалауға жататын және "Табиғи теріден жасалған киім заттары, киімнің керек-жарақтары және

өзге де бұйымдар" тауар позициясында сыныпталатын тауарлардан ерекшеленетін тауарлар туралы мәліметтермен алмасуға қатысты бөлігінде "Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында өндірілген немесе оған әкелінген, сәйкестендіру құралдарымен таңбалауға жататын тауарлар, оның ішінде олардың Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағындағы трансшекаралық айналымы кезінде осындай тауарлар туралы мәліметтермен алмасуды қамтамасыз ету".

6. Сәйкестендіру құралдарымен таңбалауға жататын және "Табиғи теріден жасалған киім заттары, киімнің керек-жарақтары және өзге де бұйымдар" тауар позициясында сыныпталатын тауарлардан ерекшеленетін тауарлар туралы мәліметтермен алмасуға қатысты бөлігінде іске асырылатын жалпы процестің кодтық белгіленімі: P.LS.03, 1.0.0 нұсқа.

## **1. Жалпы процестің мақсаттары мен міндеттері**

7. Жалпы процестің мақсаттары:

а) Келісімнің ережелеріне сәйкес Одақтың аумағында таңбаланған тауарлардың айналымын бақылаудың тиімді құралдары мен механизмдерін жасауды және қолдануды қамтамасыз ету;

б) Одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының (бұдан әрі тиісінше – мүше мемлекеттер, мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары) өздерінің таңбаланған тауарлардың Одақ аумағындағы айналымын бақылау жөніндегі өкілеттіктерін іске асыруын қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау;

в) Еуразиялық экономикалық комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) Келісімнің орындалуын мониторингтеу және бақылау жөніндегі өз өкілеттіктерін іске асыруын қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау;

г) Одақ аумағында таңбаланған тауарларды тұтынушылардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау;

д) тауарды сәйкестендіру құралдарымен таңбалау жүзеге асырылатын мүше мемлекеттердің ұлттық операторларынан (әкімшілерінен), тауарды таңбалау сәйкестендіру құралдарымен жүзеге асырылмайтын мүше мемлекеттердің заңды тұлғаларынан және (немесе) дара кәсіпкерлерінен (бұдан әрі – шаруашылық жүргізуші субъектілер) таңбалау кодтарын автоматтандырылған алу мүмкіндігін қамтамасыз ету болып табылады.

8. Жалпы процестің мақсаттарына қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

а) трансшекаралық сауданы жүзеге асыру кезінде, соның ішінде Келісімнің 7-бабының 4-тармағында көзделген жағдайларда таңбаланған тауарлардың айналымы туралы мәліметтер беру мақсатында мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының арасында ақпараттық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету;



б) трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сатуды жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілерден келіп түскен сұрау салу бойынша таңбалау кодтарын және таңбалау кодтарын пайдалану туралы ақпаратты генерациялау (тіркеу) мақсатында мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету;

в) Келісімнің орындалуын бақылауды және мониторингтеуді жүзеге асыру мақсатында Комиссияның мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарынан таңбаланған тауарлардың айналымы туралы мәліметтер алуын қамтамасыз ету;

г) мүдделі тұлғаларға таңбаланған тауарлар туралы мәліметтер беруді қамтамасыз ету.

## 2. Жалпы процеске қатысушылар

9. Жалпы процеске қатысушылардың тізбесі 1-кестеде келтірілген.

1-кесте

### Жалпы процеске қатысушылардың тізбесі

Кодтық белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
Р.АСТ.001	Комиссия	тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің интеграциялық компонентінің жұмыс істеуін, мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарынан келіп түсетін таңбаланған тауарлардың айналымы туралы мәліметтерді қабылдауды және өңдеуді қамтамасыз ету, Келісімнің орындалуын мониторингтеуді және бақылауды, таңбаланған тауар туралы мәліметтерді мүдделі тұлғаға сұрау салу бойынша беруді қамтамасыз ету үшін жауап беретін Комиссияның құрылымдық бөлімшелері
		трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сатып алуды жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъект аумағында тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуге жауапты; таңбаланған тауарлар туралы мәліметтер және басқа мүше

P.LS.03.ACT.003	импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы	мемлекеттердің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компоненттеріне енгізілген тауарлар туралы мәліметтер алатын, сондай-ақ экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органынан түскен сұрау салу бойынша таңбалау кодтарын генерациялауды және таңбалау кодтарын пайдалану туралы ақпарат алуды жүзеге асыратын мүше мемлекеттің атқарушы билік органы немесе уәкілетті ұйым
P.LS.03.ACT.004	экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы	трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды өткізуді (сатуды) жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъект аумағында тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуге жауапты; таңбаланған тауарлар туралы мәліметтерді және тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компоненттеріне енгізілген тауарлар туралы мәліметтерді басқа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына беретін, сондай-ақ экспорттаушының сұрау салуы бойынша басқа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарынан таңбалау кодтарын генерациялауға (тіркеуге) сұрау салуды жүзеге асыратын және таңбалау кодтарының пайдаланылуы туралы ақпарат беретін мүше мемлекеттің атқарушы билік органы немесе уәкілетті ұйым
P.LS.03.ACT.005	мүше мемлекеттің мәліметтер беретін уәкілетті органы	сұрау салу бойынша мәліметтер беруді, оның ішінде Келісімнің орындалуын мониторингтеу және бақылау мақсатында Комиссияның сұрау салуы бойынша таңбаланған тауарлардың айналымы туралы мәліметтер беруді қамтамасыз ететін, тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің интеграциялық компонентінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету

		үшін жауап беретін мүше мемлекеттің атқарушы билік органы немесе уәкілетті ұйым
P.LS.03.ACT.006	мүдделі тұлға	өз қызметінде таңбаланған тауар туралы мәліметтерді пайдаланатын заңды немесе жеке тұлға

### 3. Жалпы процестің құрылымы

10. Жалпы процесс өзінің мақсаты бойынша топтастырылған мынадай рәсімдердің жиынтығын білдіреді:

а) тауарлардың трансшекаралық сауда шеңберіндегі айналымы туралы мәліметтер беру рәсімдері;

б) тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компоненттеріндегі тауарлар туралы мәліметтерді үндестіру рәсімдері;

в) таңбалау кодтары туралы мәліметтер беру рәсімдері;

г) Келісімнің орындалуын мониторингтеу және бақылау мақсатында таңбаланған тауарлар мен олардың сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтерді Комиссияның алуы рәсімдері;

д) таңбаланған тауар мен сәйкестендіру құралы туралы мәліметтерді мүдделі тұлғаға беру рәсімдері.

11. Трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарлар туралы мәліметтер беру мақсатында берілетін мәліметтердің түріне қарай трансшекаралық сауда шеңберіндегі таңбаланған тауарлардың айналымы туралы мәліметтер беру рәсімдерінің тобына енгізілген жалпы процестің мынадай рәсімдері орындалады:

трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған таңбаланған тауарлар туралы мәліметтер сұрату және беру;

трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған, есепке алуға қабылданатын таңбаланған тауарлар туралы мәліметтер беру;

трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған таңбаланған тауарларды есепке алуға қабылдаудан бас тарту туралы мәліметтер беру;

трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды экспорттаушының (сатушының) сатуы туралы хабардар ету;

трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды экспорттаушының (сатушының) сатуы туралы мәліметтердің күшін жою.

Көрсетілген мәліметтерді беру Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 26 қарашадағы № 205 шешімімен бекітілген "Сәйкестендіру құралдарымен таңбалауға жататын және "Табиғи теріден жасалған киім заттары, киімнің керек-жарақтары және өзге де бұйымдар" тауар позициясында сыныпталатын тауарлардан ерекшеленетін тауарлар туралы мәліметтермен алмасуға қатысты

бөлігінде "Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында өндірілген немесе оған әкелінген, сәйкестендіру құралдарымен таңбалауға жататын тауарлар, оның ішінде олардың Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағындағы трансшекаралық айналымы кезінде осындай тауарлар туралы мәліметтермен алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне" (бұдан әрі – Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті) сәйкес мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл жағдайында жүзеге асырылады.

Тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компоненттеріне енгізілген тауарлар туралы мәліметтерді үндестіру мақсатында берілетін мәліметтердің түріне қарай тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компоненттеріндегі тауарлар туралы мәліметтерді үндестіру рәсімдері тобына енгізілген жалпы процестің мынадай рәсімдері орындалады:

тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізілген тауар туралы мәліметтерді басқа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына беру;

тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізілген тауар туралы өзгертілген мәліметтерді басқа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына беру.

Көрсетілген мәліметтерді беру Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл жағдайында жүзеге асырылады.

Одақ құқығына сәйкес тауарды таңбалау сәйкестендіру құралдарымен жүзеге асырылмайтын мүше мемлекеттің шаруашылық жүргізуші субъектісінің Одақ құқығының нормаларына сәйкес тауарды таңбалау сәйкестендіру құралдарымен, таңбалау кодтарымен жүзеге асырылатын мүше мемлекеттің уәкілетті органынан оларды сәйкестендіру құралдарын қалыптастыру және трансшекаралық сауда шеңберінде осындай сәйкестендіру құралдарымен таңбаланған тауарларды сату мақсатында, сондай-ақ импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде тіркеу мақсатында таңбалау кодтарын және таңбалау кодтарын пайдалану туралы ақпаратты алуы мақсатында сәйкестендіру құралдарын қалыптастыру және оларды трансшекаралық сауда шеңберінде сатуға арналған тауарларға қондыру кезінде таңбалау кодтары туралы мәліметтерді беру рәсімдерінің тобына енгізілген жалпы процестің мынадай рәсімдері орындалады:

таңбалау кодтарын генерациялауға тапсырыс үшін мәліметтер беру және генерацияланған таңбалау кодтары туралы мәліметтер алу;

таңбалау кодтарын тіркеу үшін мәліметтер беру және тіркелген таңбалау кодтары туралы мәліметтер алу;

таңбалау кодтарын шаруашылық жүргізуші субъектісінің пайдалануы туралы ақпарат беру.

Көрсетілген мәліметтерді беру Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл жағдайында жүзеге асырылады.

Келісімнің орындалуын мониторингтеу және бақылау мақсатында Комиссияның таңбаланған тауарлардың айналымы туралы ақпарат алуының қажеттігі жағдайында Келісімнің орындалуын мониторингтеу және бақылау мақсатында таңбаланған тауарлар мен олардың сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтерді Комиссияның алу рәсімдері тобына енгізілген "Келісімнің орындалуын мониторингтеу және бақылау мақсатында Комиссияның таңбаланған тауарлар мен олардың сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтер алуы" рәсімі орындалады.

Комиссияның көрсетілген мәліметтерді алуы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 26 қарашадағы № 205 шешімімен бекітілген "Сәйкестендіру құралдарымен таңбалауға жататын және "Табиғи теріден жасалған киім заттары, киімнің керек-жарақтары және өзге де бұйымдар" тауар позициясында сыныпталатын тауарлардан ерекшеленетін тауарлар туралы мәліметтермен алмасуға қатысты бөлігінде "Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында өндірілген немесе оған әкелінген, сәйкестендіру құралдарымен таңбалауға жататын тауарлар, оның ішінде олардың Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағындағы трансшекаралық айналымы кезінде осындай тауарлар туралы мәліметтермен алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссияның арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне" (бұдан әрі – Мүше мемлекеттің уәкілетті органдары мен Комиссияның арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті) сәйкес жүзеге асырылады.

Мүдделі тұлғаға таңбаланған тауар мен оның сәйкестендіру құралы туралы мәліметтер беру кезінде тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесі ұлттық компонентінің сервистері не Одақтың ақпараттық порталына орналастырылған тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің интеграциялық компоненті құрамындағы ақпараттық сервистер пайдаланылады.


Мүдделі тұлғаның Одақтың ақпараттық порталына орналастырылған тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің интеграциялық компоненті құрамындағы ақпараттық сервистерді пайдалануы кезінде таңбаланған тауар мен сәйкестендіру құралы туралы мәліметтерді мүдделі тұлғаға беру рәсімдері тобына енгізілген жалпы процестің "

Тауарларды таңбалаудың ақпараттық жүйесі интеграциялық компонентінің ақпараттық сервистері арқылы таңбаланған тауарлар мен сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтер беру" рәсімін орындау жүзеге асырылады.

Одақтың ақпараттық порталына орналастырылған тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің интеграциялық компоненті құрамындағы ақпараттық сервистер арқылы мүдделі тұлғаға таңбаланған тауар мен оның сәйкестендіру құралы туралы мәліметтер беру Мүше мемлекеттің уәкілетті органдары мен Комиссияның арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес жүзеге асырылады.

Жалпы процесс рәсімдерін орындау кезінде ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы алынуы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 26 қарашадағы № 205 шешімімен бекітілген "Сәйкестендіру құралдарымен таңбалауға жататын және "Табиғи теріден жасалған киім заттары, киімнің керек-жарақтары және өзге де бұйымдар" тауар позициясында сыныпталатын тауарлардан ерекшеленетін тауарлар туралы мәліметтермен алмасуға қатысты бөлігінде "Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында өндірілген немесе оған әкелінген, сәйкестендіру құралдарымен таңбалауға жататын тауарлар, оның ішінде олардың Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағындағы трансшекаралық айналымы кезінде осындай тауарлар туралы мәліметтермен алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін интеграцияланған ақпараттық жүйенің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына" (бұдан әрі – Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы) сәйкес болуға тиіс.

12. Келтірілген жалпы процесс құрылымының сипаттамасы 1-суретте көрсетілген.



1-сурет. Жалпы процесс құрылымы

13. Операциялардың тәптіштелген сипаттамасын қоса алғанда, өз мақсаты бойынша топтастырылған жалпы процесс рәсімдерін орындау тәртібі осы Қағидалардың VIII бөлімінде келтірілген.

14. Рәсімдердің әрбір тобы үшін жалпы процесс рәсімдері мен оларды орындау тәртібінің арасындағы байланысты көрсететін жалпы схема келтіріледі. Рәсімдердің жалпы схемасы UML (модельдеудің бірдейлендірілген тілі – Unified Modeling Language ) пайдаланыла отырып құрылған және мәтіндік сипаттамамен жабдықталған.

#### 4. Траншекаралық сауда шеңберіндегі таңбаланған тауарлар айналымы туралы мәліметтер беру рәсімдерінің тобы

15. Импорттаушыдан тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне сатып алынған тауарларға қондырылған және (немесе) тауардың дара тұтынушылық қаптамасына, тауарлардың топтық немесе көліктік қаптамаларына қондырылған сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтерді қамтитын сұрау салу келіп түскен жағдайда, егер қаптамалардың мұндай түрлерін таңбалау Одақ құқығымен көзделсе, импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы алынған ақпаратты экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді. Экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы сұрау салуда көрсетілген сәйкестендіру құралдарымен таңбаланған және (немесе) тауардың дара тұтынушылық қаптамасына және (немесе) сәйкестендіру құралдары сұрау салуда көрсетілген тауардың топтық немесе көліктік қаптамасына енгізілген тауарлар туралы мәліметтерді, сондай-ақ осындай тауарлардың мәртебесі туралы мәліметтерді, не сұратылған мәліметтердің жоқтығы туралы ақпаратты қалыптастырады және импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органына ұсынады. Ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асыру кезінде "Трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынып таңбаланған тауарлар туралы мәліметтер сұрату және беру" (P.LS.03.PRC.010) рәсімі орындалады.

Тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне таңбаланған тауарларды импорттаушының есепке алуға қабылдағаны туралы мәліметтер келіп түскен жағдайда, импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы есепке алуға қабылданған таңбаланған тауарлар мен олардың сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтерді қалыптастырады және экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді. Экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы осындай мәліметтерді қабылдауды және өңдеуді жүзеге асырады. Ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асыру кезінде "Трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған, есепке алуға қабылданатын таңбаланған тауарлар туралы мәліметтер беру" (P.LS.03.PRC.011) рәсімі орындалады.

Тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне таңбаланған тауарларды импорттаушының есепке алуға қабылдаудан бас тартуы туралы мәліметтер келіп түскен жағдайда, импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы импорттаушы есепке алуға қабылдаудан бас тартқан таңбаланған тауарлар мен олардың сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтерді қалыптастырады және оларды экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді. Экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы осындай мәліметтерді қабылдауды және өңдеуді жүзеге асырады. Ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асыру кезінде "Трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынып таңбаланған тауарларды есепке алуға қабылдаудан бас тарту туралы мәліметтер беру" (P.LS.03.PRC.012) рәсімі орындалады.


Экспорттаушыдан тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне трансшекаралық сауда шеңберінде сатылып таңбаланған тауарлар туралы ақпарат келіп



түскен жағдайда және егер Одақ құқығында осындай тауарлар үшін ақпараттандырудың тиісті рәсімі көзделген жағдайда, экспорттаушы тіркелген уәкілетті орган таңбаланған осындай тауарлар және сатылған тауарларға қондырылған және (немесе) тауарлардың дара тұтынушылық қаптамасына, тауарлардың топтық немесе көліктік қаптамаларына қондырылған сәйкестендіру құралдары туралы алынған ақпаратты, егер қаптамалардың осындай түрлерін таңбалау Одақ құқығында көзделсе, импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді. Импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы осындай мәліметтерді қабылдауды және өңдеуді жүзеге асырады. Ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асыру кезінде "Экспорттаушының (сатушының) трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сатуы туралы хабардар ету" (P.LS.03.PRC.013) рәсімі орындалады.

Экспорттаушыдан тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне трансшекаралық сауда шеңберінде сатылып таңбаланған тауарлар туралы бұрын берілген ақпараттың күшін жою қажеттігі туралы ақпарат келіп түскен жағдайда және егер экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы "Экспорттаушының (сатушының) трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сатуы туралы хабардар ету" (P.LS.03.PRC.013) рәсімінің шеңберінде хабардар етудің тиісті рәсімін бұған дейін орындаған жағдайда, экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы осындай таңбаланған тауарлар және сатылған тауарларға қондырылған және (немесе) тауарлардың дара тұтынушылық қаптамасына, тауарлардың топтық немесе көліктік қаптамаларына қондырылған сәйкестендіру құралдары туралы алынған ақпаратты, егер қаптамалардың осындай түрлерін таңбалау Одақ құқығында көзделсе, импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді. Импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы осындай мәліметтерді қабылдауды және өңдеуді жүзеге асырады. Ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асыру кезінде "Экспорттаушының (сатушының) трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сатуы туралы мәліметтердің күшін жою" (P.LS.03.PRC.014) рәсімі орындалады.

16. Трансшекаралық сауда шеңберіндегі таңбаланған тауарлар айналымы туралы мәліметтер беру рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 2-суретте көрсетілген.



2-сурет. Траншекаралық сауда шеңберіндегі таңбаланған тауарлар айналымы туралы мәліметтер беру рәсімдері тобының жалпы схемасы

17. Траншекаралық сауда шеңберіндегі таңбаланған тауарлар айналымы туралы мәліметтер беру рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 2-кестеде келтірілген.

2-кесте

**Траншекаралық сауда шеңберіндегі таңбаланған тауарлар айналымы туралы мәліметтер беру рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі**

Кодтық белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
		рәсім экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органынан сұрау салуда көрсетілген және (немесе) тауардың дара тұтынушылық


P.LS.03.PRC.010	трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған таңбаланған тауарлар туралы мәліметтер сұрату және ұсыну	қаптамасына, сәйкестендіру құралдары сұрау салуда көрсетілген тауарлардың топтық немесе көліктік қаптамаларына енгізілген сәйкестендіру құралдарымен таңбаланған тауарлар туралы мәліметтер алу мақсатында трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған осындай таңбаланған тауарлар туралы мәліметтерге сұрау салуды беруге арналған
P.LS.03.PRC.011	трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған, есепке алуға қабылданатын таңбаланған тауарлар туралы мәліметтер беру	рәсім трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған және импорттаушы есепке алуға қабылдаған таңбаланған тауарлар туралы мәліметтер беруге арналған
P.LS.03.PRC.012	трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған таңбаланған тауарларды есепке алуға қабылдаудан бас тарту туралы мәліметтер беру	рәсім трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған, импорттаушы оларды есепке қабылдаудан бас тартқан таңбаланған тауарлар туралы мәліметтер беруге арналған
P.LS.03.PRC.013	экспорттаушының (сатушының) трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сатуы туралы хабардар ету	рәсім трансшекаралық сауда шеңберінде сатылған таңбаланған тауарлар туралы мәліметтер беруге арналған
P.LS.03.PRC.014	экспорттаушының (сатушының) трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сатуы туралы мәліметтердің күшін жою	рәсім таңбаланған тауарларды трансшекаралық сауда шеңберінде сату туралы бұрын берілген мәліметтердің күшін жою туралы мәліметтер беруге арналған

## **5. Тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компоненттеріндегі тауарлар туралы мәліметтерді үндестіру рәсімдерінің тобы**

18. Экспорттаушының тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне оларды таңбалау Одақтың құқығына сәйкес мүше мемлекеттерде жүзеге асырылатын және оларды сатуды трансшекаралық сауда шеңберінде жүзеге асыру жоспарланып отырған тауар туралы ақпарат келіп түскен жағдайда, экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы тауар туралы алынған мәліметтерді импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді. Импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы осындай мәліметтерді қабылдауды және өндеуді жүзеге асырады. Ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асыру кезінде "Басқа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізілген тауар туралы мәліметтер беру" (P.LS.03.PRC.015) рәсімі орындалады.

Экспорттаушыдан тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне оларды таңбалау Одақтың құқығына сәйкес мүше мемлекеттерде жүзеге асырылатын және оларды сатуды трансшекаралық сауда шеңберінде жүзеге асыру жоспарланып отырған тауар туралы өзгертілген ақпарат келіп түскен жағдайда, экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы тауар туралы алынған өзгертілген мәліметтерді импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді. Импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы осындай мәліметтерді қабылдауды және өңдеуді жүзеге асырады. Ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асыру кезінде "Басқа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізілген тауар туралы өзгертілген мәліметтер беру" (P.LS.03.PRC.016) рәсімі орындалады.

19. Тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компоненттеріндегі тауарлар туралы мәліметтерді үндестіру рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 3-суретте көрсетілген.



3-сурет. Тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компоненттеріндегі тауарлар туралы мәліметтерді үндестіру рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы

20. Тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компоненттеріндегі тауарлар туралы мәліметтерді үндестіру рәсімдері тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 3-кестеде келтірілген.

3-кесте

**Тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компоненттеріндегі тауарлар туралы мәліметтерді үндестіру рәсімдері тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі**

Кодтық белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы

1	2	3
P.LS.03.PRC.015	басқа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізілген тауар туралы мәліметтер беру	рәсім таңбалануы Одақтың құқығына сәйкес мүше мемлекеттерде жүзеге асырылатын және оларды сатуды трансшекаралық сауда шеңберінде жүзеге асыру жоспарланып отырған тауар туралы мәліметтер беруге арналған
P.LS.03.PRC.016	басқа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізілген тауар туралы өзгертілген мәліметтер беру	рәсім таңбалануы Одақтың құқығына сәйкес мүше мемлекеттерде жүзеге асырылатын және оларды сатуды трансшекаралық сауда шеңберінде жүзеге асыру жоспарланып отырған тауар туралы өзгертілген мәліметтер беруге арналған

## 6. Таңбалау кодтары туралы мәліметтер беру рәсімдерінің тобы


21. Шаруашылық жүргізуші субъектіден тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне сәйкестендіру құралдарын қалыптастыру және оларды сатуды трансшекаралық сауда шеңберінде жүзеге асыру жоспарланып отырған және таңбалануы осындай сұрау салу тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне жіберілген мүше мемлекетте жүзеге асырылмайтын тауарларға оларды қондыру үшін таңбалау кодтарын генерациялау туралы сұрау салу келіп түскен жағдайда, экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы шаруашылық жүргізуші субъектіден алынған тауар туралы мәліметтерді таңбалау кодтарын генерациялауға тапсырыс беру үшін импорттаушы тіркелген және Одақ құқығына сәйкес осындай тауарды сәйкестендіру құралдарымен таңбалау жүзеге асырылатын мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді. Импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы осындай мәліметтерді қабылдауды және өндеуді жүзеге асырады және экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органына тауар туралы алынған мәліметтерге сәйкес генерацияланған таңбалау кодтары туралы мәліметтерді қамтитын жауапты, не таңбалау кодтарын генерациялаудан бас тарту туралы ақпаратты жібереді. Ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асыру кезінде " Таңбалау кодтарына тапсырыс беру және генерацияланған таңбалау кодтары туралы мәліметтер алу үшін мәліметтер беру" (P.LS.03.PRC.017) рәсімі орындалады.

Шаруашылық жүргізуші субъектіден тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне сәйкестендіру құралдарын қалыптастыру және оларды сатуды трансшекаралық сауда шеңберінде жүзеге асыру жоспарланып отырған және таңбалануы осындай сұрау салу тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне жіберілген мүше мемлекетте жүзеге асырылмайтын тауарларға оларды қондыру үшін таңбалау кодтарын тіркеу туралы сұрау салу келіп түскен жағдайда,

экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы шаруашылық жүргізуші субъектіден алынған тауар туралы мәліметтерді таңбалау кодтарын тіркеуге тапсырыс беру үшін импорттаушы тіркелген және Одақ құқығына сәйкес осындай тауарды сәйкестендіру құралдарымен таңбалау жүзеге асырылатын мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді. Импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы осындай мәліметтерді қабылдауды және өңдеуді жүзеге асырады және экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органына тауар туралы алынған мәліметтерге сәйкес тіркелген таңбалау кодтары туралы мәліметтерді қамтитын жауапты, не таңбалау кодтарын тіркеуден бас тарту туралы ақпаратты жібереді. Ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асыру кезінде "Таңбалау кодтарын тіркеу және тіркелген таңбалау кодтары туралы мәліметтер алу үшін мәліметтер беру" (P.LS.03.PRC.018) рәсімі орындалады.

Шаруашылық жүргізуші субъектісі "Таңбалау кодтарына тапсырыс беру және генерацияланған таңбалау кодтары туралы мәліметтер алу үшін мәліметтер беру" (P.LS.03.PRC.017) немесе "Таңбалау кодтарын тіркеу және тіркелген таңбалау кодтары туралы мәліметтер алу үшін мәліметтер беру" (P.LS.03.PRC.018) рәсімдерінің шеңберінде генерацияланған таңбалау кодтары туралы мәліметтер немесе тіркелген таңбалау кодтары туралы мәліметтер алған жағдайда және осындай таңбалау кодтарын сәйкестендіру құралдарын қалыптастыру және оларды трансшекаралық саудаға арналған тауарларға қондыру және осындай таңбалау кодтары туралы тиісті ақпаратты экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне беру үшін экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы шаруашылық жүргізуші субъектіден алынған таңбалау кодтарын пайдалану туралы ақпаратты импорттаушы тіркелген және Одақ құқығына сәйкес осындай тауарды сәйкестендіру құралдарымен таңбалау жүзеге асырылатын мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді. Импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы осындай мәліметтерді қабылдауды және өңдеуді жүзеге асырады және экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органына таңбалау кодтарын пайдалану туралы ақпаратты өңдеу нәтижелері туралы хабарлама береді. Ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асыру кезінде "Шаруашылық жүргізуші субъектінің таңбалау кодтарын пайдалану туралы ақпарат беруі" (P.LS.03.PRC.019) рәсімі орындалады.

22. Таңбалау кодтары туралы мәліметтер беру рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 4-суретте көрсетілген.



4-сурет. Таңбалау кодтары туралы мәліметтер беру рәсімдері тобының жалпы схемасы

23. Таңбалау кодтары туралы мәліметтер беру рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 4-кестеде келтірілген 4-кесте

**Таңбалау кодтары туралы мәліметтер беру рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі**

Кодтық белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.LS.03.PRC.017	таңбалау кодтарына тапсырыс беру және генерацияланған таңбалау кодтары туралы мәліметтер алу үшін мәліметтер беру	рәсім таңбалау кодтарын сәйкестендіру құралдарын қалыптастыру және оларды сатуды трансшекаралық сауда шеңберінде жүзеге асыру жоспарланып отырған және таңбалануы мүше мемлекетте жүзеге асырылмайтын тауарларға оларды қондыру үшін одан әрі пайдалану мақсатында таңбалау кодтарын генерациялау үшін қажетті мәліметтерді беруге арналған

P.LS.03.PRC.018	таңбалау кодтарын тіркеу және тіркелген таңбалау кодтары туралы мәліметтер алу үшін мәліметтер беру	рәсім таңбалау кодтарын сәйкестендіру құралдарын қалыптастыру және оларды сатуды трансшекаралық сауда шеңберінде жүзеге асыру жоспарланып отырған және таңбалануы мүше мемлекетте жүзеге асырылмайтын тауарларға оларды қондыру үшін одан әрі пайдалану мақсатында таңбалау кодтарын тіркеу үшін қажетті мәліметтерді беруге арналған
P.LS.03.PRC.019	шаруашылық жүргізуші субъектісінің таңбалау кодтарын пайдалану туралы ақпарат беруі	рәсім сәйкестендіру құралдарын қалыптастыру және оларды сатуды трансшекаралық сауда шеңберінде жүзеге асыру жоспарланып отырған және таңбалануы мүше мемлекетте жүзеге асырылмайтын тауарларға оларды қондыру кезінде таңбалау кодтары пайдаланылған жағдайда оларды шаруашылық жүргізуші субъектінің пайдалануы туралы беруге арналған


**7. Келісімнің орындалуын мониторингтеу және бақылау мақсатында таңбаланған тауарлар мен олардың сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтерді Комиссияның алуы рәсімдерінің тобы**

24. Комиссия Келісімнің орындалуын мониторингтеу және бақылау мақсатында мүше мемлекеттің мәліметтер беретін уәкілетті органынан таңбаланған тауарлар мен олардың сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтерді сұратады. Мүше мемлекеттің мәліметтер беретін уәкілетті органы алынған сұрау салуды өңдейді және сұрау салуда көрсетілген параметрлерге сәйкес мәліметтер береді.

Ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асыру кезінде "Келісімнің орындалуын мониторингтеу және бақылау мақсатында таңбаланған тауарлар мен олардың сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтерді Комиссияның алуы" (P.LS.03.PRC.020) рәсімі орындалады.

25. Келісімнің орындалуын мониторингтеу және бақылау мақсатында таңбаланған тауарлар мен олардың сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтерді Комиссияның алуы рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 5-суретте көрсетілген.





5-сурет. Келісімнің орындалуын мониторингтеу және бақылау мақсатында таңбаланған тауарлар мен олардың сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтерді Комиссияның алуы рәсімдері тобының жалпы схемасы

26. Келісімнің орындалуын мониторингтеу және бақылау мақсатында таңбаланған тауарлар мен олардың сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтерді Комиссияның алуы рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 5-кестеде келтірілген.

5-кесте

**Келісімнің орындалуын мониторингтеу және бақылау мақсатында таңбаланған тауарлар мен олардың сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтерді Комиссияның алуы рәсімдері тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі**

Кодтық белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.LS.03.PRC.020	Келісімнің орындалуын мониторингтеу және бақылау мақсатында таңбаланған тауарлар мен олардың сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтерді Комиссияның алуы	рәсім сұрау салу бойынша Келісімнің орындалуын мониторингтеу және бақылау мақсатында таңбаланған тауарлар мен олардың сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтерді Комиссияның алуына арналған


**8. Мүдделі тұлғаға таңбаланған тауар мен сәйкестендіру құралы туралы мәліметтер беру рәсімдерінің тобы**

27. Мүдделі тұлға таңбаланған тауар мен сәйкестендіру құралы туралы мәліметтерді тауарларды таңбалаудың ақпараттық жүйесі ұлттық компонентінің ақпараттық сервистерін не Одақтың ақпараттық порталына орналастырылған тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің интеграциялық компонентінің құрамындағы ақпараттық сервистерді пайдалану арқылы алады.

Мүдделі тұлғаға Одақтың ақпараттық порталына орналастырылған тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің интеграциялық компонентінің құрамындағы ақпараттық сервистер арқылы таңбаланған тауар мен сәйкестендіру құралы туралы

мәліметтер беру кезінде "Тауарларды таңбалаудың ақпараттық жүйесі интеграциялық компонентінің ақпараттық сервистері арқылы таңбаланған тауар мен сәйкестендіру құралы туралы мәліметтер беру" (P.LS.03.PRC.021) рәсімі орындалады, оны орындау барысында мүдделі тұлға Одақтың ақпараттық порталына орналастырылған тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің интеграциялық компонентінің құрамындағы ақпараттық сервистер арқылы сұрау салу қалыптастырады, соған сәйкес Комиссия мәліметтер беретін уәкілетті органнан таңбаланған тауар мен сәйкестендіру құралы туралы мәліметтер сұратады және алады, ал сұрау салуды өңдеу нәтижелері алынған кезде алынған мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталына орналастырылған тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің интеграциялық компонентінің құрамындағы ақпараттық сервистер арқылы мүдделі тұлғаға ұсынады.

28. Мүдделі тұлғаға таңбаланған тауар мен сәйкестендіру құралы туралы мәліметтер беру рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 6-суретте көрсетілген.



6-сурет. Мүдделі тұлғаға таңбаланған тауар мен сәйкестендіру құралы туралы мәліметтер беру рәсімдері тобының жалпы схемасы

29. Мүдделі тұлғаға таңбаланған тауар мен сәйкестендіру құралы туралы мәліметтер беру рәсімдері тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 6-кестеде келтірілген.

6-кесте

**Мүдделі тұлғаға таңбаланған тауар мен сәйкестендіру құралы туралы мәліметтер беру рәсімдері тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі**

Кодтық белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3

P.LS.03.PRC.021	тауарларды таңбалаудың ақпараттық жүйесі интеграциялық компонентінің ақпараттық сервистері арқылы таңбаланған тауар мен сәйкестендіру құралы туралы мәліметтер беру	рәсім мүдделі тұлғаның Одақтың ақпараттық порталына орналастырылған тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің интеграциялық компонентінің ақпараттық сервистерін пайдалана отырып, таңбаланған тауар мен сәйкестендіру құралы туралы мәліметтерді алуына арналған
-----------------	---	--

## V. Жалпы процестің ақпараттық объектілері

30. Жалпы процеске қатысушылардың арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл процесінде олар туралы және олардан мәліметтер берілетін ақпараттық объектілердің тізбесі 7-кестеде келтірілген.

7-кесте

### Ақпараттық объектілердің тізбесі

Кодтық белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.LS.03.BEN.003	таңбаланған тауарлардың айналымы туралы мәліметтер	таңбаланған тауарлардың айналымы туралы мәліметтердің жиынтығы
P.LS.03.BEN.004	таңбаланған тауар туралы мәліметтер	сәйкестендіру құралдары мен сәйкестендіру құралдары қондырылған тауар туралы мәліметтердің жиынтығы
P.LS.03.BEN.005	тауарлар туралы мәліметтер	тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компоненттеріне енгізілген тауарлар туралы мәліметтердің жиынтығы
P.LS.03.BEN.006	таңбалау кодтары туралы мәліметтер	сәйкестендіру құралдарын қалыптастыру үшін пайдаланылатын таңбалау кодтары туралы мәліметтердің жиынтығы

## VI. Жалпы процеске қатысушылардың жауапкершілігі

31. Комиссияның ақпараттық өзара іс-қимылға қатысатын лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерін мәліметтерді берудің уақтылылығын және толықтығын қамтамасыз етуге бағытталған талаптарды сақтамағаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тарту 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа, Одақ құқығын құрайтын өзге де халықаралық шарттар мен актілерге сәйкес, ал мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының лауазымды тұлғалары мен

қызметкерлерін тәртіптік жауапкершілікке тарту – мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

## VII. Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштары

32. Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі 8-кестеде келтірілген.

8-кесте

### Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі

Кодтық белгіленуі	Атауы	Типі	Сипаттамасы
1	2	3	4
P.CLS.001	әлем елдерінің сыныптауышы	сыныптауыш	елдердің атаулары мен оларға сәйкес келетін кодтардың тізбесін қамтиды (Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне сәйкес қолданылады)
P.CLS.023	өлшем бірліктерінің сыныптауышы	сыныптауыш	өлшем бірліктері кодтарының, шартты белгілерінің және атауларының тізбесін қамтиды (Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне сәйкес қолданылады)
P.CLS.024	тілдер сыныптауышы	сыныптауыш	тілдердің атаулары мен олардың кодтарының тізбесін қамтиды (Комиссия Алқасының 2019 жылғы 10 қыркүйектегі № 152 шешіміне сәйкес қолданылады)
P.LS.03.CLS.003	тауарды айналымға шығару тәсілдерінің анықтамалығы	анықтамалық	тауарды айналымға шығару тәсілдерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.LS.03.CLS.004	таңбаланған тауарлар мәртебелерінің тізбесі	анықтамалық	тауардың таңбаланған тауар айналымы процесіне қатысы бойынша жай-күйін айқындайтын таңбаланған тауарлар


			мәртебелерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.LS.03.CLS.005	сәйкестендіру құралдары түрлерінің сыныптауышы	сыныптауыш	тауарларды таңбалау кезінде Одақта пайдаланылатын сәйкестендіру құралдарының түрлері атауларының және олардың кодтарының тізбесін қамтиды

## **VIII. Жалпы процестің рәсімдері**

### **1. Траншекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауардың айналымы туралы мәліметтер беру рәсімдері**

#### **"Траншекаралық сауда шеңберінде сатып алынып таңбаланған тауарлар туралы мәліметтер сұрату және беру" (P.LS.03.PRC.010) рәсімі**

33. "Траншекаралық сауда шеңберінде сатып алынып таңбаланған тауарлар туралы мәліметтер сұрату және беру" (P.LS.03.PRC.010) рәсімін орындау схемасы 7-суретте көрсетілген.



7-сурет. "Трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынып таңбаланған тауарлар туралы мәліметтер сұрату және беру" (P.LS.03.PRC.010) рәсімін орындау схемасы

34. "Трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынып таңбаланған тауарлар туралы мәліметтер сұрату және беру" (P.LS.03.PRC.010) рәсімін импорттаушыдан тауарларға қондырылған және (немесе) трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған тауарлардың жеке-дара тұтынушылық қаптамасына, егер қаптамалардың осындай түрлерін таңбалау Одақ құқығында көзделсе, тауарлардың топтық немесе көліктік қаптамаларына қондырылған сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтер келіп түскен кезде мүше мемлекеттің уәкілетті органы орындайды.

"Трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынып таңбаланған тауарлар туралы мәліметтер сұрату және беру" (P.LS.03.PRC.010) рәсімі мына шарттардың бірі сақталған жағдайда орындалады:

а) импорттаушы ұсынған тауарларға қондырылған және (немесе) трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған тауарлардың жеке-дара тұтынушылық қаптамасына, тауарлардың топтық немесе көліктік қаптамаларына қондырылған сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтер импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде жоқ;

б) импорттаушы ұсынған тауарларға қондырылған және (немесе) трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған тауарлардың жеке-дара тұтынушылық қаптамасына, тауарлардың топтық немесе көліктік қаптамаларына қондырылған сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтер импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде бар, бұл ретте импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіндегі осындай таңбаланған тауарлардың ағымдағы мәртебесі мына мәндердің біріне сәйкес келеді:

басқа мүше мемлекеттің импорттаушысының трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған тауарды есепке қабылдауына байланысты белгіленген "тауар айналымнан шығарылды";

тауардың трансшекаралық сауда шеңберінде экспорттаушыға қайтарылуына байланысты немесе экспорттаушы ұсынған трансшекаралық сауда шеңберінде сатылған (сатуға арналған) тауар туралы ақпараттың күші жойылуына байланысты белгіленген "жай-күйі айқындалмады".

35. Осы Қағидалардың 34-тармағында белгіленген шарттар сақталған жағдайда "Трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынып таңбаланған тауарлар туралы мәліметтер сұрату" (P.LS.03.OPR.034) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған, тауарларға қондырылған және (немесе) трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған тауарлардың жеке-дара тұтынушылық қаптамасына, тауарлардың топтық немесе көліктік қаптамаларына қондырылған сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтерді қамтитын сұрау салуды қалыптастырады және оны экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді.

36. Экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынып таңбаланған тауарлар туралы мәліметтерге сұрау салуды алған кезде "Экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органының трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынып таңбаланған тауарлар туралы мәліметтерге сұрау салуын қабылдап алуы және өңдеуі" (P.LS.03.OPR.035) операциясы орындалады.

"Экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органының трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынып таңбаланған тауарлар туралы мәліметтерге сұрау салуын қабылдап алуы және өңдеуі" (P.LS.03.OPR.035) операциясын орындау нәтижелері бойынша экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынып таңбаланған тауарлар туралы мәліметтерге сұрау салуды өңдеу нәтижелері туралы, экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіндегі деректерге сәйкес тауарлар мен олардың мәртебелері туралы мәліметтерді, оның ішінде

жеке-дара тұтынушылық қаптаманы иеленетін және (немесе) алынған сұрау салуда көрсетілген сәйкестендіру құралдары қондырылған тауарлардың топтық немесе көліктік қаптамасына енгізілген тауарлар туралы мәліметтерді қамтитын хабарламаны қалыптастырады және оны импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді.

37. Трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынып таңбаланған тауарлар туралы мәліметтерге сұрау салуды өңдеу нәтижесі туралы хабарлама келіп түскен кезде импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы "Трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынып таңбаланған тауарлар туралы мәліметтерді қабылдап алу" ( P.LS.03.OPR.036) операциясын орындайды. Операцияны орындау нәтижесінде таңбаланған тауарлар, олардың мәртебесі, өңдеу нәтижелері туралы мәліметтер, оның ішінде жеке-дара тұтынушылық қаптаманы иеленетін тауарлар туралы мәліметтер, сондай-ақ экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы ұсынған тауарлардың топтық немесе көліктік қаптамасына енгізілген тауарлар туралы мәліметтер төмендегі қағидаларға сәйкес импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компоненті шеңберінде ескеріледі:

а) импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде таңбаланған тауарлар үшін (оның ішінде жеке-дара тұтынушылық қаптаманы иеленетін немесе тауарлардың топтық немесе көліктік қаптамасына енгізілген тауарлар үшін) "тауар трансшекаралық сауда шеңберінде сатылды (сатуға арналды)" мәніне сәйкес келетін мәртебе белгіленеді, олар туралы алынған мәліметтер бір мезгілде мына шарттарға сәйкес келеді:

таңбаланған тауарлар туралы алынған мәліметтер "тауар трансшекаралық сауда шеңберінде сатылды (сатуға арналды)" мәніне сәйкес келетін тауарлар мәртебесін қамтиды;

таңбаланған тауарлар туралы алынған мәліметтер "мәліметтер өңделді" мәніне сәйкес келетін мәліметтерді өңдеу нәтижесінің кодын қамтиды;

таңбаланған тауарлар туралы алынған мәліметтердің құрамындағы таңбаланған тауарларды экспорттаушы (сатушы) және импорттаушы (сатып алушы) туралы мәліметтер импорттаушы ұсынған және импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде сақталатын таңбаланған тауарларды экспорттаушы (сатушы) және импорттаушы (сатып алушы) туралы мәліметтерге сәйкес келеді;

б) ол туралы алынған мәліметтер осы тармақтың "а" тармақшасында келтірілген шарттарға сәйкес келмейтін таңбаланған тауарлар үшін импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде тауарлардың айналымын одан әрі талдау мен бақылауды қамтамасыз ету мақсатында "тауар трансшекаралық сауда шеңберінде сатылды (сатуға арналды)" мәніне сәйкес келетін мәртебе белгілеудің мүмкін еместігі қамтамасыз етіледі.



38. Импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіндегі өңдеу, экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы ұсынған таңбаланған тауарлар және олардың мәртебесі туралы мәліметтер, оның ішінде жеке-дара тұтынушылық қаптаманы иеленетін тауарлар туралы және (немесе) тауарлардың топтық немесе көліктік қаптамасына енгізілген, оларға сәйкестендіру құралдары қондырылған тауарлар туралы мәліметтер және осындай мәліметтерді импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде есепке алу: таңбаланған тауарлар үшін "тауар трансшекаралық сауда шеңберінде сатылды (сатуға арналды)" және (немесе) осындай тауарлардың айналымын одан әрі талдау мен бақылауды қамтамасыз ету мақсатында таңбаланған тауар үшін осындай мәртебе белгіленбейтіні туралы ақпаратты есепке алу "Трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынып таңбаланған тауарлар туралы мәліметтер сұрату және беру" (P.LS.03.PRC.010) рәсімін орындау нәтижесі болып табылады.

39. "Трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынып таңбаланған тауарлар туралы мәліметтер сұрату және беру" (P.LS.03.PRC.010) рәсімінің шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 9-кестеде келтірілген.

9-кесте

**"Трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынып таңбаланған тауарлар туралы мәліметтер сұрату және беру" (P.LS.03.PRC.010) рәсімінің шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі**

Кодтық белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.LS.03.OPR.034	трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынып таңбаланған тауарлар туралы мәліметтер сұрату	осы Қағидалардың 10-кестесінде келтірілген
P.LS.03.OPR.035	экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органының трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынып таңбаланған тауарлар туралы мәліметтерге сұрау салуды қабылдауы және өңдеуі	осы Қағидалардың 11-кестесінде келтірілген
P.LS.03.OPR.036	трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынып таңбаланған тауарлар туралы мәліметтерді қабылдау	осы Қағидалардың 12-кестесінде келтірілген

10-кесте

**"Траншекаралық сауда шеңберінде сатып алынып таңбаланған тауарлар туралы мәліметтер сұрату" (P.LS.03.OPR.034) операциясының сипаттамасы**

P/c №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.LS.03.OPR.034
2	Операцияның атауы	траншекаралық сауда шеңберінде сатып алынып таңбаланған тауарлар туралы мәліметтер сұрату
3	Орындаушы	импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	импорттаушыдан тауарларға қондырылған және (немесе) траншекаралық сауда шеңберінде сатып алынған тауарлардың жеке-дара тұтынушылық қаптамасына, тауарлардың топтық немесе көліктік қаптамаларына қондырылған сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтер алу кезінде мына шарттардың бірі сақталған жағдайда орындалады: а) импорттаушы ұсынған тауарларға қондырылған және (немесе) траншекаралық сауда шеңберінде сатып алынған тауарлардың дара тұтынушылық қаптамасына, тауарлардың топтық немесе көліктік қаптамаларына қондырылған сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтер импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде жоқ; б) импорттаушы ұсынған тауарларға қондырылған және (немесе) траншекаралық сауда шеңберінде сатып алынған тауарлардың дара тұтынушылық қаптамасына, тауарлардың топтық немесе көліктік қаптамаларына қондырылған сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтер импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде бар. Бұл ретте импорттаушы тіркелген мүше

		<p>мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіндегі осындай таңбаланған тауарлардың ағымдағы мәртебесі мына мәндердің біріне сәйкес келеді: "20" – басқа мүше мемлекеттің импорттаушысының трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған тауарды есепке қабылдауына байланысты белгіленген "тауар айналымнан шығарылды";</p> <p>"00" – тауардың трансшекаралық сауда шеңберінде экспорттаушыға қайтарылуына байланысты немесе экспорттаушы ұсынған трансшекаралық сауда шеңберінде сатылған (сатуға арналған) тауар туралы ақпараттың күші жойылуына байланысты белгіленген "жай-күйі айқындалмады"</p>
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы және құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтарына және құрылымдарына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған таңбаланған тауарлар туралы мәліметтерге сұрау салуды қалыптастырады және оны экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді
7	Нәтижелер	трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынып таңбаланған тауарлар туралы мәліметтерге сұрау салу экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органына жіберілді

11-кесте

**"Экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органының трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынып таңбаланған тауарлар туралы мәліметтерге сұрау салуды қабылдауы және өңдеуі" (P.LS.03.OPR.035) операциясының сипаттамасы**

Р/с №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.LS.03.OPR.035
2	Операцияның атауы	экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органының трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынып таңбаланған тауарлар туралы мәліметтерге сұрау салуды қабылдауы және өңдеуі
3	Орындаушы	экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынып таңбаланған тауарлар туралы мәліметтерге сұрау салу келіп түскен кезде орындалады ("Трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынып таңбаланған тауарлар туралы мәліметтер сұрату" (P.LS.03.OPR.034)) операциясы
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы және құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтарына және құрылымдарына сәйкес келуге тиіс. Авторлау талап етіледі, мәліметтерді жалпы процеске қатысушылар болып табылатын мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары ғана береді. Хабардың және электрондық құжаттың деректемелері Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде көзделген талаптарға сәйкес болуға тиіс
		орындаушы алынған мәліметтерді өңдеуді Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес орындайды. Өңдеуді орындау нәтижелері бойынша орындаушы Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынып таңбаланған

тауарлар туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарлама қалыптастырады және жібереді. Көрсетілген хабарламаны қалыптастыру кезінде, егер сәйкестендіру құралдары туралы көрсетілген мәліметтер экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде бар болса, сұрау салуда көрсетілген сәйкестендіру құралдарының әрқайсысына сәйкес тауарлар, олардың мәртебелері мен өңдеу нәтижелері туралы мәліметтер беріледі. Бұл ретте, егер сұрау салуға трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған тауарлардың топтық немесе көліктік қаптамасына қондырылған сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтер енгізілген және егер көрсетілген сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтер экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде бар болған жағдайда, онда сұрау салуда көрсетілген сәйкестендіру құралдары қондырылған қаптамалардың агрегация деңгейлеріне қарамастан, тауарлардың топтық немесе көліктік қаптамасына енгізілген барлық тауарлар, олардың мәртебелері мен өңделу нәтижелері туралы мәліметтер беріледі. Егер экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған, сұрау салудың параметрлеріне сәйкес келетін таңбаланған тауарлар туралы мәліметтер болмаса, тиісті ақпарат трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынып таңбаланған тауарлар туралы мәліметтерге сұрау салуды өңдеу нәтижесі туралы хабарламаның құрамында ұсынылады

7	Нәтижелер	трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынып таңбаланған тауарлар туралы мәліметтерге сұрау салу өңделді; трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынып таңбаланған тауарлар туралы мәліметтерге сұрау салуды өңдеу нәтижесі туралы хабарлама импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органына жіберілді
---	-----------	--

12-кесте


**"Трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынып таңбаланған тауарлар туралы мәліметтерді қабылдап алу" (P.LS.03.OPR.036) операциясының сипаттамасы**

Р/с №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.LS.03.OPR.036
2	Операцияның атауы	трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынып таңбаланған тауарлар туралы мәліметтерді қабылдап алу
3	Орындаушы	импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	орындаушы трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынып таңбаланған тауарлар туралы мәліметтерге сұрау салуды өңдеу нәтижесі туралы хабарламаны алған кезде орындалады ("Экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органының трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынып таңбаланған тауарлар туралы мәліметтерге сұрау салуды қабылдауы және өңдеуі" (P.LS.03.OPR.035) операциясы))
5	Шектеулер	хабарламаның форматы және құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтарына және құрылымдарына сәйкес келуге тиіс. Авторлау талап етіледі, мәліметтерді жалпы процеске қатысушылар болып табылатын мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары ғана береді. Хабардың және электрондық құжаттың деректемелері Мүше

		<p>мемлекеттердің уәкілетті органдарының арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде көзделген талаптарға сәйкес болуға тиіс</p>
6	Операцияның сипаттамасы	<p>орындаушы Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынып таңбаланған тауарлар туралы мәліметтерге сұрау салуды өңдеу нәтижесі туралы алынған хабарламаны өңдеуді орындайды. Орындаушы өңдеу нәтижелері бойынша осы Қағидалардың 37-тармағына сәйкес таңбаланған тауарлар туралы мәліметтерге сұрау салуды өңдеу нәтижесі туралы хабарламаның құрамында көрсетілген таңбаланған тауардың мәртебесін, оны өңдеу нәтижесі мен импорттаушы (сатып алушы) және экспорттаушы (сатушы) туралы мәліметтерді ескере отырып, импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компоненті шеңберінде сатып алынып таңбаланған тауарлар туралы мәліметтерді ескереді</p>
7	Нәтижелер	<p>трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынып таңбаланған тауарлар туралы мәліметтерге сұрау салуды өңдеу нәтижесі туралы алынған хабарлама өңделді</p>

**"Трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған, есепке алуға қабылданатын таңбаланған тауарлар туралы мәліметтер беру" (P.LS.03.PRC.011) рәсімі**

40. "Трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған, есепке алуға қабылданатын таңбаланған тауарлар туралы мәліметтер беру" (P.LS.03.PRC.011) рәсімін орындау схемасы 8-суретте көрсетілген.



8-сурет. "Трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған, есепке алуға қабылданатын таңбаланған тауарлар туралы мәліметтер беру" (P.LS.03.PRC.011) рәсімін орындау схемасы

41. "Трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған, есепке алуға қабылданатын таңбаланған тауарлар туралы мәліметтер беру" (P.LS.03.PRC.011) рәсімін импорттаушыдан трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған, импорттаушы есепке алуға қабылдайтын таңбаланған тауарлар туралы мәліметтер келіп түскен кезде импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы орындайды.

"Трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған, есепке алуға қабылданатын таңбаланған тауарлар туралы мәліметтер беру" (P.LS.03.PRC.011) рәсімі мынадай шарттар сақталған жағдайда орындалады:

а) таңбаланған тауарлар және трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған тауарлардың жеке-дара тұтынушылық қаптамасына, тауарлардың топтық немесе көліктік қаптамаларына қондырылған, олар туралы мәліметтерді импорттаушы берген сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтер импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде бар;

б) импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде оларды есепке алуға қабылдау туралы мәліметтерді импорттаушы ұсынған таңбаланған тауарлардың, оның ішінде жеке-дара тұтынушылық қаптаманы иеленетін және (немесе) импорттаушы ұсынған



сәйкестендіру құралдары қондырылған топтық немесе көліктік қаптамаларға енгізілген тауарлардың ағымдағы мәртебесі "тауар трансшекаралық сауда шеңберінде сатылды (сатуға арналды)" мәніне сәйкес келеді;

в) импорттаушы берген таңбаланған тауарларды экспорттаушы (сатушы) және импорттаушы (сатып алушы) туралы мәліметтер импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде сақталатын таңбаланған тауарларды экспорттаушы (сатушы) және импорттаушы (сатып алушы) туралы мәліметтерге сәйкес келеді.

42. Осы Қағидалардың 41-тармағында белгіленген шарттар сақталған жағдайда "Есепке алуға қабылданатын таңбаланған тауарлар туралы мәліметтер беру" (P.LS.03.OPR.037) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы тауарларға және (немесе) тауарлардың жеке-дара тұтынушылық қаптамасына қондырылған сәйкестендіру құралдарын көрсете отырып немесе осындай тауарлардың топтық немесе көліктік қаптамасына қондырылған сәйкестендіру құралдарын көрсете отырып, трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынып таңбаланған тауарларды есепке алуға қабылдау туралы мәліметтерді қалыптастырады және оларды экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді.

43. Экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған, есепке алуға қабылданатын таңбаланған тауарлар туралы мәліметтерді алған кезде "Экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органының есепке алуға қабылданатын таңбаланған тауарлар туралы мәліметтерді қабылдап алуы және өңдеуі" (P.LS.03.OPR.038) операциясы орындалады.

"Экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органының есепке алуға қабылданатын таңбаланған тауарлар туралы мәліметтерді қабылдап алуы және өңдеуі" (P.LS.03.OPR.038) операциясын орындау нәтижелері бойынша экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы топтық немесе көліктік қаптамаларға енгізілмеген, оның ішінде жеке-дара тұтынушылық қаптаманы иеленетін тауарлардың әрқайсысы бойынша мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы ақпаратты, немесе импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы берген сәйкестендіру құралдары қондырылған топтық немесе көліктік қаптамаға енгізілген барлық тауарлар туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы ақпаратты иеленетін есепке алуға қабылданатын таңбаланған тауарлар туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарламаны қалыптастырады және оны импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді.

Топтық немесе көліктік қаптамаларға енгізілмеген, оның ішінде жеке-дара тұтынушылық қаптаманы иеленетін тауарлардың әрқайсысы бойынша мәліметтерді өңдеу нәтиже мынадай мәліметтерді қамтуы мүмкін:

а) экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде таңбаланған тауар үшін басқа мүше мемлекеттің импорттаушысының трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған тауарды есепке алуға қабылдауына байланысты белгіленген "тауар айналымнан шығарылды" мәніне сәйкес келетін мәртебе белгілеу туралы мәліметтер;

б) экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы берген сәйкестендіру құралы қондырылған таңбаланған тауар үшін "тауар айналымнан шығарылды" мәніне сәйкес келетін мәртебені мына шарттардың бірінің орындалуына байланысты:

егер экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органының трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған, есепке алуға қабылданатын таңбаланған тауар туралы мәліметтер алуы сәтінде экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіндегі тауардың мәртебесі "тауар трансшекаралық сауда шеңберінде сатылды (сатуға арналды)" мәніне сәйкес келмейтін жағдайда;

егер таңбаланған тауар үшін трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған, есепке алуға қабылданатын таңбаланған тауарлар туралы мәліметтердің құрамында көрсетілген таңбаланған тауарды экспорттаушы (сатушы) және импорттаушы (сатып алушы) туралы мәліметтер экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде сақталатын таңбаланған тауарды экспорттаушы (сатушы) және импорттаушы (сатып алушы) туралы мәліметтерге сәйкес келмеген жағдайда;

егер экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған, есепке алуға қабылданатын таңбаланған тауарлар туралы мәліметтердің құрамында көрсетілген мәліметтер табылмаған жағдайда белгіленбейтіні туралы мәліметтер.

Импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы берген сәйкестендіру құралы қондырылған топтық немесе көліктік қаптамаға енгізілген барлық тауарлар туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі мәліметтердің мынадай түрлерін қамтуы мүмкін:

а) экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы берген сәйкестендіру құралдары қондырылған тауарлардың топтық немесе көліктік қаптамаларына енгізілген барлық таңбаланған тауарлар үшін трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған барлық тауарларды басқа мүше мемлекеттің импорттаушысының есепке алуға қабылдауына байланысты "тауар айналымнан шығарылды" мәніне сәйкес келетін мәртебелер белгілеу туралы мәліметтер;

б) экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті

органы берген сәйкестендіру құралдары қондырылған тауарлардың топтық немесе көліктік қаптамаларына енгізілген барлық таңбаланған тауарлар үшін "тауар айналымнан шығарылды" мәніне сәйкес келетін мәртебелерді мына шарттардың бірінің орындалуына байланысты:

егер экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органының трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған, есепке алуға қабылданатын таңбаланған тауар туралы мәліметтер алуы сәтінде экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде топтық немесе көліктік қаптамаға енгізілген барлық тауарлардың немесе олардың бөліктерінің мәртебесі "тауар трансшекаралық сауда шеңберінде сатылды (сатуға арналды)" мәніне сәйкес келмейтін жағдайда;

егер топтық немесе көліктік қаптамаға енгізілген барлық тауарлар немесе олардың бөліктері үшін трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған, есепке алуға қабылданатын таңбаланған тауарлар туралы мәліметтердің құрамында көрсетілген таңбаланған тауарды экспорттаушы (сатушы) және импорттаушы (сатып алушы) туралы мәліметтер экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде сақталатын таңбаланған тауарды экспорттаушы (сатушы) және импорттаушы (сатып алушы) туралы мәліметтерге сәйкес келмеген жағдайда;

егер экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған, есепке алуға қабылданатын тауарлар туралы мәліметтердің құрамында көрсетілген тауарлардың топтық немесе көліктік қаптамасына қондырылған сәйкестендіру құралы туралы мәліметтер табылмаған жағдайда белгіленбейтіні туралы мәліметтер.

44. Есепке алуға қабылданатын таңбаланған тауарлар туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарлама келіп түскен кезде импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы "Есепке алуға қабылданатын таңбаланған тауарлар туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарламаны қабылдап алу" (P.LS.03.OPR.039) операциясын орындайды. Операцияны орындау нәтижесінде экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы берген есепке алуға қабылданатын таңбаланған тауарлар туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарламаның құрамында алынған мәліметтер импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компоненті шеңберінде ескеріледі.

Топтық немесе көліктік қаптамаларға енгізілмеген, оның ішінде жеке-дара тұтынушылық қаптаманы иеленетін тауарлардың әрқайсысы бойынша мәліметтерді өңдеу нәтижесі мынадай қағидаларға сәйкес импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компоненті шеңберінде ескеріледі:

а) егер есепке алуға қабылданатын мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарламаның құрамында ұсынылған таңбаланған тауар туралы мәліметтер басқа мүше

мемлекеттің импорттаушысының трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған тауарды есепке алуға қабылдауына байланысты белгіленген "тауар айналымнан шығарылды" мәніне сәйкес келетін тауар мәртебесінің кодын қамтыса және мәліметтерді өңдеу нәтижесінің коды "мәліметтер өңделді" мәніне сәйкес келсе, онда таңбаланған тауар үшін импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компоненті шеңберінде импорттаушының трансшекаралық сауда шеңберінде сатылған тауарды есепке алуға қабылдауына байланысты "тауар мүше мемлекетте айналымға енгізілді" мәніне сәйкес келетін мәртебе белгіленеді;

б) басқа жағдайларда таңбаланған тауарлар үшін импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде осындай тауарлардың айналымын одан әрі талдауды және бақылауды қамтамасыз ету мақсатында "тауар мүше мемлекетте айналымға енгізілді" мәніне сәйкес келетін мәртебенің белгіленбейтіні қамтамасыз етіледі.

Импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы берген сәйкестендіру құралдары қондырылған топтық немесе көліктік қаптамаға енгізілген барлық тауарлар туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі мынадай қағидаларға сәйкес импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компоненті шеңберінде ескеріледі:

а) импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде топтық немесе көліктік қаптамаға енгізілген барлық таңбаланған тауарлар үшін, егер топтық немесе көліктік қаптама үшін мәліметтерді өңдеу нәтижесінің коды "мәліметтер өңделді" мәніне сәйкес келсе, импорттаушының трансшекаралық сауда шеңберінде сатылған тауарды есепке алуға қабылдауына байланысты "тауар мүше мемлекетте айналымға енгізілді" мәніне сәйкес келетін мәртебе белгіленеді;

б) басқа жағдайларда барлық таңбаланған тауарлар үшін импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде осындай тауарлардың айналымын одан әрі талдауды және бақылауды қамтамасыз ету мақсатында "тауар мүше мемлекетте айналымға енгізілді" мәніне сәйкес келетін мәртебенің белгіленбейтіні қамтамасыз етіледі.

45. Импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы ұсынған трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынып есепке алуға қабылданатын таңбаланған тауарлар туралы мәліметтерді, оның ішінде жеке-дара тұтынушылық қаптамасы бар тауарлар туралы мәліметтерді немесе сәйкестендіру құралдары қондырылған тауарлардың топтық немесе көліктік қаптамасына енгізілген барлық тауарлар туралы мәліметтерді экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде өңдеу және есепке алу, сондай-ақ осы Қағидалардың 44-тармағында айқындалған қағидаларға сәйкес

импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіндегі осындай өңдеу нәтижелерін есепке алу "Трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған, есепке алуға қабылданатын таңбаланған тауарлар туралы мәліметтер беру" (P.LS.03.PRC.011) рәсімін орындау нәтижесі болып табылады.

Егер "Трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған, есепке алуға қабылданатын таңбаланған тауарлар туралы мәліметтер беру" (P.LS.03.PRC.011) рәсімін орындау нәтижелері бойынша импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы есепке алуға қабылданатын таңбаланған тауарлар туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарламаның құрамында оны өңдеу нәтижесі бойынша импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде "тауар мүше мемлекетте айналымға енгізілді" мәніне сәйкес келетін мәртебені белгілеу мүмкін болмаса, оны есепке қабылдау туралы мәліметтерді импорттаушы берген топтық немесе көліктік қаптамаға енгізілген барлық таңбаланған тауарлар үшін одан арғы өзара іс-қимыл "Трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған, есепке алуға қабылданатын таңбаланған тауарлар туралы мәліметтер беру" (P.LS.03.PRC.011) рәсімінің шеңберінде осындай топтық (немесе көліктік) қаптамаға кіретін жекелеген тауарларды (немесе топтық қаптамаларды) есепке қабылдау туралы мәліметтерді қайталап беру арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

46. "Трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған, есепке алуға қабылданатын таңбаланған тауарлар туралы мәліметтер беру" (P.LS.03.PRC.011) рәсімінің шеңберінде орындалатын жалпы процесс операциялардың тізбесі 13-кестеде келтірілген.

13-кесте

**"Трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған, есепке алуға қабылданатын таңбаланған тауарлар туралы мәліметтер беру" (P.LS.03.PRC.011) рәсімінің шеңберінде орындалатын жалпы процесс операциялардың тізбесі**

Кодтық белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.LS.03.OPR.037	есепке алуға қабылданатын таңбаланған тауарлар туралы мәліметтер беру	осы Қағидалардың 14-кестесінде келтірілген
P.LS.03.OPR.038	экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органының есепке алуға қабылданатын таңбаланған тауарлар туралы мәліметтерді қабылдап алуы және өңдеуі	осы Қағидалардың 15-кестесінде келтірілген
P.LS.03.OPR.039	есепке алуға қабылданатын таңбаланған тауарлар туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарламаны қабылдау	осы Қағидалардың 16-кестесінде келтірілген

**"Есепке алуға қабылданатын таңбаланған тауарлар туралы мәліметтер беру" (P.LS.03.OPR.037) операциясының сипаттамасы**

P/c №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.LS.03.OPR.037
2	Операцияның атауы	есепке алуға қабылданатын таңбаланған тауарлар туралы мәліметтер беру
3	Орындаушы	импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	<p>орындаушы импорттаушыдан трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған, есепке алуға қабылданатын таңбаланған тауарлар туралы мәліметтер келіп түскен кезде мынадай шарттарды сақтай отырып орындайды:</p> <p>а) таңбаланған тауарлар және трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған тауарлардың жеке-дара тұтынушылық қаптамасына, тауарлардың топтық немесе көліктік қаптамаларына қондырылған, олар туралы мәліметтерді импорттаушы берген сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтер импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде бар;</p> <p>б) импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде оларды есепке алуға қабылдау туралы мәліметтерді импорттаушы ұсынған таңбаланған тауарлардың , оның ішінде жеке-дара тұтынушылық қаптаманы иеленетін және (немесе) импорттаушы ұсынған сәйкестендіру құралдары қондырылған топтық немесе көліктік қаптамаларға енгізілген тауарлардың ағымдағы мәртебесі "31" – "тауар трансшекаралық</p>

		сауда шеңберінде сатылды (сатуға арналды)" мәніне сәйкес келеді; в) импорттаушы берген таңбаланған тауарларды экспорттаушы (сатушы) және импорттаушы (сатып алушы) туралы мәліметтер импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде сақталатын таңбаланған тауарларды экспорттаушы (сатушы) және импорттаушы (сатып алушы) туралы мәліметтерге сәйкес келеді.
5	Шектеулер	мәліметтердің мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынып есепке алуға қабылданатын таңбаланған тауарлар туралы мәліметтерді қалыптастырады және оларды экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді
7	Нәтижелер	трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынып есепке алуға қабылданатын таңбаланған тауарлар туралы мәліметтер экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органына жіберілді

15-кесте

**"Экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органының есепке алуға қабылданатын таңбаланған тауарлар туралы мәліметтерді қабылдап алуы және өңдеуі" ( P.LS.03.OPR.038) операциясының сипаттамасы**

Р/с №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.LS.03.OPR.038
		экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органының

2	Операцияның атауы	есепке алуға қабылданатын таңбаланған тауарлар туралы мәліметтерді қабылдап алуы және өңдеуі
3	Орындаушы	экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	траншекаралық сауда шеңберінде сатып алынып есепке алуға қабылданатын таңбаланған тауарлар туралы мәліметтер келіп түскен кезде орындалады ("Есепке алуға қабылданатын таңбаланған тауарлар туралы мәліметтер беру" (P.LS.03.OPR.037) операциясы)
5	Шектеулер	<p>ұсынылатын мәліметтердің форматы және құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтарына және құрылымдарына сәйкес келуге тиіс.</p> <p>Авторлау талап етіледі, мәліметтерді жалпы процеске қатысушылар болып табылатын мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары ғана береді. Хабардың және электрондық құжаттың деректемелері Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде көзделген талаптарға сәйкес болуға тиіс</p>
		<p>орындаушы алынған мәліметтерді өңдеуді Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес орындайды.</p> <p>Өңдеу нәтижелері бойынша орындаушы топтық немесе көліктік қаптамаларға енгізілмеген, оның ішінде жеке-дара тұтынушылық қаптамасы бар тауарлардың әрқайсысы бойынша мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы ақпаратты немесе импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы берген, траншекаралық сауда шеңберінде сатып алынған есепке алуға қабылданатын таңбаланған тауарлар туралы алынған</p>



мәліметтердің құрамында көрсетілген сәйкестендіру құралдары қондырылған қаптамалар агрегациясының деңгейіне қарамастан сәйкестендіру құралдары қондырылған топтық немесе көліктік қаптамаға енгізілген барлық тауарлар туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы ақпаратты қамтитын есепке алуға қабылданатын таңбаланған тауарлар туралы хабарлама қалыптастырады және жібереді.

Топтық немесе көліктік қаптамаларға енгізілмеген, оның ішінде жеке-дара тұтынушылық қаптаманы иеленетін тауарлардың әрқайсысы бойынша мәліметтерді өңдеу нәтиже мынадай мәліметтерді қамтуы мүмкін:

а) экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде таңбаланған тауар үшін басқа мүше мемлекеттің импорттаушысының трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған тауарды есепке алуға қабылдауына байланысты белгіленген "20" – "тауар айналымнан шығарылды" мәніне сәйкес келетін мәртебе белгілеу туралы мәліметтер;

б) экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы берген сәйкестендіру құралы қондырылған таңбаланған тауар үшін "20" – "тауар айналымнан шығарылды" мәніне сәйкес келетін мәртебені мына шарттардың бірінің орындалуына байланысты:

егер экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органының трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған, есепке алуға қабылданатын таңбаланған

тауар туралы мәліметтер алуы сәтінде экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіндегі тауардың мәртебесі "31" – "тауар трансшекаралық сауда шеңберінде сатылды (сатуға арналды)" мәніне сәйкес келмейтін жағдайда; егер таңбаланған тауар үшін трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған, есепке алуға қабылданатын таңбаланған тауарлар туралы мәліметтердің құрамында көрсетілген таңбаланған тауарды экспорттаушы (сатушы) және импорттаушы (сатып алушы) туралы мәліметтер экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде сақталатын таңбаланған тауарды экспорттаушы (сатушы) және импорттаушы (сатып алушы) туралы мәліметтерге сәйкес келмеген жағдайда;

егер экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған, есепке алуға қабылданатын таңбаланған тауарлар туралы мәліметтердің құрамында көрсетілген мәліметтер табылмаған жағдайда белгіленбейтіні туралы мәліметтер .

Импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы берген сәйкестендіру құралы қондырылған топтық немесе көліктік қаптамаға енгізілген барлық тауарлар туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі мәліметтердің мынадай түрлерін қамтуы мүмкін:

а) экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы берген

сәйкестендіру құралдары қондырылған тауарлардың топтық немесе көліктік қаптамаларына енгізілген барлық таңбаланған тауарлар үшін трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған барлық тауарларды басқа мүше мемлекеттің импорттаушысының есепке алуға қабылдауына байланысты "тауар айналымнан шығарылды" мәніне сәйкес келетін мәртебелер белгілеу туралы мәліметтер;

б) экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы берген сәйкестендіру құралдары қондырылған тауарлардың топтық немесе көліктік қаптамаларына енгізілген барлық таңбаланған тауарлар үшін "тауар айналымнан шығарылды" мәніне сәйкес келетін мәртебелерді мына шарттардың бірінің орындалуына байланысты:

егер экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органының трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған, есепке алуға қабылданатын таңбаланған тауар туралы мәліметтер алуы сәтінде экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде топтық немесе көліктік қаптамаға енгізілген барлық тауарлардың немесе олардың бөліктерінің мәртебесі "31" – "тауар трансшекаралық сауда шеңберінде сатылды (сатуға арналды)" мәніне сәйкес келмейтін жағдайда;

егер топтық немесе көліктік қаптамаға енгізілген барлық тауарлар немесе олардың бөліктері үшін трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған, есепке алуға қабылданатын таңбаланған тауарлар туралы мәліметтердің құрамында көрсетілген таңбаланған тауарды

		<p>экспорттаушы (сатушы) және импорттаушы (сатып алушы) туралы мәліметтер экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде сақталатын таңбаланған тауарды экспорттаушы (сатушы) және импорттаушы (сатып алушы) туралы мәліметтерге сәйкес келмеген жағдайда;</p> <p>егер экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған, есепке алуға қабылданатын тауарлар туралы мәліметтердің құрамында көрсетілген тауарлардың топтық немесе көліктік қаптамасына қондырылған сәйкестендіру құралы туралы мәліметтер табылмаған жағдайда белгіленбейтіні туралы мәліметтер</p>
7	Нәтижелер	<p>трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынып есепке алуға қабылданатын таңбаланған тауарлар туралы мәліметтер өңделді; есепке алуға қабылданатын таңбаланған тауарлар туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарлама импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органына жіберілді</p>

16-кесте

**"Есепке алуға қабылданатын таңбаланған тауарлар туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарламаны қабылдап алу" (P.LS.03.OPR.039) операциясының сипаттамасы**

Р/с №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.LS.03.OPR.039
2	Операцияның атауы	есепке алуға қабылданатын таңбаланған тауарлар туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарламаны қабылдап алу

3	Орындаушы	импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	орындаушы есепке алуға қабылданатын тауарлар туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарламаны алған кезде орындалады ("Экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органының есепке алуға қабылданатын таңбаланған тауарлар туралы мәліметтерді қабылдап алуы және өңдеуі" (P.LS.03.OPR.038) операциясы)
5	Шектеулер	хабарламаның форматы және құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтарына және құрылымдарына сәйкес келуге тиіс. Авторлау талап етіледі, мәліметтерді жалпы процеске қатысушылар болып табылатын мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары ғана береді. Хабардың және электрондық құжаттың деректемелері Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде көзделген талаптарға сәйкес болуға тиіс
		орындаушы есепке Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес есепке алуға қабылданатын мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы алынған хабарламаны өңдеуді орындайды. Орындаушы өңдеу нәтижелері бойынша есепке қабылданатын таңбаланған тауарлар туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарламаның құрамында көрсетілген таңбаланған тауардың мәртебесін, оны өңдеу нәтижесін көрсете отырып импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компоненті шеңберінде есепке қабылданатын таңбаланған тауарлар туралы мәліметтерді ескереді. Топтық немесе көліктік қаптамаларға енгізілмеген, оның

ішінде жеке-дара тұтынушылық қаптаманы иеленетін тауарлардың әрқайсысы бойынша мәліметтерді өңдеу нәтижесі мынадай қағидаларға сәйкес импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компоненті шеңберінде ескеріледі:

а) егер есепке алуға қабылданатын таңбаланған мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарламаның құрамында ұсынылған таңбаланған тауар туралы мәліметтер басқа мүше мемлекеттің импорттаушысының трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған тауарды есепке алуға қабылдауына байланысты белгіленген "20" – "тауар айналымнан шығарылды" мәніне сәйкес келетін тауар мәртебесінің кодын қамтыса және мәліметтерді өңдеу нәтижесінің коды "600" – "мәліметтер өңделді" мәніне сәйкес келсе, онда таңбаланған тауар үшін импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компоненті шеңберінде импорттаушының трансшекаралық сауда шеңберінде сатылған тауарды есепке алуға қабылдауына байланысты "10" – "тауар мүше мемлекетте айналымға енгізілді" мәніне сәйкес келетін мәртебе белгіленеді;


б) басқа жағдайларда таңбаланған тауарлар үшін импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде осындай тауарлардың айналымын одан әрі талдауды және бақылауды қамтамасыз ету мақсатында "10" – "тауар мүше мемлекетте айналымға енгізілді" мәніне сәйкес келетін мәртебенің белгіленбейтіні қамтамасыз етіледі.

Импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы берген сәйкестендіру құралдары қондырылған топтық немесе

		<p>көліктік қаптамаға енгізілген барлық тауарлар туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі мынадай қағидаларға сәйкес импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компоненті шеңберінде ескеріледі:</p> <p>а) импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде топтық немесе көліктік қаптамаға енгізілген барлық таңбаланған тауарлар үшін , егер топтық немесе көліктік қаптама үшін мәліметтерді өңдеу нәтижесінің коды "600" – "мәліметтер өңделді" мәніне сәйкес келсе, импорттаушының трансшекаралық сауда шеңберінде сатылған тауарды есепке алуға қабылдауына байланысты "10" – "тауар мүше мемлекетте айналымға енгізілді" мәніне сәйкес келетін мәртебе белгіленеді;</p> <p>б) басқа жағдайларда барлық таңбаланған тауарлар үшін импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде осындай тауарлардың айналымын одан әрі талдауды және бақылауды қамтамасыз ету мақсатында "10" – "тауар мүше мемлекетте айналымға енгізілді" мәніне сәйкес келетін мәртебенің белгіленбейтіні қамтамасыз етіледі.</p>
7	Нәтижелер	есепке алуға қабылданатын таңбаланған мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарлама өңделді

**"Трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынып таңбаланған тауарларды есепке алуға қабылдаудан бас тарту туралы мәліметтер беру" (P.LS.03.PRC.012) рәсімі**

47. "Трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынып таңбаланған тауарларды есепке алуға қабылдаудан бас тарту туралы мәліметтер беру" (P.LS.03.PRC.012) рәсімін орындау схемасы 9-суретте көрсетілген.



9-сурет. "Трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынып таңбаланған тауарларды есепке алуға қабылдаудан бас тарту туралы мәліметтер беру" (P.LS.03.PRC.012) рәсімін орындау схемасы

48. "Трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынып таңбаланған тауарларды есепке алуға қабылдаудан бас тарту туралы мәліметтер беру" (P.LS.03.PRC.012) рәсімін импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы импорттаушыдан оларға қатысты есепке қабылдаудан бас тарту туралы шешім қабылдаған және осындай тауарларды экспорттаушыға қайтаратын трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған таңбаланған тауарлар туралы мәліметтер келіп түскен кезде орындайды.

"Трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынып таңбаланған тауарларды есепке алуға қабылдаудан бас тарту туралы мәліметтер беру" (P.LS.03.PRC.012) рәсімі мынадай шарттар сақталған жағдайда орындалады:

а) таңбаланған тауарлар және трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған тауарлардың жеке-дара тұтынушылық қаптамасына, тауарлардың топтық немесе көліктік қаптамаларына қондырылған, олар туралы мәліметтерді импорттаушы берген сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтер импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде бар;

б) импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде оларды есепке алуға қабылдаудан бас тарту туралы мәліметтерді импорттаушы ұсынған таңбаланған тауарлардың, оның ішінде жеке-дара



тұтынушылық қаптаманы иеленетін және (немесе) импорттаушы ұсынған сәйкестендіру құралдары қондырылған топтық немесе көліктік қаптамаларға енгізілген тауарлардың ағымдағы мәртебесі "тауар трансшекаралық сауда шеңберінде сатылды (сатуға арналды)" мәніне сәйкес келеді;

в) импорттаушы берген таңбаланған тауарларды экспорттаушы (сатушы) және импорттаушы (сатып алушы) туралы мәліметтер импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде сақталатын таңбаланған тауарларды экспорттаушы (сатушы) және импорттаушы (сатып алушы) туралы мәліметтерге сәйкес келеді.

49. Осы Қағидалардың 48-тармағында белгіленген шарттар сақталған жағдайда "Есепке алуға қабылдаудан бас тартылып таңбаланған тауарлар туралы мәліметтер беру" (P.LS.03.OPR.040) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы тауарларға және (немесе) тауарлардың жеке-дара тұтынушылық қаптамасына қондырылған сәйкестендіру құралдарын көрсете отырып немесе осындай тауарлардың топтық немесе көліктік қаптамасына қондырылған сәйкестендіру құралдарын көрсете отырып, трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынып таңбаланған тауарларды есепке алуға қабылдаудан бас тарту туралы мәліметтерді қалыптастырады және оларды экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді.

50. Экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған, есепке алуға қабылдаудан бас тартылған таңбаланған тауарлар туралы мәліметтерді алған кезде "Экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органының трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынып таңбаланған тауарларды есепке алудан бас тарту туралы мәліметтерді қабылдап алуы және өңдеуі" (P.LS.03.OPR.041) операциясы орындалады.

"Экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органының трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынып таңбаланған тауарларды есепке алудан бас тарту туралы мәліметтерді қабылдап алуы және өңдеуі" (P.LS.03.OPR.041) операциясын орындау нәтижелері бойынша экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы топтық немесе көліктік қаптамаларға енгізілмеген, оның ішінде жеке-дара тұтынушылық қаптаманы иеленетін тауарлардың әрқайсысы бойынша мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы ақпаратты, немесе импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы берген сәйкестендіру құралдары қондырылған топтық немесе көліктік қаптамаға енгізілген барлық тауарлар туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы ақпаратты иеленетін есепке алуға қабылданатын таңбаланған тауарлар туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарламаны қалыптастырады және оны импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді.

Топтық немесе көліктік қаптамаларға енгізілмеген, оның ішінде жеке-дара тұтынушылық қаптаманы иеленетін тауарлардың әрқайсысы бойынша мәліметтерді өңдеу нәтижесі мынадай мәліметтерді қамтуы мүмкін:

а) экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде таңбаланған тауар үшін трансшекаралық сауда шеңберінде тауарлардың экспорттаушыға қайтарылуына байланысты белгіленген "тауар мүше мемлекетте айналымға енгізілді" мәніне сәйкес келетін мәртебе белгілеу туралы мәліметтер;

б) экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы берген сәйкестендіру құралы қондырылған таңбаланған тауар үшін "тауар мүше мемлекетте айналымға енгізілді" мәніне сәйкес келетін мәртебені мына шарттардың бірінің орындалуына байланысты:

егер экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органының трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған, таңбаланған тауарды есепке алуға қабылдаудан бас тарту туралы мәліметтер алуы сәтінде экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіндегі тауардың мәртебесі "тауар трансшекаралық сауда шеңберінде сатылды (сатуға арналды)" мәніне сәйкес келмейтін жағдайда;

егер таңбаланған тауар үшін трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған, таңбаланған тауарды есепке алуға қабылдаудан бас тарту туралы мәліметтердің құрамында көрсетілген таңбаланған тауарды экспорттаушы (сатушы) және импорттаушы (сатып алушы) туралы мәліметтер экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде сақталатын таңбаланған тауарды экспорттаушы (сатушы) және импорттаушы (сатып алушы) туралы мәліметтерге сәйкес келмеген жағдайда;

егер экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған, таңбаланған тауарды есепке алуға қабылдаудан бас тарту туралы мәліметтердің құрамында көрсетілген мәліметтер табылмаған жағдайда белгіленбейтіні туралы мәліметтер.

Импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы берген сәйкестендіру құралы қондырылған топтық немесе көліктік қаптамаға енгізілген барлық тауарлар туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі мәліметтердің мынадай түрлерін қамтуы мүмкін:

а) экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы берген сәйкестендіру құралдары қондырылған тауарлардың топтық немесе көліктік қаптамаларына енгізілген барлық таңбаланған тауарлар үшін тауарлардың трансшекаралық сауда шеңберінде экспорттаушыға қайтарылуына байланысты

белгіленген "тауар мүше мемлекетте айналымға енгізілді" мәніне сәйкес келетін мәртебелер белгілеу туралы мәліметтер;

б) экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы берген сәйкестендіру құралдары қондырылған тауарлардың топтық немесе көліктік қаптамаларына енгізілген барлық таңбаланған тауарлар үшін "тауар мүше мемлекетте айналымға енгізілді" мәніне сәйкес келетін мәртебелерді мына шарттардың бірінің орындалуына байланысты:

егер экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органының трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған, таңбаланған тауарларды есепке алуға қабылдаудан бас тарту туралы мәліметтер алуы сәтінде экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде топтық немесе көліктік қаптамаға енгізілген барлық тауарлардың немесе олардың бөліктерінің мәртебесі "тауар трансшекаралық сауда шеңберінде сатылды (сатуға арналды)" мәніне сәйкес келмейтін жағдайда;

егер топтық немесе көліктік қаптамаға енгізілген барлық тауарлар немесе олардың бөліктері үшін трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған, таңбаланған тауарларды есепке алуға қабылдаудан бас тарту туралы мәліметтердің құрамында көрсетілген таңбаланған тауарды экспорттаушы (сатушы) және импорттаушы (сатып алушы) туралы мәліметтер экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде сақталатын таңбаланған тауарды экспорттаушы (сатушы) және импорттаушы (сатып алушы) туралы мәліметтерге сәйкес келмеген жағдайда;

егер экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған, таңбаланған тауарларды есепке алуға қабылдаудан бас тарту туралы мәліметтердің құрамында көрсетілген тауарлардың топтық немесе көліктік қаптамасына қондырылған сәйкестендіру құралы туралы мәліметтер табылмаған жағдайда белгіленбейтіні туралы мәліметтер.

51. Таңбаланған тауарларды есепке алуға қабылдаудан бас тарту туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарлама келіп түскен кезде импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы "Таңбаланған тауарларды есепке алудан бас тарту туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарламаны қабылдап алу" ( P.LS.03.OPR.042) операциясын орындайды. Операцияны орындау нәтижесінде экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы берген таңбаланған тауарларды есепке алуға қабылдаудан бас тарту туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарламаның құрамында алынған мәліметтер импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компоненті шеңберінде ескеріледі.

Топтық немесе көліктік қаптамаларға енгізілмеген, оның ішінде жеке-дара тұтынушылық қаптаманы иеленетін тауарлардың әрқайсысы бойынша мәліметтерді өңдеу нәтижесі мынадай қағидаларға сәйкес импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компоненті шеңберінде ескеріледі:

а) егер таңбаланған тауарларды есепке алуға қабылдаудан бас тарту туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарламаның құрамында ұсынылған таңбаланған тауар туралы мәліметтер трансшекаралық сауда шеңберінде тауарлардың экспорттаушыға қайтарылуына байланысты белгіленген "тауар мүше мемлекетте айналымға енгізілді" мәніне сәйкес келетін тауар мәртебесінің кодын қамтыса және мәліметтерді өңдеу нәтижесінің коды "мәліметтер өңделді" мәніне сәйкес келсе, онда таңбаланған тауар үшін импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компоненті шеңберінде тауардың трансшекаралық сауда шеңберінде экспорттаушыға қайтарылуына байланысты белгіленген "мән-жайы айқындалмады" мәніне сәйкес келетін мәртебе белгіленеді;

б) басқа жағдайларда таңбаланған тауарлар үшін импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде осындай тауарлардың айналымын одан әрі талдауды және бақылауды қамтамасыз ету мақсатында "мән-жайы айқындалмады" мәніне сәйкес келетін мәртебенің белгіленбейтіні қамтамасыз етіледі.

Импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы берген сәйкестендіру құралдары қондырылған топтық немесе көліктік қаптамаға енгізілген барлық тауарлар туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі мынадай қағидаларға сәйкес импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компоненті шеңберінде ескеріледі:

а) импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде топтық немесе көліктік қаптамаға енгізілген барлық таңбаланған тауарлар үшін, егер топтық немесе көліктік қаптама үшін мәліметтерді өңдеу нәтижесінің коды "мәліметтер өңделді" мәніне сәйкес келсе, тауардың трансшекаралық сауда шеңберінде экспорттаушыға қайтарылуына байланысты белгіленген "мән-жайы айқындалмады" мәніне сәйкес келетін мәртебе белгіленеді;

б) басқа жағдайларда барлық таңбаланған тауарлар үшін импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде осындай тауарлардың айналымын одан әрі талдауды және бақылауды қамтамасыз ету мақсатында "мән-жайы айқындалмады" мәніне сәйкес келетін мәртебенің белгіленбейтіні қамтамасыз етіледі.

52. Импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы ұсынған трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынып таңбаланған тауарларды есепке алуға қабылдаудан бас тарту туралы мәліметтерді, оның ішінде жеке-дара тұтынушылық қаптамасы бар тауарлар туралы мәліметтерді немесе сәйкестендіру құралдары

қондырылған тауарлардың топтық немесе көліктік қаптамасына енгізілген барлық тауарлар туралы мәліметтерді экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде өңдеу және есепке алу, сондай-ақ осы Қағидалардың 51-тармағында айқындалған қағидаларға сәйкес импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіндегі осындай өңдеу нәтижелерін есепке алу "Траншекаралық сауда шеңберінде сатып алынып таңбаланған тауарларды есепке алуға қабылдаудан бас тарту туралы мәліметтер беру" (P.LS.03.PRC.012) рәсімін орындау нәтижесі болып табылады.

Егер "Траншекаралық сауда шеңберінде сатып алынып таңбаланған тауарларды есепке алуға қабылдаудан бас тарту туралы мәліметтер беру" (P.LS.03.PRC.012) рәсімін орындау нәтижелері бойынша импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы таңбаланған тауарларды есепке алуға қабылдаудан бас тарту туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарламаның құрамында оны өңдеу нәтижесі бойынша импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде "жай-күйі айқындалмады" мәніне сәйкес келетін мәртебені белгілеу мүмкін болмаса, оны есепке алуға қабылдаудан бас тарту туралы мәліметтерді импорттаушы берген топтық немесе көліктік қаптамаға енгізілген барлық таңбаланған тауарлар үшін одан арғы өзара іс-қимыл "Траншекаралық сауда шеңберінде сатып алынып таңбаланған тауарларды есепке алуға қабылдаудан бас тарту туралы мәліметтер беру" (P.LS.03.PRC.012) рәсімінің шеңберінде осындай топтық (немесе көліктік) қаптамаға кіретін жекелеген тауарларды (немесе топтық қаптамаларды) есепке алуға қабылдаудан бас тарту туралы мәліметтерді қайталап беру арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

53. "Траншекаралық сауда шеңберінде сатып алынып таңбаланған тауарларды есепке алуға қабылдаудан бас тарту туралы мәліметтер беру" (P.LS.03.PRC.012) рәсімінің шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 17-кестеде келтірілген.

17-кесте

**"Траншекаралық сауда шеңберінде сатып алынып таңбаланған тауарларды есепке алуға қабылдаудан бас тарту туралы мәліметтер беру" (P.LS.03.PRC.012) рәсімінің шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі**

Кодтық белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.LS.03.OPR.040	есепке алуға қабылдаудан бас тартылған таңбаланған тауарлар туралы мәліметтер беру	осы Қағидалардың 18-кестесінде келтірілген

P.LS.03.OPR.041	экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органының трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынып таңбаланған тауарларды есепке алудан бас тарту туралы мәліметтерді қабылдап алуы және өңдеуі	осы Қағидалардың 19-кестесінде келтірілген
P.LS.03.OPR.042	таңбаланған тауарларды есепке алудан бас тарту туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарламаны қабылдап алу	осы Қағидалардың 20-кестесінде келтірілген

18-кесте

**"Есепке алуға қабылдаудан бас тартылған таңбаланған тауарлар туралы мәліметтер беру" (P.LS.03.OPR.040) операциясының сипаттамасы**

P/c №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.LS.03.OPR.040
2	Операцияның атауы	есепке алуға қабылдаудан бас тартылған таңбаланған тауарлар туралы мәліметтер беру
3	Орындаушы	импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы
		<p>трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған, импорттаушы оларды қабылдаудан бас тартқан таңбаланған тауарлар туралы мәліметтер импорттаушыдан келіп түскен кезде орындаушы мынадай шарттар сақталған жағдайда орындайды:</p> <p>а) олар туралы мәліметтерді импорттаушы ұсынған тауарларға қондырылған және (немесе) трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған тауарлардың дара тұтынушылық қаптамасына, тауарлардың топтық немесе көліктік қаптамаларына қондырылған сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтер импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде бар;</p> <p>б) импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық</p>

4	Орындау шарттары	<p>компонентінде оларды есепке алуға қабылдаудан бас тарту туралы мәліметтерді импорттаушы ұсынған таңбаланған тауарлардың, оның ішінде жеке-дара тұтынушылық қаптаманы иеленетін және (немесе ) импорттаушы ұсынған сәйкестендіру құралдары қондырылған топтық немесе көліктік қаптамаларға енгізілген тауарлардың ағымдағы мәртебесі "31" – "тауар трансшекаралық сауда шеңберінде сатылды (сатуға арналды)" мәніне сәйкес келеді</p> <p>в) импорттаушы берген таңбаланған тауарларды экспорттаушы (сатушы) және импорттаушы (сатып алушы) туралы мәліметтер импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде сақталатын таңбаланған тауарларды экспорттаушы (сатушы) және импорттаушы (сатып алушы) туралы мәліметтерге сәйкес келеді</p>
5	Шектеулер	<p>мәліметтердің мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарына сәйкес келуге тиіс</p>
6	Операцияның сипаттамасы	<p>орындаушы Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған таңбаланған тауарларды есепке алуға қабылдаудан бас тарту туралы мәліметтерді қалыптастырады және оларды экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді</p>
7	Нәтижелер	<p>трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған таңбаланған тауарларды есепке алуға қабылдаудан бас тарту туралы мәліметтер экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органына жіберілді</p>

**"Экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органының трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынып таңбаланған тауарларды есепке алудан бас тарту туралы мәліметтерді қабылдап алуы және өңдеуі" (P.LS.03.OPR.041) операциясының сипаттамасы**

P/c №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.LS.03.OPR.041
2	Операцияның атауы	экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органының трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынып таңбаланған тауарларды есепке алудан бас тарту туралы мәліметтерді қабылдап алуы және өңдеуі
3	Орындаушы	экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынып таңбаланған тауарларды есепке алудан бас тарту туралы мәліметтер келіп түскен кезде орындалады ("Есепке алуға қабылдаудан бас тартылған таңбаланған тауарлар туралы мәліметтер беру" (P.LS.03.OPR.040) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы және құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтарына және құрылымдарына сәйкес келуге тиіс. Авторлау талап етіледі, мәліметтерді жалпы процеске қатысушылар болып табылатын мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары ғана береді. Хабардың және электрондық құжаттың деректемелері Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде көзделген талаптарға сәйкес болуға тиіс
		орындаушы алынған мәліметтерді өңдеуді Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес орындайды.



Өңдеу нәтижелері бойынша орындаушы топтық немесе көліктік қаптамаларға енгізілмеген, оның ішінде жеке-дара тұтынушылық қаптамасы бар тауарлардың әрқайсысы бойынша мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы ақпаратты немесе импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы берген, траншекаралық сауда шеңберінде сатып алынған таңбаланған тауарларды есепке алуға қабылдаудан бас тарту туралы алынған мәліметтердің құрамында көрсетілген сәйкестендіру құралдары қондырылған қаптамалар агрегациясының деңгейіне қарамастан сәйкестендіру құралдары қондырылған топтық немесе көліктік қаптамаға енгізілген барлық тауарлар туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы ақпаратты қамтитын таңбаланған тауарларды есепке алуға қабылдаудан бас тарту туралы хабарлама қалыптастырады және жібереді. Топтық немесе көліктік қаптамаларға енгізілмеген, оның ішінде жеке-дара тұтынушылық қаптаманы иеленетін тауарлардың әрқайсысы бойынша мәліметтерді өңдеу нәтиже мынадай мәліметтерді қамтуы мүмкін:

- а) экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде таңбаланған тауар үшін басқа мүше мемлекеттің импорттаушысының траншекаралық сауда шеңберінде тауарлардың экспорттаушыға қайтарылуына байланысты белгіленген "10" – "тауар мүше мемлекетте айналымға енгізілді" мәніне сәйкес келетін мәртебе белгілеу туралы мәліметтер;
- б) экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық

компонентінде импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы берген сәйкестендіру құралы қондырылған таңбаланған тауар үшін "10" – "тауар мүше мемлекетте айналымға енгізілді" мәніне сәйкес келетін мәртебені мына шарттардың бірінің орындалуына байланысты: егер экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органының трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған, таңбаланған тауарларды есепке алуға қабылдаудан бас тарту туралы мәліметтер алуы сәтінде экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіндегі тауардың мәртебесі "31" – "тауар трансшекаралық сауда шеңберінде сатылды (сатуға арналды)" мәніне сәйкес келмейтін жағдайда; егер таңбаланған тауар үшін трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған, есепке алуға қабылданатын таңбаланған тауарлар туралы мәліметтердің құрамында көрсетілген таңбаланған тауарды экспорттаушы (сатушы) және импорттаушы (сатып алушы) туралы мәліметтер экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде сақталатын таңбаланған тауарды экспорттаушы (сатушы) және импорттаушы (сатып алушы) туралы мәліметтерге сәйкес келмеген жағдайда; егер экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған, таңбаланған тауарларды есепке алуға қабылдаудан бас тарту туралы мәліметтердің құрамында көрсетілген мәліметтер табылмаған жағдайда

белгіленбейтіні туралы мәліметтер

.

Импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы берген сәйкестендіру құралы қондырылған топтық немесе көліктік қаптамаға енгізілген барлық тауарлар туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі мәліметтердің мынадай түрлерін қамтуы мүмкін:

а) экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы берген сәйкестендіру құралдары қондырылған тауарлардың топтық немесе көліктік қаптамаларына енгізілген барлық таңбаланған тауарлар үшін трансшекаралық сауда шеңберінде тауарлардың экспорттаушыға қайтарылуына байланысты белгіленген "10" – "тауар мүше мемлекетте айналымға енгізілді" мәніне сәйкес келетін мәртебелер белгілеу туралы мәліметтер;

б) экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы берген сәйкестендіру құралдары қондырылған тауарлардың топтық немесе көліктік қаптамаларына енгізілген барлық таңбаланған тауарлар үшін "тауар мүше мемлекетте айналымға енгізілді" мәніне сәйкес келетін мәртебелерді мына шарттардың бірінің орындалуына байланысты: егер экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органының трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған, таңбаланған тауарларды есепке алуға қабылдаудан бас тарту туралы мәліметтер алуы сәтінде экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық

		<p>компонентінде топтық немесе көліктік қаптамаға енгізілген барлық тауарлардың немесе олардың бөліктерінің мәртебесі " 31" – "тауар трансшекаралық сауда шеңберінде сатылды (сатуға арналды)" мәніне сәйкес келмейтін жағдайда;</p> <p>егер топтық немесе көліктік қаптамаға енгізілген барлық тауарлар немесе олардың бөліктері үшін трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған, таңбаланған тауарларды есепке алуға қабылдаудан бас тарту туралы мәліметтердің құрамында көрсетілген таңбаланған тауарды экспорттаушы (сатушы) және импорттаушы (сатып алушы) туралы мәліметтер экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде сақталатын таңбаланған тауарды экспорттаушы (сатушы) және импорттаушы (сатып алушы) туралы мәліметтерге сәйкес келмеген жағдайда;</p> <p>егер экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған, таңбаланған тауарларды есепке алуға қабылдаудан бас тарту туралы мәліметтердің құрамында көрсетілген тауарлардың топтық немесе көліктік қаптамасына қондырылған сәйкестендіру құралы туралы мәліметтер табылмаған жағдайда белгіленбейтіні туралы мәліметтер</p>
7	Нәтижелер	<p>трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған, таңбаланған тауарларды есепке алуға қабылдаудан бас тарту туралы мәліметтер өңделді; таңбаланған тауарларды есепке алуға қабылдаудан бас тарту туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарлама импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органына жіберілді</p>

**"Таңбаланған тауарларды есепке алудан бас тарту туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарламаны қабылдап алу" (P.LS.03.OPR.042) операциясының сипаттамасы**

P/c №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.LS.03.OPR.042
2	Операцияның атауы	таңбаланған тауарларды есепке алудан бас тарту туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарламаны қабылдап алу
3	Орындаушы	импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	орындаушы таңбаланған тауарларды есепке алуға қабылдаудан бас тарту туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарламаны алған кезде орындалады ("Экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органының трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынып таңбаланған тауарларды есепке алудан бас тарту туралы мәліметтерді қабылдап алуы және өңдеуі" (P.LS.03.OPR.041) операциясы)
5	Шектеулер	хабарламаның форматы және құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтарына және құрылымдарына сәйкес келуге тиіс. Авторлау талап етіледі, мәліметтерді жалпы процеске қатысушылар болып табылатын мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары ғана береді. Хабардың және электрондық құжаттың деректемелері Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде көзделген талаптарға сәйкес болуға тиіс
		орындаушы Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес таңбаланған тауарларды есепке

алуға қабылдаудан бас тарту туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы алынған хабарламаны өңдеуді орындайды. Орындаушы өңдеу нәтижелері бойынша таңбаланған тауарларды есепке алуға қабылдаудан бас тарту туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарламаның құрамында көрсетілген таңбаланған тауардың мәртебесі мен оны өңдеу нәтижесін ескере отырып, импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компоненті шеңберінде төмендегі қағидаларға сәйкес таңбаланған тауарларды есепке алуға қабылдаудан бас тарту туралы мәліметтерді ескереді. Топтық немесе көліктік қаптамаларға енгізілмеген, оның ішінде жеке-дара тұтынушылық қаптаманы иеленетін тауарлардың әрқайсысы бойынша мәліметтерді өңдеу нәтижесі мынадай қағидаларға сәйкес импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компоненті шеңберінде ескеріледі:

а) егер таңбаланған тауарларды есепке алуға қабылдаудан бас тарту туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарламаның құрамында ұсынылған таңбаланған тауар туралы мәліметтер басқа мүше мемлекеттің импорттаушысының трансшекаралық сауда шеңберінде тауарлардың экспорттаушыға қайтарылуына байланысты белгіленген "10" – "тауар мүше мемлекетте айналымға енгізілді" мәніне сәйкес келетін тауар мәртебесінің кодын қамтыса және мәліметтерді өңдеу нәтижесінің коды "600" – "мәліметтер өңделді" мәніне сәйкес келсе, онда таңбаланған тауар үшін импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компоненті шеңберінде

трансшекаралық сауда шеңберінде тауардың экспорттаушыға қайтарылуына байланысты белгіленетін "00" – "жай-күйі айқындалмады" мәніне сәйкес келетін мәртебе белгіленеді;

б) басқа жағдайларда таңбаланған тауарлар үшін импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде осындай тауарлардың айналымын одан әрі талдауды және бақылауды қамтамасыз ету мақсатында "жай-күйі айқындалмады" мәніне сәйкес келетін мәртебенің белгіленбейтіні қамтамасыз етіледі.

Импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы берген сәйкестендіру құралдары қондырылған топтық немесе көліктік қаптамаға енгізілген барлық тауарлар туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі мынадай қағидаларға сәйкес импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компоненті шеңберінде ескеріледі:


а) импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде топтық немесе көліктік қаптамаға енгізілген барлық таңбаланған тауарлар үшін , егер топтық немесе көліктік қаптама үшін мәліметтерді өңдеу нәтижесінің коды "600" – "мәліметтер өңделді" мәніне сәйкес келсе, трансшекаралық сауда шеңберінде тауардың экспорттаушыға қайтарылуына байланысты белгіленетін "00" – "жай-күйі айқындалмады" мәніне сәйкес келетін мәртебе белгіленеді ;

б) басқа жағдайларда барлық таңбаланған тауарлар үшін импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде осындай

		тауарлардың айналымын одан әрі талдауды және бақылауды қамтамасыз ету мақсатында "00" – "жай-күйі айқындалмады" мәніне сәйкес келетін мәртебенің белгіленбейтіні қамтамасыз етіледі.
7	Нәтижелер	трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды есепке алуға қабылдаудан бас тарту туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарлама өңделді

**"Экспорттаушының (сатушының) трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сатуы туралы хабардар ету" (P.LS.03.PRC.013) рәсімі**

54. "Экспорттаушының (сатушының) трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сатуы туралы хабардар ету" (P.LS.03.PRC.013) рәсімін орындау схемасы 10-суретте көрсетілген.



10-сурет. "Экспорттаушының (сатушының) трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сатуы туралы хабардар ету" (P.LS.03.PRC.013) рәсімін орындау схемасы



55. "Экспорттаушының (сатушының) трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сатуы туралы хабардар ету" (P.LS.03.PRC.013) рәсімін тауарларға қондырылған және (немесе) егер қаптамалардың мұндай түрлерін таңбалау Одақ құқығында көзделсе, трансшекаралық сауда шеңберінде сатылған тауарлардың бірыңғай тұтынушылық қаптамасына, тауарлардың топтық немесе көліктік қаптамаларына қондырылған сәйкестендіру құралдары туралы экспорттаушыдан мәліметтер келіп түскен кезде экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы орындайды.

"Экспорттаушының (сатушының) трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сатуы туралы хабардар ету" (P.LS.03.PRC.013) рәсімі егер импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органының экспорттаушының трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сату туралы хабардар етуінің тиісті рәсімі Одақ құқығында көзделген және бір мезгілде төмендегі шарттарды сақтау орындалған жағдайда орындалады:

а) экспорттаушы ұсынған, трансшекаралық сауда шеңберінде сатылған тауарлар мен тауарларға және (немесе) тауарлардың жеке-дара тұтынушылық қаптамасына, тауарлардың топтық немесе көліктік қаптамаларына қондырылған сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтер экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде бар;

б) экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде таңбаланған осындай тауарлардың ағымдағы мәртебесі "тауар мүше мемлекетте айналымға енгізілді" мәніне сәйкес келеді.

56. Осы Қағидалардың 55-тармағында белгіленген шарттар сақталған жағдайда " Трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сату туралы мәліметтер беру" (P.LS.03.OPR.043) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы трансшекаралық сауда шеңберінде сатылған тауарларға қондырылған және (немесе) тауарлардың жеке-дара тұтынушылық қаптамасына, тауарлардың топтық немесе көліктік қаптамаларына қондырылған сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтерді қамтитын трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сату туралы мәліметтерді қалыптастырады және оларды импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді.

57. Импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сату туралы мәліметтерді алған кезде " Импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органының трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сату туралы мәліметтерді қабылдап алуы және өндеуі" (P.LS.03.OPR.044) операциясы орындалады.

"Импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органының трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сату туралы мәліметтерді қабылдап алуы және өндеуі" (P.LS.03.OPR.044) операциясын орындау нәтижелері бойынша

импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы тауарлардың әрқайсысы бойынша, оның ішінде жеке-дара тұтынушылық қаптаманы иеленетін және (немесе) экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы ұсынған сәйкестендіру құралдары қондырылған тауарлардың топтық немесе көліктік қаптамасына енгізілген тауарлар бойынша мәліметтерді өңдеу нәтижесін қамтитын трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сату туралы мәліметтердің төмендегі түрлерін (бар болған жағдайда) қамтитын мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарламаны қалыптастырады және оны экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді:

а) экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы ұсынған сәйкестендіру құралдары қондырылған таңбаланған тауарлардың (немесе олардың қаптамаларының) барлығы немесе бір бөлігі үшін импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде "трансшекаралық сауда шеңберінде тауар сатылды (сатуға арналды) мәніне сәйкес келетін мәртебелер белгілеу туралы, оның ішінде жеке-дара тұтынушылық қаптамасы бар тауарлар мәртебесін тиісті түрде белгілеу туралы және (немесе) экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы ұсынған сәйкестендіру құралдары қондырылған тауарлардың топтық немесе көліктік қаптамасына енгізілген барлық тауарлар немесе олардың бір бөлігі үшін мәртебелерді тиісті түрде белгілеу туралы мәліметтер;

б) импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы ұсынған сәйкестендіру құралдары қондырылған барлық тауарларға немесе олардың бір бөлігіне (немесе олардың қаптамаларына) "трансшекаралық сауда шеңберінде тауар сатылды (сатуға арналды) мәніне сәйкес келетін мәртебе белгілеудің мүмкін еместігі туралы, оның ішінде төмендегі шарттардың бірін орындауға байланысты:

егер импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сату туралы мәліметтер алған сәтте импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде осындай таңбаланған тауарлар туралы мәліметтер болған және осындай таңбаланған тауарлар мәртебесінің "тауар айналымнан шығарылды" немесе "жай-күйі айқындалмады" мәндеріне сәйкес келмеген жағдайда;

егер импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сату туралы мәліметтер алған сәтте импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде "тауар трансшекаралық сауда шеңберінде сатылды (сатуға арналды)" мәртебесі бар осындай таңбаланған тауарлар туралы мәліметтер болған және трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сату туралы мәліметтердің

құрамында көрсетілген таңбаланған тауарды экспорттаушы (сатушы) және импорттаушы (сатып алушы) туралы мәліметтер импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде сақталатын таңбаланған тауарды экспорттаушы (сатушы) және импорттаушы (сатып алушы) туралы мәліметтерге сәйкес келмеген жағдайда экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы ұсынған сәйкестендіру құралдары қондырылған тауарлардың жеке-дара тұтынушылық қаптамасын иеленетін және (немесе) топтық немесе көліктік қаптамасына енгізілген барлық тауарлар немесе олардың бір бөлігі үшін тиісті мәртебе белгілеудің мүмкін еместігі туралы мәліметтер.

58. Трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сату туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарлама келіп түскен кезде экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы "Трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сату туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарламаны қабылдап алу" (P.LS.03.OPR.045) операциясын орындайды. Операцияны орындау нәтижесінде трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сату туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарламаның құрамында алынған таңбаланған тауарлар және олардың мәртебесі туралы мәліметтер, оның ішінде жеке-дара тұтынушылық қаптамасы бар тауарлар туралы мәліметтер және (немесе) импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы берген тауарлардың топтық немесе көліктік қаптамасына енгізілген тауарлар туралы мәліметтер мына қағидаларға сәйкес экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінің шеңберінде ескеріледі:

а) егер трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сату туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарламаның құрамында ұсынылған тиісті таңбаланған тауарлар туралы мәліметтер бір мезгілде:

таңбаланған тауарлар туралы алынған мәліметтер "тауар трансшекаралық сауда шеңберінде сатылды (сатуға арналды)" мәніне сәйкес келетін тауарлар мәртебесінің кодын қамтитын;

таңбаланған тауарлар туралы алынған мәліметтер "мәліметтер өңделді" мәніне сәйкес келетін мәліметтерді өңдеу нәтижесінің кодын қамтитын шарттарға сәйкес келсе, экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде таңбаланған тауарлар үшін (оның ішінде тауарлардың жеке-дара тұтынушылық қаптамасын иеленетін немесе топтық немесе көліктік қаптамасына енгізілген тауарлар үшін) "тауар трансшекаралық сауда шеңберінде сатылды (сатуға арналды)" мәніне сәйкес келетін мәртебе белгіленеді;

б) олар туралы осы тармақтың "а" тармақшасында келтірілген шарттарға сәйкес келмейтін мәліметтер алынған таңбаланған тауарлар үшін экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде тауарлар айналымын одан әрі талдауды және бақылауды қамтамасыз ету мақсатында "

тауар трансшекаралық сауда шеңберінде сатылды (сатуға арналды)" мәніне сәйкес келетін мәртебе белгілеудің мүмкін еместігі қамтамасыз етіледі.

59. "Экспорттаушының (сатушының) трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сатуы туралы хабардар ету" (P.LS.03.PRC.013) рәсімін орындау нәтижесі мыналар болып табылады:

а) импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы ұсынған трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сату туралы мәліметтерді, оның ішінде жеке-дара тұтынушылық қаптаманы иеленетін тауарлар туралы және (немесе) сәйкестендіру құралдары қондырылған тауарлардың топтық немесе көліктік қаптамасына енгізілген тауарлар туралы мәліметтерді өңдеу және осындай мәліметтерді импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде есепке алу: таңбаланған тауарлар үшін "тауар трансшекаралық сауда шеңберінде сатылды (сатуға арналды)" мәніне сәйкес келетін мәртебе белгілеу және (немесе) таңбаланған тауар үшін осындай тауарлардың айналымын одан әрі талдау және бақылау мақсатында мұндай мәртебенің белгіленбейтіні туралы ақпаратты есепке алу;

б) экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы ұсынған трансшекаралық сауда шеңберіндегі таңбаланған тауарларды сату туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы және таңбаланған тауарлар, олардың мәртебесі мен өңдеу нәтижесі туралы, оның ішінде жеке-дара тұтынушылық қаптамасы бар тауарлар туралы, сондай-ақ сәйкестендіру құралдары қондырылған тауарлардың топтық немесе көліктің қаптамасына енгізілген тауарлар туралы мәліметтерді қамтитын хабарламаны өңдеу және осындай мәліметтерді экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде есепке алу: таңбаланған тиісті тауарлар үшін "тауар трансшекаралық сауда шеңберінде сатылды (сатуға арналды)" мәніне сәйкес келетін мәртебе белгілеу және (немесе) тиісті тауар үшін осындай тауарлардың айналымын одан әрі талдау және бақылау мақсатында мұндай мәртебенің белгіленбейтіні туралы ақпаратты есепке алу.

60. "Экспорттаушының (сатушының) трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сатуы туралы хабардар ету" (P.LS.03.PRC.013) рәсімінің шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 21-кестеде келтірілген.

21-кесте

**"Экспорттаушының (сатушының) трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сатуы туралы хабардар ету" (P.LS.03.PRC.013) рәсімінің шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі**

Кодтық белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.LS.03.OPR.043	трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сату туралы мәліметтер беру	осы Қағидалардың 22-кестесінде келтірілген
P.LS.03.OPR.044	импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органының трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сату туралы мәліметтерді қабылдап алуы және өңдеуі	осы Қағидалардың 23-кестесінде келтірілген
P.LS.03.OPR.045	трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сату туралы мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны қабылдау	осы Қағидалардың 24-кестесінде келтірілген

22-кесте

**"Трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сату туралы мәліметтер беру" (P.LS.03.OPR.043) операциясының сипаттамасы**

Р/с №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.LS.03.OPR.043
2	Операцияның атауы	трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сату туралы мәліметтер беру
3	Орындаушы	экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	экспорттаушыдан тауарларға қондырылған және (немесе) трансшекаралық сауда шеңберінде сатылған тауарлардың жеке-дара тұтынушылық қаптамасына, тауарлардың топтық немесе көліктік қаптамаларына қондырылған сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтер келіп түскен кезде мына шарттардың сақталуы жағдайында орындаушы орындайды: а) экспорттаушы ұсынған, трансшекаралық сауда шеңберінде сатылған тауарлар мен тауарларға және (немесе) тауарлардың жеке-дара тұтынушылық қаптамасына, тауарлардың топтық

		<p>немесе көліктік қаптамаларына қондырылған сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтер экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде бар;</p> <p>б) экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде таңбаланған осындай тауарлардың ағымдағы мәртебесі "10" – "тауар мүше мемлекетте айналымға енгізілді" мәніне сәйкес келеді.</p>
5	Шектеулер	мәліметтердің мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сату туралы мәліметтерді қалыптастырады және оларды импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді
7	Нәтижелер	трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сату туралы мәліметтер импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органына жіберілді

23-кесте

**"Импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органының трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сату туралы мәліметтерді қабылдап алуы және өңдеуі" (P.LS.03.OPR.044) операциясының сипаттамасы**

Р/с №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.LS.03.OPR.044
2	Операцияның атауы	импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органының трансшекаралық сауда шеңберінде

		таңбаланған тауарларды сату туралы мәліметтерді қабылдап алуы және өңдеуі
3	Орындаушы	импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сату туралы мәліметтер келіп түскен кезде орындалады ("Трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сату туралы мәліметтер беру" (P.LS.03.OPR.043) операциясысы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы және құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтарына және құрылымдарына сәйкес келуге тиіс. Авторлау талап етіледі, мәліметтерді жалпы процеске қатысушылар болып табылатын мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары ғана береді. Хабардың және электрондық құжаттың деректемелері Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде көзделген талаптарға сәйкес болуға тиіс
		орындаушы алынған мәліметтерді өңдеуді Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес орындайды. Орындаушы өңдеу нәтижелері бойынша осы Қағидалардың 57-тармағына және Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сату туралы мәліметтер өңдеу нәтижесі туралы хабарламаны қалыптастырады. Көрсетілген хабарламаны қалыптастыру кезінде, егер сәйкестендіру құралдары туралы көрсетілген мәліметтер алғаш рет ескерілсе және (немесе) импорттаушы

6	Операцияның сипаттамасы	<p>тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде бұған дейін ескерілген болса, трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сату туралы алынған мәліметтердің құрамында көрсетілген сәйкестендіру құралдарының әрқайсысына сәйкес тауарлар, олардың мәртебелері мен өңдеу нәтижелері туралы мәліметтер ұсынылады. Бұл ретте, егер трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сату туралы алынған мәліметтердің құрамына топтық және (немесе) көліктік қаптамаға қондырылған сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтер енгізілсе және егер сәйкестендіру құралдары туралы көрсетілген мәліметтер алғаш рет ескерілсе және (немесе) импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде бұған дейін ескерілген болса, онда трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сату туралы алынған мәліметтердің құрамында көрсетілген сәйкестендіру құралдары қондырылған қаптамалардың агрегация деңгейіне қарамастан, тауарлардың топтық немесе көліктік қаптамасына енгізілген барлық тауарлар туралы мәліметтер ұсынылады</p>
7	Нәтижелер	<p>трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сату туралы мәліметтер өңделді; трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сату туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарлама экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органына жіберілді</p>




**"Траншекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сату туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарламаны қабылдап алу" (P.LS.03.OPR.045) операциясының сипаттамасы**

P/c №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.LS.03.OPR.045
2	Операцияның атауы	траншекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сату туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарламаны қабылдап алу
3	Орындаушы	экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	траншекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сату туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарламаны орындаушы алған кезде орындалады ("Импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органының траншекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сату туралы мәліметтерді қабылдап алуы және өңдеуі" (P.LS.03.OPR.044) операциясы)
5	Шектеулер	хабарламаның форматы және құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтарына және құрылымдарына сәйкес келуге тиіс. Авторлау талап етіледі, мәліметтерді жалпы процеске қатысушылар болып табылатын мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары ғана береді. Хабардың және электрондық құжаттың деректемелері Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде көзделген талаптарға сәйкес болуға тиіс
		орындаушы Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес траншекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сату

6	Операцияның сипаттамасы	туралы алынған хабарламаны өңдеуді орындайды. Орындаушы өңдеу нәтижелері бойынша осы Қағидалардың 58-тармағына сәйкес трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сату туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарламаның құрамында көрсетілген тауардың мәртебесі мен оны өңдеу нәтижелерін ескере отырып тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компоненті шеңберінде таңбаланған тауарларды сату туралы мәліметтерді ескереді
7	Нәтижелер	трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сату туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарлама өңделді

**"Экспорттаушының (сатушының) трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сатуы туралы мәліметтердің күшін жою" (P.LS.03.PRC.014) рәсімі**

61. "Экспорттаушының (сатушының) трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сатуы туралы мәліметтердің күшін жою" (P.LS.03.PRC.014) рәсімін орындау схемасы 11-суретте көрсетілген.



11-сурет. "Экспорттаушының (сатушының) трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сатуы туралы мәліметтердің күшін жою" (P.LS.03.PRC.014) рәсімін орындау схемасы

62. "Экспорттаушының (сатушының) трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сатуы туралы мәліметтердің күшін жою" (P.LS.03.PRC.014) рәсімін, егер мұндай мәліметтерді "Экспорттаушының (сатушының) трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сатуы туралы хабардар ету" (P.LS.03.PRC.013) рәсімінің шеңберінде экспорттаушы бұған дейін берген болса, трансшекаралық сауда шеңберінде сатылған тауарларға қондырылған және (немесе) тауарлардың жеке-дара тұтынушылық қаптамасына, тауарлардың топтық немесе көліктік қаптамаларына қондырылған сәйкестендіру құралдары туралы бұған дейін ол берген мәліметтердің күшін жою қажеттігі туралы ақпарат экспорттаушыдан келіп түскен кезде экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы орындайды.

"Экспорттаушының (сатушының) трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сатуы туралы мәліметтердің күшін жою" (P.LS.03.PRC.014) рәсімі, егер осындай таңбаланған тауарлардың экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіндегі ағымдағы мәртебесі "тауар трансшекаралық сауда шеңберінде сатылды (сатуға арналды)" мәніне сәйкес келген жағдайда орындалады.

63. Осы Қағидалардың 62-тармағында айқындалған шарттар сақталған жағдайда, " Трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сату туралы мәліметтердің күшінің жойылғаны туралы ақпарат жіберу" (P.LS.03.OPR.046) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы трансшекаралық сауда шеңберінде сатылған, сәйкестендіру құралдары қондырылған тауарлар туралы және (немесе) импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органына бұған дейін ұсынылған және экспорттаушының сұрау салуы бойынша күшін жоюды талап ететін тауарлардың жеке-дара тұтынушылық қаптамасын иеленетін немесе тауарлардың топтық немесе көліктік қаптамасына енгізілген тауарлар туралы мәліметтердің күшін жою туралы ақпаратты қалыптастырады және оны импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді.

64. Импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сату туралы мәліметтердің күшін жою туралы ақпаратты алған кезде "Импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органының трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сату туралы мәліметтердің күшінің жойылғаны туралы ақпаратты қабылдап алуы және өңдеуі" ( P.LS.03.OPR.047) операциясы орындалады.

"Импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органының трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сату туралы мәліметтердің күшінің жойылғаны туралы ақпаратты қабылдап алуы және өңдеуі" (P.LS.03.OPR.047) операциясын орындау нәтижелері бойынша импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы тауарлардың әрқайсысы бойынша, оның ішінде экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы ұсынған сәйкестендіру құралдары қондырылған тауарлардың жеке-дара тұтынушылық қаптаманы иеленетін және (немесе ) топтық немесе көліктік қаптамасына енгізілген тауарлар бойынша мәліметтерді өңдеу нәтижесін қамтитын таңбаланған тауарларды сату туралы мәліметтердің күшін жою туралы ақпаратты өңдеу нәтижесі туралы мәліметтердің төмендегі түрлерін қамтитын ( бар болған жағдайда) хабарламаны қалыптастырады және оны экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді:

а) экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы ұсынған сәйкестендіру құралдары қондырылған таңбаланған тауарлардың (немесе олардың қаптамаларының) барлығы немесе бір бөлігі үшін импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде трансшекаралық сауда шеңберінде сатылған (сатуға арналған) тауар туралы экспорттаушы берген ақпараттың күші жойылуына байланысты белгіленетін "жай-күйі айқындалмады" мәніне сәйкес келетін мәртебелер белгілеу туралы, оның ішінде жеке-дара тұтынушылық қаптамасы бар тауарлар мәртебесін тиісті түрде белгілеу туралы және (немесе) экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы

ұсынған сәйкестендіру құралдары қондырылған тауарлардың топтық немесе көліктік қаптамасына енгізілген барлық немесе кейбір тауарлар үшін мәртебелерді тиісті түрде белгілеу туралы мәліметтер;

б) оларға (немесе олардың қаптамаларына) экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы ұсынған сәйкестендіру құралдары қондырылған барлық таңбаланған тауарлар немесе олардың бір бөлігі үшін импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде "тауар трансшекаралық сауда шеңберінде сатылды (сатуға арналды)" мәніне сәйкес келетін мәртебе белгілеудің мүмкін еместігі туралы, оның ішінде экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы ұсынған сәйкестендіру құралдары қондырылған тауарлардың жеке-дара тұтынушылық қаптамасы бар және (немесе) топтық немесе көліктік қаптамасына енгізілген тауарлардың барлығы немесе бір бөлігі үшін тиісті мәртебе белгілеудің мүмкін еместігі туралы мәліметтер, төмендегі шарттардың бірінің орындалуына байланысты:

егер импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы таңбаланған тауарларды сату туралы мәліметтердің күшін жою туралы ақпарат алған сәтте импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіндегі тауардың мәртебесі "тауар трансшекаралық сауда шеңберінде сатылды (сатуға арналды)" мәніне сәйкес келмеген жағдайда;

егер таңбаланған тауарларды сату туралы мәліметтердің күшін жою туралы ақпараттың құрамында көрсетілген таңбаланған тауарды экспорттаушы (сатушы) және импорттаушы (сатып алушы) туралы мәліметтер импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде сақталатын таңбаланған тауарды экспорттаушы (сатушы) және импорттаушы (сатып алушы) туралы мәліметтерге сәйкес келмеген жағдайда;

таңбаланған тауарларды сату туралы мәліметтердің күшін жою туралы ақпараттың құрамында көрсетілген сәйкестендіру құралы туралы мәліметтер импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінен табылмады.

65. Таңбаланған тауарларды сату туралы мәліметтердің күшін жою туралы ақпаратты өңдеу нәтижесі туралы хабарлама келіп түскен кезде экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы "Трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сату туралы мәліметтердің күшінің жойылғаны туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарламаны қабылдап алу" (P.LS.03.OPR.048) операциясын орындайды. Операцияны орындау нәтижесінде таңбаланған тауарлар, олардың мәртебесі, өңдеу нәтижелері туралы мәліметтер, оның ішінде жеке-дара тұтынушылық қаптаманы иеленетін тауарлар туралы мәліметтер, сондай-ақ импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы ұсынған тауарлардың топтық немесе көліктік қаптамаларына енгізілген тауарлар туралы мәліметтер

төмендегі қағидаларға сәйкес экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінің шеңберінде ескеріледі:

а) егер таңбаланған тауарларды сату туралы мәліметтердің күшін жою туралы ақпаратты өңдеу нәтижесі туралы хабарламаның құрамында ұсынылған тиісті таңбаланған тауарлар туралы мәліметтер бір мезгілде мынадай мәндерге сәйкес келсе:

таңбаланған тауарлар туралы алынған мәліметтер экспорттаушы ұсынған трансшекаралық сауда шеңберінде сатылған (сатуға арналған) тауар туралы ақпараттың күшінің жойылуына байланысты белгіленген тауарлардың "жай-күйі айқындалмады" мәніне сәйкес келетін мәртебесінің кодын қамтыса;

таңбаланған тауарлар туралы алынған мәліметтер "мәліметтер өңделді" мәніне сәйкес келетін мәліметтерді өңдеу нәтижесінің кодын қамтыса;

егер таңбаланған тауарларды сату туралы мәліметтердің күшін жою туралы ақпаратты өңдеу нәтижесі туралы хабарламаның құрамындағы таңбаланған тауарларды экспорттаушы (сатушы) және импорттаушы (сатып алушы) туралы мәліметтер импорттаушы ұсынған және экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде сақталатын таңбаланған тауарларды экспорттаушы (сатушы) және импорттаушы (сатып алушы) туралы мәліметтерге сәйкес келсе, экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде таңбаланған тауарлар үшін (оның ішінде жеке-дара тұтынушылық қаптаманы иеленетін немесе тауарлардың топтық немесе көліктік қаптамасына енгізілген тауарлар үшін) экспорттаушы ұсынған трансшекаралық сауда шеңберінде сатылған (сатуға арналған) тауар туралы ақпараттың күшінің жойылуына байланысты белгіленетін "тауар мүше мемлекетте айналымға енгізілді" мәніне сәйкес келетін мәртебе белгіленеді.

б) ол туралы алынған мәліметтер осы тармақтың "а" тармақшасында келтірілген шарттарға сәйкес келмейтін таңбаланған тауарлар үшін экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде тауарлардың айналымын одан әрі талдауды және бақылауды қамтамасыз ету мақсатында экспорттаушы ұсынған трансшекаралық сауда шеңберінде сатылған (сатуға арналған) тауар туралы ақпараттың күшінің жойылуына байланысты белгіленетін "тауар мүше мемлекетте айналымға енгізілді" мәніне сәйкес келетін мәртебе белгіленбейтіні қамтамасыз етіледі.

66. "Экспорттаушының (сатушының) трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сатуы туралы мәліметтердің күшін жою" (P.LS.03.PRC.014) рәсімін орындаудың нәтижесі мыналар болып табылады:

а) импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы ұсынған таңбаланған тауарларды сату туралы мәліметтердің күшін жою туралы ақпаратты, оның ішінде жеке-дара тұтынушылық қаптаманы иеленетін тауарларды сату

туралы мәліметтердің күшін жою туралы және (немесе) сәйкестендіру құралдары қондырылған тауарлардың топтық немесе көліктік қаптамасына енгізілген тауарлар туралы ақпаратты өңдеу және осындай мәліметтерді импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде есепке алу: таңбаланған тауарлар үшін трансшекаралық сауда шеңберінде сатылған (сатуға арналған) тауар туралы экспорттаушы ұсынған ақпараттың күшінің жойылуына байланысты белгіленетін "жай-күйі айқындалмады" мәніне сәйкес келетін мәртебе белгілеу және (немесе) осындай тауарлардың айналымын одан әрі талдау және бақылау мақсатында таңбаланған тауар үшін осындай мәртебенің белгіленбейтіні туралы ақпаратты есепке алу;

б) экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы ұсынған таңбаланған тауарларды сату туралы мәліметтердің күшін жою туралы ақпаратты өңдеу нәтижесі туралы және таңбаланған тауарлар, олардың мәртебесі мен өңдеу нәтижесі туралы, оның ішінде жеке-дара тұтушылық қаптамасы бар тауарлар туралы, сондай-ақ сәйкестендіру құралдары қондырылған тауарлардың топтық немесе көліктің қаптамасына енгізілген тауарлар туралы мәліметтерді қамтитын хабарламаны өңдеу және осындай мәліметтерді экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде есепке алу: таңбаланған тиісті тауарлар үшін трансшекаралық сауда шеңберінде сатылған (сатуға арналған) тауар туралы экспорттаушы ұсынған ақпараттың күшінің жойылуына байланысты белгіленетін "тауар мүше мемлекетте айналымға енгізілді" мәніне сәйкес келетін мәртебе белгілеу және (немесе) тиісті тауар үшін осындай тауарлардың айналымын одан әрі талдау және бақылау мақсатында мұндай мәртебенің белгіленбейтіні туралы ақпаратты есепке алу.

67. "Экспорттаушының (сатушының) трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сатуы туралы мәліметтердің күшін жою" (P.LS.03.PRC.014) рәсімінің шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 25-кестеде келтірілген.

25-кесте

**"Экспорттаушының (сатушының) трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сатуы туралы мәліметтердің күшін жою" (P.LS.03.PRC.014) рәсімінің шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі**

Кодтық белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
	трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сату	

P.LS.03.OPR.046	туралы мәліметтердің күшін жою туралы ақпаратты жіберу	осы Қағидалардың 26-кестесінде келтірілген
P.LS.03.OPR.047	импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органының трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сату туралы мәліметтердің күшінің жойылғаны туралы ақпаратты қабылдап алуы және өңдеуі	осы Қағидалардың 27-кестесінде келтірілген
P.LS.03.OPR.048	трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сату туралы мәліметтердің күшінің жойылғаны туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарламаны қабылдап алу	осы Қағидалардың 28-кестесінде келтірілген

## 26-кесте

### **"Трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сату туралы мәліметтердің күшінің жойылғаны туралы ақпарат жіберу" (P.LS.03.OPR.046) операциясының сипаттамасы**

Р/с №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.LS.03.OPR.046
2	Операцияның атауы	трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сату туралы мәліметтердің күшінің жойылғаны туралы ақпарат жіберу
3	Орындаушы	экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	егер мұндай мәліметтерді "Экспорттаушының (сатушының) трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сатуы туралы хабардар ету" (P.LS.03.PRC.013) рәсімінің шеңберінде экспорттаушы бұған дейін берілген болса, трансшекаралық сауда шеңберінде сатылған тауарларға қондырылған және (немесе) тауарлардың жеке-дара тұтынушылық қаптамасына, тауарлардың топтық немесе көліктік қаптамаларына қондырылған сәйкестендіру құралдары туралы бұған дейін ол берген мәліметтердің күшін жою қажеттігі туралы ақпарат



		экспорттаушыдан алынған кезде орындаушы орындайды және мынадай шарттар сақталған жағдайда орындалады: осындай таңбаланған тауарлардың экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіндегі ағымдағы мәртебесі "31" – "тауар трансшекаралық сауда шеңберінде сатылды (сатуға арналды)" мәніне сәйкес келеді
5	Шектеулер	мәліметтердің мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарды сату туралы мәліметтердің күшін жою туралы ақпаратты қалыптастырады және оны импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді
7	Нәтижелер	трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарды сату туралы мәліметтердің күшін жою туралы ақпарат импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органына жіберілді

27-кесте

**"Импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органының трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сату туралы мәліметтердің күшінің жойылғаны туралы ақпаратты қабылдап алуы және өңдеуі" (P.LS.03.OPR.047) операциясының сипаттамасы**

P/c №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.LS.03.OPR.047
2	Операцияның атауы	импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органының трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сату

		туралы мәліметтердің күшінің жойылғаны туралы ақпаратты қабылдап алуы және өңдеуі
3	Орындаушы	импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарды сату туралы мәліметтердің күшін жою туралы ақпарат келіп түскен кезде орындалады ("Трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сату туралы мәліметтердің күшінің жойылғаны туралы ақпарат жіберу" (P.LS.03. OPR.046) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын ақпараттың форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарына сәйкес келуге тиіс. Авторлау талап етіледі, мәліметтерді жалпы процеске қатысушылар болып табылатын мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары ғана береді. Хабардың және электрондық құжаттың деректемелері Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде көзделген талаптарға сәйкес болуға тиіс
		орындаушы Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес алынған ақпаратты өңдеуді орындайды. Орындаушы осы Қағидалардың 64 -тармағына және Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес таңбаланған тауарды сату туралы мәліметтердің күшін жою туралы ақпаратты өңдеу нәтижесі туралы хабарламаны қалыптастырады және жібереді. Көрсетілген хабарламаны қалыптастыру кезінде, егер сәйкестендіру құралдары туралы көрсетілген мәліметтер импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің

6	Операцияның сипаттамасы	<p>тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде бар болса, трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарды сату туралы мәліметтердің күшін жою туралы алынған ақпараттың құрамында көрсетілген сәйкестендіру құралдарының әрқайсысына сәйкес тауарлар, олардың мәртебелері мен өңдеу нәтижелері туралы мәліметтер беріледі. Бұл ретте, егер трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сату туралы алынған мәліметтердің құрамында топтық немесе көліктік қаптамаға қондырылған сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтер енгізілсе және егер көрсетілген сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтер импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде бар болса, онда трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарды сату туралы мәліметтердің күшін жою туралы алынған ақпараттың құрамында көрсетілген сәйкестендіру құралдары қондырылған қаптамалардың агрегация деңгейлеріне қарамастан, тауарлардың топтық немесе көліктік қаптамасына енгізілген барлық тауарлар, олардың мәртебелері мен өңделу нәтижелері туралы мәліметтер беріледі</p>
7	Нәтижелер	<p>трансшекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарды сату туралы мәліметтердің күшін жою туралы өңделді; таңбаланған тауарларды сату туралы мәліметтердің күшін жою туралы ақпаратты өңдеу нәтижесі туралы хабарлама экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органына жіберілді</p>

**"Траншекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сату туралы мәліметтердің күшінің жойылғаны туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарламаны қабылдап алу" (P.LS.03.OPR.048) операциясының сипаттамасы**


P/c №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.LS.03.OPR.048
2	Операцияның атауы	траншекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сату туралы мәліметтердің күшінің жойылғаны туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарламаны қабылдап алу
3	Орындаушы	экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	орындаушы таңбаланған тауарларды сату туралы мәліметтердің күшін жою туралы ақпаратты өңдеу нәтижесі туралы хабарламаны алған кезде орындалады ("Импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органының траншекаралық сауда шеңберінде таңбаланған тауарларды сату туралы мәліметтердің күшінің жойылғаны туралы ақпаратты қабылдап алуы және өңдеуі" (P.LS.03.OPR.047) операциясы)
5	Шектеулер	хабарламаның форматы және құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтарына және құрылымдарына сәйкес келуге тиіс. Авторлау талап етіледі, мәліметтерді жалпы процеске қатысушылар болып табылатын мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары ғана береді. Хабардың және электрондық құжаттың деректемелері Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде көзделген талаптарға сәйкес болуға тиіс
		орындаушы Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес

6	Операцияның сипаттамасы	таңбаланған тауарларды сату туралы мәліметтердің күшін жою туралы ақпаратты өңдеу нәтижесі туралы алынған хабарламаны өңдеуді орындайды. Орындаушы өңдеу нәтижелері бойынша осы Қағидалардың 65-тармағына сәйкес таңбаланған тауарларды сату туралы мәліметтердің күшін жою туралы ақпаратты өңдеу нәтижесі туралы хабарламаның құрамында көрсетілген тауардың мәртебесін және оны өңдеу нәтижесін ескере отырып, экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компоненті шеңберінде таңбаланған тауарларды сату туралы мәліметтердің күшін жою туралы ақпаратты ескереді
7	Нәтижелер	таңбаланған тауарларды сату туралы мәліметтердің күшін жою туралы ақпаратты өңдеу нәтижесі туралы хабарлама өңделді

## 2. Тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компоненттерінде тауарлар туралы мәліметтерді үндестіру рәсімдері

**"Басқа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізілген тауар туралы мәліметтер беру" (P.LS.03.PRC.015) рәсімі**

68. "Басқа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізілген тауар туралы мәліметтер беру" (P.LS.03.PRC.015) рәсімін орындау схемасы 12-суретте көрсетілген.



12-сурет. "Басқа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізілген тауар туралы мәліметтер беру" (P.LS.03.PRC.015) рәсімін орындау схемасы

69. "Басқа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізілген тауар туралы мәліметтер беру" (P.LS.03.PRC.015) рәсімін экспорттаушыдан Одақ құқығына және ұлттық заңнамаға сәйкес таңбалануы импорттаушы тіркелген мүше мемлекетте жүзеге асырылатын және сатылуын трансшекаралық сауда шеңберінде жүзеге асыру жоспарланатын, ол туралы мәліметтер бұған дейін импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізілмеген тауар туралы мәліметтер экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне келіп түскен кезде экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы орындайды.

70. Осы Қағидалардың 69-тармағында айқындалған шарттар сақталған жағдайда "Тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізілген тауар туралы мәліметтер беру" (P.LS.03.OPR.049) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы тауарды импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізу үшін жібереді.

71. Импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізуге арналған тауар туралы мәліметтерді алған кезде "Тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізілген тауар туралы мәліметтерді қабылдап алу және өңдеу" (P.LS.03.OPR.050) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы алынған мәліметтерді қабылдауды және өңдеуді жүзеге асырады, тауар туралы алынған мәліметтерді импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізеді, импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізуге арналған тауар туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарламаны қалыптастырады және оны экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді.

72. Импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізуге арналған тауар туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарлама экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органына келіп түскен кезде "Тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізілген тауар туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарламаны қабылдап алу" (P.LS.03.OPR.051) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы алынған мәліметтерді қабылдауды және өңдеуді жүзеге асырады.

73. Экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіндегі және импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіндегі тауар туралы мәліметтерді үндестіру "Басқа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізілген тауар туралы мәліметтер беру" (P.LS.03.PRC.015) рәсімін орындау нәтижесі болып табылады.

74. "Басқа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізілген тауар туралы мәліметтер беру" (P.LS.03.PRC.015) рәсімінің шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 29-кестеде келтірілген.

29-кесте

**"Басқа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізілген тауар туралы мәліметтер беру" (P.LS.03.PRC.015) рәсімінің шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі**

Кодтық белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3

P.LS.03.OPR.049	тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізілген тауар туралы мәліметтер беру	осы Қағидалардың 30-кестесінде келтірілген
P.LS.03.OPR.050	тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізілген тауар туралы мәліметтерді қабылдап алу және өңдеу	осы Қағидалардың 31-кестесінде келтірілген
P.LS.03.OPR.051	тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізілген тауар туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарламаны қабылдап алу	осы Қағидалардың 32-кестесінде келтірілген

30-кесте

**"Тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізілген тауар туралы мәліметтер беру" (P.LS.03.OPR.049) операциясының сипаттамасы**

Р/с №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.LS.03.OPR.049
2	Операцияның атауы	тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізілген тауар туралы мәліметтер беру
3	Орындаушы	экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	экспорттаушыдан Одақ құқығына және ұлттық заңнамаға сәйкес таңбалануы импорттаушы тіркелген мүше мемлекетте жүзеге асырылатын және сатылуын трансшекаралық сауда шеңберінде жүзеге асыру жоспарланатын, ол туралы мәліметтер бұған дейін импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізілмеген тауар туралы мәліметтер экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне келіп түскен кезде орындаушы орындайды
		мәліметтердің мен құрылымы Электрондық құжаттардың және



5	Шектеулер	мәліметтердің форматтары мен құрылымдарына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізуге арналған тауар туралы мәліметтерді қалыптастырады және оны импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді
7	Нәтижелер	импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізуге арналған тауар туралы мәліметтер импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органына жіберілді

31-кесте

**"Тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізілген тауар туралы мәліметтерді қабылдап алу және өңдеу" (P.LS.03.OPR.050) операциясының сипаттамасы**

P/c №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.LS.03.OPR.050
2	Операцияның атауы	тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізілген тауар туралы мәліметтерді қабылдап алу және өңдеу
3	Орындаушы	импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	орындаушы импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізуге арналған тауар туралы мәліметтерді алған кезде орындалады ("Тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізілген

		тауар туралы мәліметтер беру" ( P.LS.03.OPR.049) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы және құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтарына және құрылымдарына сәйкес келуге тиіс. Авторлау талап етіледі, мәліметтерді жалпы процеске қатысушылар болып табылатын мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары ғана береді. Хабардың және электрондық құжаттың деректемелері Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде көзделген талаптарға сәйкес болуға тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізуге арналған тауар туралы алынған мәліметтерді өңдеуді орындайды. Орындаушы өңдеу нәтижелері бойынша тауар туралы алынған мәліметтерді импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізеді, импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізуге арналған тауар туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарламаны қалыптастырады және оны экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді
7	Нәтижелер	тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізуге арналған тауар туралы мәліметтер өңделді; импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне

енгізуге арналған тауар туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарлама экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органына жіберілді

32-кесте


**"Тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізілген тауар туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарламаны қабылдап алу" (P.LS.03.OPR.051) операциясының сипаттамасы**

P/c №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.LS.03.OPR.051
2	Операцияның атауы	тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізілген тауар туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарламаны қабылдап алу
3	Орындаушы	экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізуге арналған тауар туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарламаны орындаушы алған кезде орындалады ("Тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізілген тауар туралы мәліметтерді қабылдап алу және өңдеу" (P.LS.03.OPR.050) операциясы)
5	Шектеулер	хабарламаның форматы және құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтарына және құрылымдарына сәйкес келуге тиіс. Авторлау талап етіледі, мәліметтерді мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары ғана береді. Хабардың және электрондық құжаттың деректемелері Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл

		регламентінде көзделген талаптарға сәйкес болуға тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізуге арналған тауар туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарламаны қабылдауды орындайды
7	Нәтижелер	импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізуге арналған тауар туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарлама алынды

**"Тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізілген тауар туралы өзгертілген мәліметтер беру" (P.LS.03.PRC.016) рәсімі**

**75. "Тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізілген тауар туралы өзгертілген мәліметтер беру" (P.LS.03.PRC.016) рәсімін орындау схемасы 13-суретте көрсетілген**



13-сурет. "Тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізілген тауар туралы өзгертілген мәліметтер беру" (P.LS.03.PRC.016) рәсімін орындау схемасы

76. "Тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізілген тауар туралы өзгертілген мәліметтер беру" (P.LS.03.PRC.016) рәсімін экспорттаушыдан Одақ құқығына және ұлттық заңнамаға сәйкес таңбалануы импорттаушы тіркелген мүше мемлекетте жүзеге асырылатын және ол туралы мәліметтер бұған дейін импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізілмеген тауар туралы өзгертілген мәліметтер экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне келіп түскен кезде экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы орындайды.

77. Осы Қағидалардың 76-тармағында айқындалған шарттар сақталған жағдайда "Тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізілген тауар туралы өзгертілген мәліметтер беру" (P.LS.03.OPR.052) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы тауар туралы өзгертілген мәліметтерді импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізу үшін жібереді.

78. Импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізуге арналған тауар туралы мәліметтерді алған кезде "Тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізілген тауар туралы өзгертілген мәліметтерді қабылдап алу және өңдеу" (P.LS.03.OPR.053) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы тауар туралы өзгертілген мәліметтерді қабылдауды және өңдеуді жүзеге асырады, импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізуге арналған тауар туралы өзгертілген мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарламаны қалыптастырады және оны экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді.

79. Экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органына импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізуге арналған тауар туралы өзгертілген мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарлама келіп түскен кезде "Тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізілген тауар туралы өзгертілген мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарламаны қабылдап алу" (P.LS.03.OPR.054) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы алынған мәліметтерді қабылдауды және өңдеуді жүзеге асырады.

80. Экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіндегі және импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіндегі тауар туралы өзгертілген мәліметтерді үндестіру "Тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізілген тауар туралы өзгертілген мәліметтер беру" (P.LS.03.PRC.016) рәсімін орындау нәтижесі болып табылады.

81. "Басқа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізілген тауар туралы өзгертілген мәліметтер беру" (P.LS.03.PRC.016) рәсімінің шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 33-кестеде келтірілген.

33-кесте

**"Тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізілген тауар туралы өзгертілген мәліметтер беру" (P.LS.03.PRC.016) рәсімінің шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі**

Кодтық белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
	тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне	

P.LS.03.OPR.052	енгізілген тауар туралы өзгертілген мәліметтер беру	осы Қағидалардың 34-кестесінде келтірілген
P.LS.03.OPR.053	тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізілген тауар туралы өзгертілген мәліметтерді қабылдап алу және өңдеу	осы Қағидалардың 35-кестесінде келтірілген
P.LS.03.OPR.054	тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізілген тауар туралы өзгертілген мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарламаны қабылдап алу	осы Қағидалардың 36-кестесінде келтірілген

### 34-кесте

## "Тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізілген тауар туралы өзгертілген мәліметтер беру" (P.LS.03.OPR.052) операциясының сипаттамасы

P/c №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.LS.03.OPR.052
2	Операцияның атауы	тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізілген тауар туралы өзгертілген мәліметтер беру
3	Орындаушы	экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	экспорттаушыдан Одақ құқығына және ұлттық заңнамаға сәйкес таңбалануы импорттаушы тіркелген мүше мемлекетте жүзеге асырылатын және ол туралы мәліметтер бұған дейін импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізілген тауар туралы өзгертілген мәліметтер экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне келіп түскен кезде орындаушы орындайды
5	Шектеулер	мәліметтердің мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарына сәйкес келуге тиіс

6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізуге арналған тауар туралы өзгертілген мәліметтер қалыптастырады және оларды импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді
7	Нәтижелер	импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізуге арналған тауар туралы өзгертілген мәліметтер импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органына жіберілді

35-кесте

**"Тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізілген тауар туралы өзгертілген мәліметтерді қабылдап алу және өңдеу" (P.LS.03.OPR.053) операциясының сипаттамасы**

P/c №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.LS.03.OPR.053
2	Операцияның атауы	тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізілген тауар туралы өзгертілген мәліметтерді қабылдап алу және өңдеу
3	Орындаушы	импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	орындаушы импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізуге арналған тауар туралы өзгертілген мәліметтер алған кезде орындалады ("Тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізілген тауар туралы өзгертілген мәліметтер беру" (P.LS.03.OPR.052) операциясы)



5	Шектеулер	<p>ұсынылатын мәліметтердің форматы және құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтарына және құрылымдарына сәйкес келуге тиіс.</p> <p>Авторлау талап етіледі, мәліметтерді жалпы процеске қатысушылар болып табылатын мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары ғана береді. Хабардың және электрондық құжаттың деректемелері Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде көзделген талаптарға сәйкес болуға тиіс</p>
6	Операцияның сипаттамасы	<p>орындаушы Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізуге арналған тауар туралы өзгертілген мәліметтерді өңдеуді орындайды. Орындаушы өңдеу нәтижелері бойынша тауар туралы өзгертілген мәліметтерді импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізеді, импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізуге арналған тауар туралы өзгертілген мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарламаны қалыптастырады және оны экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді</p>
7	Нәтижелер	<p>импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізуге арналған тауар туралы өзгертілген мәліметтер өңделді; импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне</p>

	енгізуге арналған тауар туралы өзгертілген мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарлама экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органына жіберілді
--	--

36-кесте

**"Тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізілген тауар туралы өзгертілген мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарламаны қабылдап алу" (P.LS.03.OPR.054) операциясының сипаттамасы**


Р/с №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.LS.03.OPR.054
2	Операцияның атауы	тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізілген тауар туралы өзгертілген мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарламаны қабылдап алу
3	Орындаушы	экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізуге арналған тауар туралы өзгертілген мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарламаны орындаушы алған кезде орындалады ("Тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізілген тауар туралы өзгертілген мәліметтерді қабылдап алу және өңдеу" (P.LS.03.OPR.053) операциясы)
5	Шектеулер	хабарламаның форматы және құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтарына және құрылымдарына сәйкес келуге тиіс. Авторлау талап етіледі, мәліметтерді жалпы процеске қатысушылар болып табылатын мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары ғана береді. Хабардың және электрондық құжаттың деректемелері Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының арасындағы

		ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде көзделген талаптарға сәйкес болуға тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізуге арналған тауар туралы өзгертілген мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарламаны қабылдауды орындайды
7	Нәтижелер	импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне енгізуге арналған тауар туралы өзгертілген мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарлама алынды

### **3. Тауарлардың айналымына қатысушыларға таңбалау кодтарын беру рәсімі**

#### **"Таңбалау кодтарына тапсырыс беру және генерацияланған таңбалау кодтары туралы мәліметтер алу үшін мәліметтер беру" (P.LS.03.PRC.017) рәсімі**

82. "Таңбалау кодтарына тапсырыс беру және генерацияланған таңбалау кодтары туралы мәліметтер алу үшін мәліметтер беру" (P.LS.03.PRC.017) рәсімін орындау схемасы 14-суретте көрсетілген.



14-сурет. "Таңбалау кодтарына тапсырыс беру және генерацияланған таңбалау кодтары туралы мәліметтер алу үшін мәліметтер беру" (P.LS.03.PRC.017) рәсімін орындау схемасы

83. "Таңбалау кодтарына тапсырыс беру және генерацияланған таңбалау кодтары туралы мәліметтер алу үшін мәліметтер беру" (P.LS.03.PRC.017) рәсімі шаруашылық жүргізуші субъектіде таңбалау кодын қалыптастыру үшін қажетті барлық мәліметтер болмаған жағдайда, сатылуы трансшекаралық сауда шеңберінде жүзеге асыру жоспарланатын және таңбалануы мүше мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын тауарлар үшін таңбалау кодтарын пайдалану арқылы сәйкестендіру құралдарын қалыптастыру мақсатында шаруашылық жүргізуші субъектіден

импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне таңбалау кодтарын генерациялауға сұрау салу келіп түскен жағдайда орындалуы мүмкін.

84. Осы Қағидалардың 83-тармағында айқындалған шарттар сақталған жағдайда "Шаруашылық жүргізуші субъектінің сұрау салуы бойынша таңбалау кодтарын генерациялауға тапсырыс беру үшін мәліметтер беру" операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы шаруашылық жүргізуші субъекіден алынған және тауарлар туралы мәліметтерді, сондай-ақ генерациялау қажет болатын таңбалау кодтарының талап етілетін саны туралы мәліметтерді қамтитын таңбалау кодтарын генерациялауға арналған мәліметтерді қалыптастырады және оларды импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді.

85. Импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы таңбалау кодтарын генерациялауға арналған мәліметтерді алған кезде "Таңбалау кодтарын генерациялауға тапсырыс беруге арналған мәліметтерді қабылдап алу және өңдеу" (P.LS.03.OPR.056) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы таңбалау кодтарын генерациялау үшін алынған мәліметтерді қабылдайды және өңдейді және алынған сұрау салуға сәйкес таңбалау кодтарын генерациялау мүмкіндігі туралы шешім қабылдайды.

86. Егер "Таңбалау кодтарын генерациялауға тапсырыс беруге арналған мәліметтерді қабылдап алу және өңдеу" (P.LS.03.OPR.056) операциясын орындау нәтижелері бойынша импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы алынған сұрау салуға сәйкес таңбалау кодтарын генерациялау мүмкіндігі туралы шешім қабылдаған жағдайда, "Таңбалау кодтарын генерациялау, олар туралы ақпарат қалыптастыру және жіберу" (P.LS.03.OPR.057) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы генерацияланған таңбалау кодтары туралы мәліметтерді қалыптастырады және генерацияланған таңбалау кодтары туралы мәліметтерді экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді. Егер "Таңбалау кодтарын генерациялауға тапсырыс беруге арналған мәліметтерді қабылдап алу және өңдеу" (P.LS.03.OPR.056) операциясын орындау нәтижелері бойынша импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы алынған сұрау салуға сәйкес таңбалау кодтарын генерациялаудан бас тарту туралы шешім қабылдаса, "Таңбалау кодтарын генерациялаудан бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру және ұсыну" (P.LS.03.OPR.059) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы таңбалау кодтарын генерациялаудан бас тарту туралы хабарламаны қалыптастырады және оны экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді.

87. Экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы генерацияланған таңбалау кодтары туралы мәліметтерді алған жағдайда "Генерацияланған таңбалау кодтары туралы мәліметтерді қабылдап алу" (P.LS.03.OPR.058) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы генерацияланған таңбалау кодтары туралы алынған мәліметтерді қабылдауды және өңдеуді жүзеге асырады. Экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы таңбалау кодтарын генерациялаудан бас тарту туралы хабарлама алған жағдайда "Таңбалау кодтарын генерациялауға тапсырыс беруге арналған мәліметтерді қабылдап алу және өңдеу" (P.LS.03.OPR.056) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы таңбалау кодтарын генерациялаудан бас тарту туралы алынған хабарламаны қабылдауды және өңдеуді жүзеге асырады.

88. Экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органының генерацияланған таңбалау кодтары туралы мәліметтерді немесе таңбалау кодтарын генерациялаудан бас тарту туралы хабарламаны алуы "Таңбалау кодтарына тапсырыс беру және генерацияланған таңбалау кодтары туралы мәліметтер алу үшін мәліметтер беру" (P.LS.03.PRC.017) рәсімін орындау нәтижесі болып табылады.

89. "Таңбалау кодтарына тапсырыс беру және генерацияланған таңбалау кодтары туралы мәліметтер алу үшін мәліметтер беру" (P.LS.03.PRC.017) рәсімінің шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 37-кестеде келтірілген.

37-кесте

**"Таңбалау кодтарына тапсырыс беру және генерацияланған таңбалау кодтары туралы мәліметтер алу үшін мәліметтер беру" (P.LS.03.PRC.017) рәсімінің шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі**

Кодтық белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.LS.03.OPR.055	шаруашылық жүргізуші субъектінің сұрау салуы бойынша таңбалау кодтарын генерациялауға тапсырыс беру үшін мәліметтер беру	осы Қағидалардың 38-кестесінде келтірілген
P.LS.03.OPR.056	таңбалау кодтарын генерациялауға тапсырыс беруге арналған мәліметтерді қабылдап алу және өңдеу	осы Қағидалардың 39-кестесінде келтірілген
P.LS.03.OPR.057	таңбалау кодтарын генерациялау, олар туралы ақпарат қалыптастыру және жіберу	осы Қағидалардың 40-кестесінде келтірілген

P.LS.03.OPR.058	генерацияланған таңбалау кодтары туралы мәліметтерді қабылдап алу	осы Қағидалардың 41-кестесінде келтірілген
P.LS.03.OPR.059	таңбалау кодтарын генерациялаудан бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру және ұсыну	осы Қағидалардың 42-кестесінде келтірілген
P.LS.03.OPR.060	таңбалау кодтарын генерациялаудан бас тарту туралы хабарламаны қабылдап алу және өңдеу	осы Қағидалардың 43-кестесінде келтірілген

38-кесте

**"Шаруашылық жүргізуші субъектінің сұрау салуы бойынша таңбалау кодтарын генерациялауға тапсырыс беру үшін мәліметтер беру" (P.LS.03.OPR.055) операциясының сипаттамасы**

Р/с №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.LS.03.OPR.055
2	Операцияның атауы	шаруашылық жүргізуші субъектінің сұрау салуы бойынша таңбалау кодтарын генерациялауға тапсырыс беру үшін мәліметтер беру
3	Орындаушы	экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	шаруашылық жүргізуші субъектінде таңбалау кодын қалыптастыру үшін қажетті барлық мәліметтер болмаған жағдайда, сатылуы трансшекаралық сауда шеңберінде жүзеге асыру жоспарланатын және таңбалануы мүше мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын тауарлар үшін таңбалау кодтарын пайдалану арқылы сәйкестендіру құралдарын қалыптастыру мақсатында шаруашылық жүргізуші субъектіден импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне таңбалау кодтарын генерациялауға сұрау салу келіп түскен жағдайда орындалады

5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы және құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтарына және құрылымдарына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес шаруашылық жүргізуші субъектіден алынған және тауарлар туралы мәліметтерді, сондай-ақ генерациялау қажет болатын таңбалау кодтарының талап етілетін саны туралы мәліметтерді қамтитын таңбалау кодтарын генерациялауға арналған мәліметтерді қалыптастырады және оларды импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді
7	Нәтижелер	таңбалау кодтарын генерациялауға арналған мәліметтер импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органына жіберілді

39-кесте

**"Таңбалау кодтарын генерациялауға тапсырыс беруге арналған мәліметтерді қабылдап алу және өңдеу" (P.LS.03.OPR.056) операциясының сипаттамасы**

P/c №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.LS.03.OPR.056
2	Операцияның атауы	таңбалау кодтарын генерациялауға тапсырыс беруге арналған мәліметтерді қабылдап алу және өңдеу
3	Орындаушы	импорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы
